

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы, 17-18 қазан 2025 жыл

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



«Q» UNIVERSITY», «Қазақ психологиялық қоғамы» РҚБ, Азиялық психотерапия федерациясы, Бүкілресейлік кәсіби психотерапевтік лига, Халықаралық ғылыми психотерапия академиясы, Халықаралық әлеуметтік психотерапия, кеңес беру және психотехнологиялар қауымдастығы, Әлеуметтік психотерапия және кеңес беру халықаралық институты

"Q" UNIVERSITY", ROO «Kazakh Psychological Society», Asian Federation of Psychotherapy, All-Russian Professional Psychotherapeutic League, International Academy of Scientific Psychotherapy, International Association of Social Psychotherapy, Counseling and Psychotechnologies, International Institute of Social Psychotherapy and Counseling

**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ПСИХОТЕРАПИЯ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
КЕҢЕС БЕРУ» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік
конференциясының материалдар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
материалов международной научно-методической конференции
«ПСИХОТЕРАПИЯ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ В
ЭПОХУ НОВЕЙШЕГО ВРЕМЕНИ»**

**COLLECTION
of materials from the international scientific and methodological conference of the
international scientific and methodological conference «PSYCHOTHERAPY AND
PSYCHOLOGICAL COUNSELING IN THE MODERN ERA»**

II том

**17-18 қазан, 2025 ж.
Алматы - Almaty**

УДК 742
ББК 6/9.
Р88

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Еркінбекова М.А. - психология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Q University», психология және журналистика академиялық мектебінің басшысы

Перленбетов М.А., психология ғылымдарының докторы, профессор

Ахметова М.К., психология ғылымдарының докторы, профессор

Уакпаева У.А. - психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Көмекбаева Л.К. - психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Федорович О.В. - психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жауапты редактор:

Бектурсын М. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы

ISSN 2226-1052

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ПСИХОТЕРАПИЯ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар ЖИНАҒЫ/СБОРНИК материалов международной научно-методической конференции «ПСИХОТЕРАПИЯ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ В ЭПОХУ НОВЕЙШЕГО ВРЕМЕНИ»/COLLECTION of materials from the international scientific and methodological conference of the international scientific and methodological conference «PSYCHOTHERAPY AND PSYCHOLOGICAL COUNSELING IN THE MODERN ERA», - Алматы - Almaty 17-18.10.2025 ж./г./у. – 119 бб./стр./р. II-том.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ	
4-секция: Психология және білім беру	
Алғысөз	5
Умиралиева Г.Д. - ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛЫ – МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР	6
Сыздықбаева Г.С. - ТҮЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ДАМУ	9
Кенжебаева Т.Ш. - ЖАСӨСПІРІМДЕР ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ: БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ ҮЛГІСІ	13
Токтогулова А.С. - МАТЕМАТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ — ЭТО ОСНОВА РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ	16
Нұрғали Ы.А. - ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ (ЖИ) ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ	19
Алтинбаев Б.П. - ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕГЕ ӘСЕРІ	22
Өскенбаева Л.А. - МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ТАРИХИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ	26
Таңатарова А.А. - МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР	29
Орынбек У.С. - МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	33
Кенжебаева С.Д. - МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ-СЕЗІМДІК САЛАСЫН ДАМУ ТӘСІЛДЕР	36
Есіркеп Ш.Е. - МАТЕМАТИКА ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМУ	41
Қанафия Э.А. - ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ПЕДАГОГ-МОДЕРАТОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ	45
Естаева С.Т. - ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛЫ – МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР	48
Мұсабекова М.Б. - ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛЫ – МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР	51
Халилова Л.В. - АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖИ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ МОРальДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ	54
Момбаева М.О. - ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛЫ – МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР	59
Шанбаева М. - МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЛАУДЫҢ ЛОГИКА-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	62
Кенжегулова Л.С. - МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫ	65
Абумансур Қ.Е. - ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕМЕНІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	68
Шаймерден Н.М. - МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ	72
Абай Н.Д. - ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ	75
Альпенцова Д.Ш. - ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ	80
Садыкова М.Ж. - ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ	83
Саттеркулова Г.Р. - ӘДЕБИЕТ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘНЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ	88
Түлебаев Т.Д. - ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН МАТЕМАТИКАДА ПАЙДАЛАНУ	92
Тасымова А.Ж. - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫ ҰЙЛЕСТІРУ	96

Бейбітова Р.А. - ПРЕПОДАВАНИЕ ИСТОРИИ С УЧЁТОМ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ	98
Эркинбекова Ш.А. - ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ТАРТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	100
Тұрдығұллы М. - ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ БАСҚАРУ ФОРМАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	103
Эркинбекова С.А. - ОҚУ ПРОЦЕСІН ТИІМДІ БАСҚАРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ	105
Эркинбекова Ш.А. - ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРДІҢ ОҚУШЫ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ	106
Құрманова А.М. - ЗАМАНАУИ МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: БАСҚАРУ, КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ МОТИВАЦИЯ ҮЙЛЕСІМІ	109
Жанабилова А.А. - МЕКТЕП ҰЖЫМЫНДАҒЫ КӘСІБИ ӨЗАРА ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОУЧИНГ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	111
Нәбиева Г.К. - БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ РӨЛІ	113
Ускембаева К.Ж. - СТУДЕНТТЕРГЕ ТІГІН ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ КИІМДІ МОДЕЛЬДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ	115
Танабекова Н.А. - ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҒА ӘСЕРІ	119
Юлдашева А.И. - ОРТА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ДАМУЫ	122
Юлдашева А.И. - ДУАЛЫ ОҚЫТУ: ДЕНСАУЛЫҒЫНДА ШЕКТЕУІ БАР БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАМУ	125
Тилеулесова Л.А. - АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	128
Сәрсембаева Н.Ә. - МҰҒАЛІМ ТҮЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫ	133
Оңласынова Н.С. - ТИІМДІ БАСҚАРУ ДАҒДЫЛАРЫ – НӘТИЖЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ БЕЛСЕНДІ ҚҰРАЛЫ	137
Нуршанова И.С. - ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛІ	141
Момынжанова Ж.А. - САПАЛЫ ОҚУЛЫҚТАР – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	144
Жанысбаева М.О. - ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ	147
Абенова М.С. - БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ	150
Айылшаева Ш.С. - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	154
Тойшыбекова Ж.А. - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ	157
Аденова Б.А. - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУ	160
Тыныстановна А.А. - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛДЕРІ	163
Ережепбаева Р.Д. - ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ	167
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ ПРОГРАММА ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ PROGRAM OF THE PLENARY SESSION	172

IV-СЕКЦИЯ: ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

Алғысөз

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Бұл өзгерістердің өзегінде адамның тұлғалық, рухани және психологиялық дамуы тұр. Сондықтан білім беру мен психологияның өзара байланысы — педагогикалық тәжірибенің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Аталған секцияда білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіру, оқу мотивациясын арттыру, эмоционалдық интеллектіні дамыту, кәсіби бағдар беру, тұлғалық даму және педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық негіздері сияқты маңызды мәселелер қарастырылады.

Секция қатысушылары білім беру кеңістігіндегі заманауи психологиялық зерттеулердің нәтижелерін талқылап, инновациялық әдістер мен тәжірибелер алмасады. Біздің басты мақсатымыз — **адамның ішкі әлеуетін ашуға бағытталған ізгі, тұлғалық бағдарлы және психологиялық тұрғыдан қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.**

IV-СЕКЦИЯ: ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАНИЕ

Предисловие

Современная система образования переживает этап глубоких трансформаций, в центре которых стоит личность обучающегося, его духовное и психологическое развитие. Именно поэтому взаимосвязь психологии и образования становится приоритетным направлением современной педагогической науки и практики.

В рамках данной секции рассматриваются актуальные вопросы совершенствования образовательного процесса с учетом психологических особенностей учащихся, формирования учебной мотивации, развития эмоционального интеллекта, профессионального самоопределения, личностного роста и педагогического взаимодействия.

Участники секции делятся результатами научных исследований, передовым педагогическим опытом и практическими инструментами психологической поддержки личности в образовательной среде. Главная цель секции — **создание гуманистического и психологически комфортного пространства, способствующего раскрытию внутреннего потенциала личности и повышению качества образования.**

IV SECTION: PSYCHOLOGY AND EDUCATION

Foreword

The modern education system is undergoing a period of rapid transformation, where the focus is shifting toward the learner's personal, spiritual, and psychological development. The interconnection between psychology and education has become one of the most essential directions in contemporary pedagogical theory and practice.

This section explores current issues related to improving the educational process through consideration of students' psychological characteristics, enhancing learning motivation, developing emotional intelligence, promoting professional orientation, and supporting personal growth.

The main goal of the section is to **create a humanistic and psychologically supportive educational environment that fosters personal development, emotional well-being, and the effective exchange of innovative pedagogical and psychological practices.**

ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛЫ – МЕКТЕПТЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Умиралиева Гульмира Дуйсембековна,

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Gulmiraumiralieva77@mail.ru

Түйін. Бұл мақалада мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің маңызы, мазмұны мен әдістері қарастырылады. Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі – рухани бай, мәдениетті, мейірімді, жауапкершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбие – жеке тұлғаның мінез-құлқын, көзқарасын, өмірге деген ұстанымын қалыптастыратын ең маңызды бағыттардың бірі. Мектеп – осы тәрбие жүйесінің өзегі. Сондықтан оқушының бойында ізгілік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді дамытуда мұғалімнің рөлі ерекше.

Түйін сөздер: адамгершілік тәрбие, рухани құндылық, ізгілік, тұлға, мектеп, мұғалім, қарым-қатынас.

Кіріспе. Қазіргі қоғамдағы қарқынды өзгерістер білім беру жүйесінен тек сапалы білім беруді ғана емес, сонымен қатар адамгершілік, рухани тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыруды талап етеді. Себебі қоғамның дамуы мен тұрақтылығы, адамдар арасындағы өзара сыйластық пен түсіністік деңгейі тікелей жеке адамның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Мектеп – тұлғаның әлеуметтік және рухани бейнесін қалыптастыратын басты орта. Мұнда оқушы тек білім алып қана қоймай, өмір сүру мәдениетін, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, өз ойын ашық жеткізуді және жауапкершілік сезімін үйренеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі адамгершілік тәрбие – білім беру процесінің маңызды бөлігі ғана емес, оның жүрегі іспетті.

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – тұлғаның мінез-құлқында, іс-әрекетінде және қарым-қатынасында ізгі қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған мақсатты педагогикалық процесс. Ол баланың өзіне, өзгеге, қоғамға және табиғатқа деген қарым-қатынасын айқындайды. Адамгершілікке тәрбиеленген адам өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіреді, әділдік пен мейірімділікті бағалай біледі. Сондықтан адамгершілік тәрбиенің түпкі нәтижесі – рухани бай, мәдениетті, өз ісіне адал тұлға қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиенің негізі ең алдымен отбасында қаланады. Алайда бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жалғастырып, тұлғаның толық дамуына ықпал ететін негізгі орта – мектеп. Мектеп қабырғасында оқушының мінезі, дүниетанымы, өмірлік ұстанымы қалыптасады. Мұғалімнің әрбір сөзі, қимылы, іс-әрекеті балаға әсер етеді. Белгілі педагог В. Сухомлинскийдің «Мұғалімнің сөзі – баланың жүрегіне жол табатын көпір» деген сөзі осыны дәлелдейді. Мұғалім оқушыға тек пәндік білім беріп қана қоймай, оның рухани әлемін байытуы қажет. Әр сабақта ұстаз баланың жүрегіне ізгілік ұялатып, жақсы мен жаманды ажырата білуге, айналасындағы адамдарға мейіріммен қарауға үйретуі тиіс.

Адамгершілік тәрбиенің маңызды бағыты – оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс іс-шараларда балалар бір-бірімен сөйлесу, пікірталасу, ортақ шешім қабылдау арқылы бір-бірін тыңдауға, сыйлауға, өз ойын мәдениетті жеткізуге дағдыланады. Бұл өз кезегінде олардың бойында сабырлылық, жауапкершілік, ұстамдылық және мейірімділік қасиеттерін дамытады. Мектеп ұжымындағы жылы психологиялық ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы сенім мен құрмет сезімі – адамгершілік тәрбиенің басты шарттарының бірі.

Адамгершілік тәрбие беру процесінде мұғалімнің жеке үлгісі шешуші рөл атқарады. Себебі бала көбінесе естігенінен гөрі, көргенін қайталайды. Егер мұғалім әділ,

сабырлы, сыпайы, талапшыл болса, оқушы да сондай болуға тырысады. Мұғалімнің әрбір сөзі мен іс-әрекеті – тәрбиелік мәнге ие. «Мейірімді сөз – көңілдің дәрісі» дегендей, ұстаздың жылы сөзі, сенім білдіруі, мадақтауы оқушының бойында жақсы сезімдер тудырып, өзін-өзі бағалауын арттырады. Ал керісінше, қаталдық пен әділетсіздік оқушыда қорқыныш пен сенімсіздік тудырып, оның мінез-құлқына теріс әсер етуі мүмкін.

Адамгершілік тәрбиенің тағы бір тиімді жолы – мектептегі қоғамдық және шығармашылық іс-шаралар. Мысалы, қайырымдылық акциялары, ардагерлермен кездесу, табиғатты қорғау шаралары, ұжымдық ойындар мен театрландырылған көріністер – барлығы да оқушылардың бойында мейірім, жауапкершілік және ортақ іске бейілділік сезімдерін дамытады. Мұндай шаралар арқылы балалар өз еңбегінің нәтижесін көреді, өзгеге пайда келтіргенде қуаныш сезімін бастан кешіреді. Бұл сезімдер адамның ішкі рухани әлемін байытып, адамгершілік қасиеттердің тұрақты қалыптасуына ықпал етеді.

Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі оқушының мінез-құлқынан, сөйлеу мәдениетінен, басқа адамдармен қарым-қатынасынан байқалады. Мейірімді, сабырлы, ұқыпты, әділ, көмекшіл оқушыны көргенде оның жақсы тәрбие алғаны бірден сезіледі. Осындай қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімнің жеке үлгісі мен сыныптағы моральдық-психологиялық ахуалдың рөлі зор. Мұғалім өз мінез-құлқымен оқушыға өнеге көрсетсе, оның әр сөзі мен ісі сенім мен сыйластыққа негізделсе – адамгершілік тәрбиенің тиімділігі арта түседі.

Мектеп өмірінде орын алатын тәртіп бұзушылық, бір-біріне дөрекі сөйлеу, мазақ ету сияқты теріс мінездер – адамгершілік тәрбиенің жеткіліксіздігінен туындайды. Мұндай жағдайларда мұғалім жазалау емес, түсіндіру мен сендіру жолын қолдануы керек. Себебі бала қатесін түсініп, оны түзетуге ұмтылған жағдайда ғана шынайы өзгеріс орын алады. Мектептегі педагогикалық ұжымның ортақ ұстанымы да осы бағытта болуы тиіс. Егер барлық мұғалімдер оқушыларға бірдей талап қойып, адамгершілік қағидаларын сабақтарында ұдайы насихаттаса, мектепте тәрбиелік мәдениет қалыптасады.

Сонымен бірге, адамгершілік тәрбиені дамытудың заманауи әдістері де бар. Мысалы, психологиялық тренингтер, рефлексиялық әңгімелер, «Жүрек жылуы» сияқты ойындар мен бейнежобалар арқылы оқушылар өз сезімдерін еркін білдіріп, жақсы эмоциялармен бөліседі. Осындай сабақтар олардың бір-біріне деген түсіністігін арттырып, достық пен сенім атмосферасын орнатады. Әсіресе бастауыш және орта буын оқушылары үшін мұндай тәсілдер ерекше әсерлі болады.

Адамгершілік тәрбиенің мазмұны тек жақсы мінезге үйрету емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Әр оқушы өз ісінің қоғамға тигізетін пайдасын сезінуі қажет. Мысалы, мектептің ішкі ережесін сақтау, достарына көмектесу, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау – бұлардың бәрі кішкентай болса да, азаматтық жауапкершіліктің алғашқы белгілері. Мұғалім осы қарапайым әрекеттер арқылы балаларды үлкен өмірге дайындайды.

Мектептегі адамгершілік тәрбиенің табысты болуының тағы бір маңызды факторы – ата-анамен өзара байланыс. Мұғалім мен ата-ана тығыз қарым-қатынаста болып, ортақ мақсатқа ұмтылуы қажет. Себебі бала бір ортада мейірім мен сыйластықты көріп, екінші ортада керісінше жағдайға тап болса, оның бойында құндылықтар қақтығысы пайда болады. Сондықтан мектеп пен отбасы тәрбиелік бағытта бір-бірін толықтыруы тиіс. Балаға айтылған әрбір сөз, берілген әрбір тапсырма, жасалған әрбір іс адамгершілік тұрғыдан түсіндірілсе, ол баланың ішкі дүниесіне терең әсер етеді.

Қазіргі заманда адамгершілік тәрбиенің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Өйткені ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген уақытта жасөспірімдердің дүниетанымы да өзгеруде. Олар кейде нақты өмір мен виртуалды әлемнің арасындағы шекараны ажырата алмай, мейірім мен шынайылықтың мәнін ұмытып барады. Осы жағдайда мектеп – рухани тәрбие мен адами құндылықтардың тірегі болуы тиіс. Мұғалім әр сабақта, әр әңгімесінде баланың бойында шынайылық, әділдік, жанашырлық, еңбексүйгіштік секілді қасиеттерді оятуға күш салуы қажет.

Адамгершілікке тәрбиелеу – үздіксіз процесс. Ол бір сабақпен немесе бір айлық іс-шарамен шектелмейді. Тәрбиенің нәтижесі ұзақ уақыттан кейін байқалады. Бірақ оның негізі әр күнгі қарапайым қарым-қатынас пен мысалда жатыр: мұғалімнің сәлемдесуі, оқушыға жылы жымыюы, сенім білдіруі – барлығы адамгершілікке баулудың кішкентай, бірақ маңызды бөлшектері. Осындай ұсақ көрінетін сәттер арқылы бала өз құндылығын сезінеді, айналасындағыларды сыйлауға үйренеді.

Қорытындылай келе, адамгершілік тәрбие – жеке тұлғаның қалыптасуындағы ең басты бағыттардың бірі. Ол – адамның рухани мәдениетінің негізі, қоғамның тұрақты дамуының кепілі. Мектеп қабырғасында берілетін адамгершілік тәрбие тек жақсы мінез-құлықты қалыптастырумен шектелмейді, ол – баланың бүкіл өміріне бағыт беретін өмірлік ұстанымға айналады. Сондықтан әрбір ұстаз өз оқушыларына білім берумен қатар, олардың жүрегіне мейірім мен ізгіліктің дәнін себуді басты міндеті деп санауы керек. Тек осындай ұстанымдағы мектеп қана болашақта рухани бай, парасатты, елін сүйетін ұрпақ тәрбиелей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М., 1974.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
3. Қалиев С. Тәрбие теориясы. – Астана, 2016.
4. Әбенбаев С. Тәрбие негіздері. – Алматы, 2009.
5. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
6. Лихачев Д.С. Письма о добром и прекрасном. – М., 1985.
7. Көшербаев Қ. Тәрбие және тұлға қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2012.

Резюме

В данной статье рассматриваются значение, содержание и методы нравственного воспитания школьников. Одна из главных задач, стоящих перед обществом сегодня – воспитание духовно богатой, культурной, доброй, ответственной личности. Нравственное воспитание – одно из важнейших направлений, формирующих поведение, отношение, позицию личности к жизни. Школа – это ядро этой воспитательной системы. Поэтому роль учителя в развитии у ученика таких качеств, как добродетель, милосердие, честность, особенная.

Ключевые слова: нравственное воспитание, духовная ценность, добродетель, личность, школа, учитель, общение.

Summary

This article discusses the importance, content and methods of moral education of schoolchildren. One of the main tasks facing society today is to educate a spiritually rich, cultured, kind, responsible person. Moral education is one of the most important areas that form the behavior, attitude, position of the individual towards life. School is the core of this educational system. Therefore, the role of the teacher is special in the development of such qualities as kindness, charity, honesty in the student.

Keywords: moral education, spiritual value, virtue, personality, school, teacher, relationships.

ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ДАМУЫ

Сыздықбаева Г.С.

Жамбыл облысы Қордай ауданы білім бөлімінің №1 Дінмұхамед Қонаев атындағы
мектеп-гимназиясының қазақ тілі әдебиет пәні мұғалімі,
қазақ тілі әдебиет пәні мұғалімі педагог-модератор

***Түйін.** Бұл мақалада оқушыларға білім беру мазмұнын жаңартылу жағдайында рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары мәселелеріне деген қызығушылық соңғы он жылдықтарда оқушылардың оқу іс-әрекетінің барлық салаларында болған түбегейлі өзгерістермен, соның ішінде жаңартылу жағдайында бағдарлар жүйесінің күрделі трансформациясымен объективті түрде байланысты. Тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу – үздіксіз, көп қырлы процесс. Оның нәтижелілігі білім беру мекемесінің мақсатты жұмысына, отбасы мен қоғамның қолдауына және ең бастысы – педагогтың кәсіби әрі адами бейнесіне байланысты. Заманауи педагогикалық шарттарды кешенді іске асыру арқылы ұлттық мәдениетке адал, ізгілікті, жауапкершілігі жоғары азамат қалыптастыруға болады.*

***Түйін сөздер:** оқушылар, білім беру, жаңартылу жағдайында, рухани-адамгершілік, даму, тәрбиелеу, педагогикалық шарттар.*

Қазіргі қоғамда тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі маңызды әлеуметтік және психологиялық мәселе болып отыр. Жаһандану, ақпараттық кеңістіктің шексіздігі мен материалдық құндылықтардың артуы адам бойындағы ізгі қасиеттердің әлсіреуіне әсер етуде. Сондықтан білім беру жүйесінде тұлғаны рухани тұрғыдан жетілдіру, адамгершілік сана мен құндылық бағдарын қалыптастыру өзекті міндетке айналды. Бұл ғылыми рефераттың мақсаты – тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуді ұйымдастырудың психологиялық шарттарын анықтау жәнәталдау.

Философиялық тұрғыда адамгершілік – адамның қоғам алдындағы борышын сезінуі, өзгелерге құрмет пен жауапкершілік танытуы. Сократтың «адам өзін жеңбей, рухани кемелдікке жетпейді» деген сөзі осы ұстанымның терең мәнін ашады. Рухани адам өз бойындағы эгоизммен күресіп, жеке мүддеден жоғары тұратын жалпыадамзаттық мұраттарға ұмтылуы тиіс. Мұндай әрекет — жан дүниесінің терең толғанысын, рухани күштілікті, өмірдің мәнін түсінуге деген ұмтылысты қажет етеді. Зерттеушілер руханилықты төрт көзқарас арқылы түсіндіреді: діни, магиялық, прагматикалық және гуманистік. Әр дәуір мен мемлекет белгілі бір бағытты басым етеді. Алайда қай көзқарасты алсақ та, руханилық пен адамгершіліктің өзара байланысы айқын: руханилық — адамның ішкі тік бағыттағы дамуы болса, адамгершілік — сол құндылықтардың қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі көлденең, практикалық көрінісі. Осы екі ұғымның бірігуінен туындайтын рухани-адамгершілік тәрбие – тұлғаны тұтас мәдениет өкілі ретінде қалыптастырудың өзегі. Ол адамның отансүйгіштігін, эстетикалық талғамын, құқықтық мәдениетін және еңбек этикасын қамтиды. Тәрбиенің бұл түрі адамды туған мәдениеттің өнімі ретінде қабылдайды, яғни әрбір жеке тұлға – өз ұлтының рухани топырағында өсетін өркен.

Заман ағына қарай, рухани құндылықтардың әлсіреуі мен материалдық мүдделердің басым болуы жеке тұлғаның ішкі үйлесімін бұзып, адамгершілік тәрбиенің өзектілігін арттырып отыр. Сондықтан тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуын қамтамасыз етудің психологиялық шарттарын айқындау – білім беру мен тәрбие жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бұл мәселені шешу адамның ішкі жан дүниесін, сана-сезімін, құндылық бағдарларын зерттеумен тығыз байланысты. Рухани тәрбие тұлғаның жан-жақты дамуына, өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлқын ізгі бағытта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2022 жылы шыққан А.Л. Журавлев пен А.В. Юревич еңбектерінде рухани-адамгершілік дамудың психологиялық мазмұны жан-жақты талданады. Олар “нравственность, яғни адамгершілік” ұғымын адамның әлеуметтік және рухани мінез-құлықтың реттеушісі ретінде қарастырып, оның құрылымында үш негізгі компонентті ажыратады:

1. танымдық компонент – моральдық нормалар мен құндылықтарды түсіну;
2. эмоционалдық компонент – ізгілікке, әділдікке, қайырымдылыққа ішкі қажеттіліктің қалыптасуы;
3. еріктік-коммуникативтік компонент – рухани таңдауды іс жүзінде жүзеге асыру қабілеті.[1]

Ал, Ю.А. Илларинова өз зерттеуінде рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұнына тек теориялық білім емес, сонымен бірге адамның эмоционалдық және әлеуметтік тәжірибесі де кіруі қажет екенін атап өтеді. Автордың пікірінше, рухани тәрбие – бұл оқыту процесінде білім алушының өзін-өзі тануына, ішкі рефлексиясына және өмірлік құндылықтарын ұғынуына мүмкіндік беретін кеңістік.

Ғалым оқушылардың рухани дамуын қамтамасыз ететін мазмұндық бағыттар ретінде мыналарды ұсынады, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіру, ізгі қарым-қатынас мәдениетін дамыту, этикалық дилеммалар арқылы моральдық шешім қабылдау дағдыларын жетілдіру.

Сондықтан рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұны тек моральдық ұғымдар жүйесін меңгерту емес, адамның ішкі рухани тәжірибесін байытуға, өз-өзіне және қоғамға деген жауапкершілік сезімін оятуға бағытталады. Бұл тұрғыдан алғанда, рухани тәрбие – тұлғаның ішкі әлемін үйлестіріп, оның мінезі мен іс-әрекетінде тұрақты ізгі бағдар қалыптастыратын күрделі психологиялық-педагогикалық процесс.

Оқушының рухани қалыптасуына әсер ететін негізгі психологиялық факторларға отбасылық тәрбие, әлеуметтік орта, құндылық жүйесі және өзін-өзі тану деңгейі жатады. Адамгершілік мінез-құлықтың дамуы жеке тәжірибеге, эмоционалдық қабылдауға және әлеуметтік қарым-қатынасқа тәуелді. Жас ерекшеліктеріне байланысты адамгершілік сана дамиды: бала кезеңінде — еліктеу арқылы, жасөспірімдік шақта — рефлексия арқылы, ал ересек жаста — саналы өмірлік ұстанымдар арқылы қалыптасады. Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы – адамның өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік орта мен ішкі психологиялық процестердің өзара әрекеттесу нәтижесінде жүзеге асатын күрделі құбылыс. Бұл процесс адамның сана, эмоция және мінез-құлық деңгейлерінде жүреді.

А.Л. Журавлев пен А.В. Юревичтің («Психология нравственности как область психологического исследования») еңбегінде тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсер ететін негізгі психологиялық факторлар төмендегідей сипатталады:

1. **Моральдық сана** – адамның өз іс-әрекеттерін, ойларын және сезімдерін моральдық өлшемдер арқылы бағалай білу қабілеті. Моральдық сана тұлғаның өзін-өзі реттеу жүйесінің негізі болып табылады.

2. **Эмпатия мен рефлексия** – басқаның жағдайын түсініп, өз әрекетіне сын көзбен қарау қабілеті. Бұл қасиеттер адамның рухани дамуын жеделдетіп, адамгершілік шешімдер қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады.

3. **Мотивациялық бағдарлар** – тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен құндылықтары. Егер адамның мотивациясы рухани-ізгілік мақсаттарға бағытталса, оның мінез-құлқы да адамгершілік сипатқа ие болады.

Ғалымдардың пайымдауынша, рухани-адамгершілік қасиеттер сыртқы тәрбие ықпалымен ғана емес, адамның ішкі моральдық тәжірибесін қайта қарауы арқылы дамиды. Яғни, тұлға өз тәжірибесінен рухани мағына іздеп, өзін-өзі жетілдіру ниетімен әрекет еткенде, оның рухани деңгейі жоғарылайды.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің тиімділігін арттыру үшін оқу процесінде тұлғалық-бағдарлы әдістер мен психологиялық тренингтерді қолдану қажет. Рухани

құндылықтарға негізделген сабақтар, топтық рефлексия, медитация элементтері, шығармашылық тапсырмалар адамның ішкі әлемін дамытуға ықпал етеді. Педагог пен психологтың өзара ынтымақтастығы тұлғаның рухани дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Тәрбие процесінде эмоционалды қолдау мен сенім атмосферасы басты психологиялық шарт болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбиенің тиімділігін арттыру үшін ең алдымен оның психологиялық және педагогикалық шарттарының үйлесімділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазақ тілі пәні – тек тілдік дағдыларды қалыптастыратын құрал ғана емес, сонымен бірге **ұлттық сана мен рухани құндылықтарды** дамытудың маңызды тетігі. Тіл арқылы оқушының **адамгершілік қасиеттері, мәдениеті, отансүйгіштігі, еңбекқорлығы мен жауапкершілігі** қалыптасады.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің мәні; Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл тұлғаның ішкі мәдениетін, рухани әлемін байыту, ізгі мінез-құлық пен өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру үдерісі. Негізгі бағыттары: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру; ана тілі арқылы туған елге, жерге, халыққа сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу; үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету; адалдық, мейірім, әділдік секілді қасиеттерді дамыту.

Қазақ тілі пәніндегі рухани-адамгершілік мазмұны

Мәтіндік материалдар арқылы:

- Мысалы, Абайдың қара сөздері, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ш.Мұртаза, Б.Момышұлы шығармалары — адамгершілік пен ізгілікке баулудың тамаша құралы.
- Әрбір мәтін оқушының сезімдік қабылдауына әсер етіп, өмірлік ұстаным қалыптастыруға ықпал етеді.

Грамматикалық тақырыптарды құндылықтармен байланыстыру:

- Етістік тақырыбын өтіп отырып, “ізгі істерді сипаттайтын етістіктерді” (көмектесті, сыйлады, бағалады) қолдану;

Сөйлем құрастыру жаттығуларында “адамгершілік мазмұндағы” мысалдар беру. 4. Сабақтағы әдіс-тәсілдер

Интерактивті әдістер арқылы тұлғаның рухани дамуын арттыру:

1. Пікірталас («Менің өмірлік ұстанымым») – оқушылар өз көзқарастарын дәлелдеп үйренеді.
2. Рөлдік ойын («Ізгілік сабақтары») – өмірлік жағдаяттарды шешу арқылы дұрыс мінез қалыптастырады.
3. Мәтіндік талдау («Қайырымдылық» тақырыбы бойынша эссе, пікір жазу) – оқушы өз ойын ізгі тұрғыда білдіреді.
4. Топтық жұмыс («Құндылықтар ағашы») – оқушылар адамгершілік қасиеттерді символдық түрде бейнелейді.
5. Күтілетін нәтижелер

Қазақ тілі сабағында рухани-адамгершілік тәрбиені жүйелі енгізу нәтижесінде: оқушының ішкі мәдениеті мен тұлғалық ұстанымы нығаяды:

- сөз мәдениеті мен қарым-қатынас әдебі қалыптасады; ұлттық рух пен азаматтық жауапкершілік артады; оқушы адамгершілік мінез-құлық нормаларын саналы түрде ұстанады.

Қорытынды. Қазақ тілі пәні — рухани тәрбиенің табиғи ортасы. Осы пән арқылы мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, адамдық болмысты қалыптастырудың басты тетігін жүзеге асырады. Тілді үйрету – тек білім беру емес, адам тәрбиелеу миссиясы екенін ұмытпау маңызды. Қазіргі педагогикалық және психологиялық зерттеулерде «рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымы жаңа мазмұнмен толықтырылып отыр. Бұл ұғым алғашында отандық педагогика тарихында әр дәуірде жеке-жеке қарастырылған «рухани тәрбие» мен «адамгершілік тәрбие» ұғымдарының тоғысуынан қалыптасты. Рухани және моральдық тәрбиенің синтезі білім беру жүйесінде, әсіресе мемлекеттік құрылымдарда дамуына қатысты өзекті бағытқа айналды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. – Москва : ЭКСМО-Пресс, 2000. – 105.6 с.
2. Загвязинский В.И. О стратегических ориентирах развития образования на современном этапе // Образование и наука. – 1999. – № 1. – С. 31–38.
3. Захарченко М.В. Духовно-нравственное развитие и воспитание как ключевые категории в методологии проектирования образовательных программ // Материалы I межрегиональной научно-практической конференции «Системно-деятельностный подход в воспитании. Духовно-нравственное развитие и воспитание – главные приоритеты образования». – Санкт-Петербург : Изд-во Политехн. ин-та, 2010. – С. 6–15.
4. Ильин И.А. О противлении злу силою // И.А. Ильин Собрание сочинений. В 10 тт. – Москва : Русская книга, 1996. – 608 с.
5. Кутырев В.А. Духовность, экономизм и «после»: драма взаимодействия // Вопросы философии. – 2001. – № 8. – С. 56–65.

Резюме

В данной статье интерес к вопросам педагогических условий организации духовно-нравственного воспитания обучающихся в условиях обновления содержания образования объективно связан с радикальными изменениями, произошедшими во всех сферах образовательной деятельности обучающихся в последние десятилетия, включая сложную трансформацию системы ориентации в условиях обновления. Духовно-нравственное воспитание личности – это непрерывный, многогранный процесс. Её эффективность зависит от целенаправленной работы образовательного учреждения, поддержки семьи и общества, а главное – от профессионального и человеческого облика учителя. Комплексное внедрение современных педагогических условий позволяет сформировать гражданина, преданного национальной культуре, добродетельного и высоко ответственного.

Ключевые слова: *шольный учиницы, образование, в контексте обновления, духовно-нравственное, развитие, воспитание, педагогические условия.*

Summary

In this article, interest in the issues of pedagogical conditions for organizing the spiritual and moral education of students in the context of updating the content of education is objectively connected with the radical changes that have occurred in all areas of educational activities of students in recent decades, including the complex transformation of the orientation system in the context of renewal. The spiritual and moral development of an individual is a continuous, multifaceted process. Its effectiveness depends on the focused work of the educational institution, the support of family and society, and, most importantly, on the professional and human qualities of the teacher. The comprehensive implementation of modern educational conditions helps shape citizens who are devoted to national culture, virtuous, and highly responsible.

Keywords: *school students, education, in the context of renewal, spiritual and moral, development, upbringing, pedagogical conditions.*

ОӘК: 159.92

**ЖАСӨСПІМДЕР ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ: БЕРДІБЕК
СОҚПАҚБАЕВ ҮЛГІСІ**

Кенжебаева Толганай Шерахметовна

№1 дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп – гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аннотация. Бағдарламаның жаңашылдығы – ұлттық мәдениет пен тәрбиені әдебиет арқылы жасөспірімдерге жеткізу. Бердібек Соқпақбаев шығармаларындағы кейіпкерлердің бейнесі мен олардың мінез-құлқы арқылы оқушыларға үлгі боларлық тәрбиелік тұстарын анықтау. Сонымен қатар, шығармаларды оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың жаңаша тәсілдерін ұсыну, балалар әдебиеті арқылы ұлттық рухты сіңіру — бағдарламаның басты жаңашылдығының бірі.

Түйін сөздер: жасөспірімдер әдебиеті, тәрбиелік мән, ұлттық мәдениет, Бердібек Соқпақбаев, кейіпкер бейнесі, балалар әдебиеті, рухани тәрбие, ұлттық рух, тұлға қалыптастыру, оқу-тәрбие үдерісі.

Б.Соқпақбаев шығармаларының тағы бір маңызды жаңашылдығы – шындықты боямасыз көрсету арқылы ұлттық болмысты жаңаша ұғындырады, өзара қарым-қатынастың, құрмет пен түсіністіктің, адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын үнемі көтеріп отырады. Бұл аспект бағдарламада жасөспірімдерге дұрыс қарым-қатынас орнату, конфликттерді шешу және адамдармен дұрыс байланыс орнату бойынша нақты ұсыныстармен толықтырылған. Нәтижесінде жазушының шығармашылығы негізіндегі авторлық бағдарлама өзінде бірнеше жаңашылдықты біріктіреді. Ол жасөспірімдерге адамгершілік, ұлттық құндылықтар, психологиялық түсінік, өмірлік дағдылар мен өзара қарым-қатынастарды әдебиет арқылы меңгертуге бағытталған. Әдеби шығармаларды талдау арқылы жасөспірімдер өздерінің ішкі әлемін түсініп, өмірлік маңызды мәселелерге дайын болады.

Бердібек Соқпақбаев – ұлттық болмысты тек сақтап қалушы емес, оны жаңартып, заманауи әдебиетке сәтті енгізген қаламгер. Оның шығармаларындағы ұлттық болмыс – жай сурет емес, тірі жанды бейне, әр буынға жақын рухани мұра.

Бағдарламаның өзектілігі: Қазіргі замандағы қоғамда жасөспірімдердің рухани, моральдық және адамгершілік тәрбие алу мәселесі маңызды орын алады. Жастардың адамгершілік құндылықтарды түсінуі мен қабылдауы, олардың дұрыс бағытта қалыптасуы көбінесе әдеби шығармалар арқылы жүзеге асырылады. Әдебиет балалар мен жасөспірімдердің ой-санасын дамыту, рухани әлемін кеңейту үшін үлкен күшке ие құрал болып табылады. Осы тұрғыда Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларының орны ерекше. Оның туындылары шынайы өмір суреттері мен балалық шақтың қызық-қуаныштарын бейнелеумен қатар, оқырманды өмірлік құндылықтарды бағалауға үйретеді.

Қазіргі кезеңде жастардың арасында өзара түсіністік, адамгершілік, патриотизм, жауапкершілік сияқты қасиеттердің дамуы мен қалыптасуы маңызды болып отыр. Бұл сұрақтың өзектілігі күн өткен сайын артып келеді. Жасөспірімдердің өздерін қоғамда дұрыс танып, азаматтық жауапкершілікті сезінуі үшін оларды әдебиет арқылы тәрбиелеу үлкен маңызға ие. Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларында жасөспірімдердің ішкі әлемі мен олардың қоғамдық өмірдегі орны жиі қарастырылады. Мысалы, «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» сияқты туындыларда жасөспірімдердің мінез-құлқы, олардың қоғаммен қарым-қатынасы, моральдық құндылықтарға деген көзқарасы бейнеленген. Бұл шығармалар жас ұрпаққа дұрыс жолды таңдауға көмектеседі, оларды адалдыққа, шыншылдыққа, өзара сыйластыққа үйретеді.

Осы тұрғыда **«Жасөспірімдер әдебиетінің тәрбиелік мәні: Бердібек Соқпақбаев үлгісі»** авторлық бағдарламасы бүгінгі күні өте өзекті болып табылады. Бұл бағдарлама оқушыларға Бердібек Соқпақбаев шығармаларын таныстыру арқылы олардың адамгершілік құндылықтар мен ұлттық тәрбиені тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сыни ойлауын арттыру және әдебиетке деген қызығушылығын ояту мақсатында ұйымдастырылған бұл бағдарлама жас ұрпақтың толыққанды азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Бағдарлама оқушыларға Бердібек Соқпақбаев шығармаларын таныстыру арқылы олардың адамгершілік құндылықтар мен ұлттық тәрбиені тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сыни ойлауын арттыру және әдебиетке деген қызығушылығын ояту мақсатында ұйымдастырылған бұл бағдарлама жас ұрпақтың толыққанды азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру маңызды болып отыр. Сондықтан бұл тақырыптың өзектілігі арта түседі. Шығармаларының өзектілігі мынадай қырларымен көрінеді:

1. **Тәрбие мен адамгершілік мәселесі**

Б. Соқпақбаев шығармаларында балалар мен жасөспірімдер өмірі шынайы суреттеледі

2. **Отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілік**

Оның туындыларында отбасы, ата-ана, ұстаз, қоғам секілді әлеуметтік институттардың тәрбиелік рөлі айқын көрініс табады. Бұл құндылықтар қазір де өзекті.

3. **Білім мен еңбекке деген құрмет**

Автор кейіпкерлері көбіне білім алуға, еңбектенуге құштар болады. Бұл идеялар қазіргі білімге ұмтылған қоғам үшін де маңызды.

4. **Ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің көрінісі**

Шығармаларында қазақы дүниетаным, ауыл өмірі, ұлттық құндылықтар кеңінен бейнеленеді. Бұл — ұлттық болмысты сақтаудың бір жолы.

5. **Жеткіншек психологиясын терең бейнелеуі**

Жасөспірімдерге тән ішкі күйзелістер, армандар мен ұмтылыстар табиғи әрі сенімді суреттеледі. Мұндай психологиялық шынайылық қазіргі балалар әдебиетінде де аса қажет.

Бағдарламаның мақсаты: Бұл авторлық бағдарламаның мақсаты – жасөспірімдер әдебиетінің тәрбиелік мәнін ашып көрсету арқылы Бердібек Соқпақбаев шығармашылығының жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңыздылығын айқындап, жазушының шығармалары арқылы адамгершілік, достық, адалдық, махаббат, **мемлекеттік тіл мен ұлттық**, отаншылдық секілді құндылықтарды дәріптеу және таныстыруды көздейді.

Бағдарламаның басты міндеттері:

- Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылық мұрасын зерделеп, оның негізгі бағыттарын айқындау. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» шығармаларындағы тәрбиелік идеяларды талдау.

- Кейіпкерлер бейнесі арқылы берілген адами қасиеттер мен құндылықтарды анықтау.

- Жазушы шығармаларының қазіргі жасөспірімдерге берер тәрбиелік әсерін негіздеу.

- Тәрбие жұмыстары барысында Соқпақбаев шығармаларын пайдаланудың әдіс-тәсілдерін ұсыну.

- Бердібек Соқпақбаев шығармаларындағы жасөспірімдерге арналған үлгі-өнегелерді зерттеу: «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» сияқты шығармалардағы жасөспірімдердің ішкі дүниесі мен мінез-құлқының қалыптасу үдерісін қарастыру;

Бағдарлама мектептегі оқушылардың кітапқа деген құштарлығын арттырып, әдебиеттің жастарды дұрыс тәрбиелеудегі рөлін терең түсінуге көмектесуді мақсат етеді. Осылайша, Бердібек Соқпақбаев шығармашылығы арқылы жасөспірімдерді тек оқуға емес, рухани дамуға, моральдық құндылықтарды меңгеруге, өзінің ішкі әлемін тануға тәрбиелеуді көздейді.

Бағдарламаның ерекшелігі: «Жасөспірімдер әдебиетінің тәрбиелік мәні: Бердібек Соқпақбаев үлгісі» авторлық бағдарламасының ерекшелігі – әдебиетті тек білім көзі ретінде ғана емес, жасөспірімдерге рухани, психологиялық, адамгершілік тұрғыда тәрбие беретін маңызды құрал ретінде пайдалануында. Олардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейтіп қана қоймай, ұлтымыздың асыл мұрасын көздің қарашығындай сақтай білуге және одан әрі дамытуға негізделгендігімен ерекшеленеді.

Күтілетін нәтиже:

➤ **Жасөспірімдердің моральдық және психологиялық дамуы:** Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары арқылы жасөспірімдер өздерінің ішкі дүниесін тереңірек түсініп, мінез-құлықтарын жетілдіруге, өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Олар өздеріне үлгі боларлық кейіпкерлерді таңдап, шынайы өмірдегі қиындықтармен күресуге деген сенімділіктерін нығайтады.

➤ **Жастардың адамгершілік құндылықтарға бейімділігін қалыптастыру:** жазушының шығармалары балаларды әділдікке, адамгершілікке, ұят пен ар-намысқа, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Бұл құндылықтар жасөспірімдердің күнделікті өмірінде қолданылып, оларды жақсы азамат болуға бағыттайды.

➤ **Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту:** Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын талдау, пікір алмасу, талқылау жұмыстары барысында оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамып, олар әрбір оқиғадан терең мән іздеуге, әдеби шығарманы бағалау мен түсінуге қабілетті болады.

➤ **Тәрбиелік және эстетикалық дүниетанымды кеңейту:** шығармалар арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беріледі. Әдебиет адамның рухани әлемін кеңейтеді, оны қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырады. Бұл жастардың эстетикалық талғамын, көркемдік әлеміне деген қызығушылығын арттырады.

➤ **Жасөспірімдерге үлгі болатын әлеуметтік және тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру:** оқушылар Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары арқылы әртүрлі қиын жағдайларда дұрыс таңдау жасау, өз мінез-құлқын реттеу, дос пен дұшпан арасын ажырату сияқты маңызды дағдыларды меңгереді.

➤ **Әдеби шығармашылық пен тұлғалық даму:** білім алушылардың шығармашылық жұмыстар мен талқылау арқылы өз ойларын еркін жеткізу, пікір алмасу дағдыларын дамытып, жазушылық қабілеттерін арттырады.

Осылайша, авторлық бағдарлама нәтижесінде мектеп оқушыларының шығармашылық ойлауын, тұлғалық дамуын және қоғамдық санасын дамытуға бағытталған кешенді тәрбие жұмысын іске асады. Халқымыздың ұлттық құндылықтарының молдығына көз жеткізеді;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Менің атым Қожа. Алматы: «Жазушы», 1975.
2. Қасымбеков, М. (2004). Менің атым Қожа шығармасының әлеуметтік маңызы. Алматы: Жазушы.
3. Балалық шаққа саяхат. Алматы: «Мектеп», 1965. Қирабаев, С.
4. Сейітов, Р. (2012). Балалық шаққа саяхат: Әдебиеттанулық талдау. Астана: Фолиант.
5. Әбілқасымова, Г. (2011). Балалар әдебиетіндегі ұлттық тәрбие. Алматы: Қайнар.
6. Ұлт руханияты және балалар әдебиеті. Алматы: «Атамұра», 2011. Мырзахметов, М.
7. Қазақ әдебиеті және ұлттық тәрбие. Алматы: «Руханият», 2005. Смағұлова, А.
8. Қазақ әдебиетіндегі балалар образы. Алматы: «Қазақ университеті», 2010. Байтұрсынұлы, А.
9. Балалар әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері. Алматы: «Қазақ кітап баспасы», 1988. Сейітова, Ш.

10. Қазақстан Республикасы педагогикалық журналдары: «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Бала тәрбиесі», «Ұстаздар әлемі».

11. Бейсембай, К. (2014). Қазақ балалар әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы. Алматы: Жеті жарғы.

12. Электронды ресурстар:

13. Әдебиет порталы (adebiportal.kz).

Оқушылар пайдаланатын әдебиеттер тізімі:

1. «Балалық шаққа саяхат» жинағы Бердібек Соқпақбаев Қарағанды-2020, «Қасым баспа үйі»

2. «Менің атым Қожа» повесі Бердібек Соқпақбаев «Жазушы» баспасы 1957 жыл

3. «Сөз өнері» З.Қабдолов

Резюме

Новизна программы заключается в передаче подросткам национальной культуры и воспитания через литературу. Образы героев произведений Бердыбека Соқпақбаева и их поведение используются для выявления образцовых воспитательных аспектов для учащихся. Кроме того, одним из главных нововведений программы является представление новых способов использования произведений в образовательном процессе, воспитание национального духа через детскую литературу.

Ключевые слова: подростковая литература, воспитательная ценность, национальная культура, Бердыбек Соқпақбаев, образ героя, детская литература, духовное воспитание, национальный дух, формирование личности, воспитательный процесс.

Summary

The program's innovation lies in its ability to convey national culture and education to adolescents through literature. The characters in Berdybek Sokpakybayev's works and their behavior are used to identify exemplary educational aspects for students. Furthermore, one of the program's key innovations is the introduction of new ways to use works in the educational process, fostering national spirit through children's literature.

Keywords: adolescent literature, educational value, national culture, Berdybek Sokpakybayev, hero image, children's literature, spiritual education, national spirit, personality development, educational process.

УДК: 159.92

**МАТЕМАТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ — ЭТО ОСНОВА РАЗВИТИЯ
ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ**

Токтогулова Аманат Сураубаевна,

учитель математики школы-гимназии №1 имени Д.Конаева, педагог-исследователь. Кордайский район, Жамбылская область

Аннотация. В статье рассматривается роль математических исследований в формировании и развитии функциональной грамотности. Подчеркивается, что математическая деятельность способствует не только усвоению знаний, но и развитию аналитического, критического и системного мышления, необходимых для успешной адаптации в современном обществе. Приводятся аргументы в пользу интеграции исследовательского подхода в процесс обучения математике как средства формирования функционально грамотной личности.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математические исследования, критическое мышление, аналитическое мышление, системное мышление, исследовательский подход, обучение математике, формирование личности, образовательный процесс, современное общество.

Введение

Современное образование ориентировано не только на передачу знаний, но и на формирование личности, способной применять эти знания в различных жизненных ситуациях. В этой связи особое значение приобретает понятие функциональной грамотности, под которой понимается способность человека эффективно использовать знания, умения и навыки для решения практических задач, коммуникации и участия в общественной жизни. Одной из ведущих областей, обеспечивающих развитие функциональной грамотности, является математика — наука, формирующая у учащихся универсальные способы мышления и исследовательские навыки.

Роль математических исследований в развитии функциональной грамотности.

Математическое исследование — это процесс поиска, анализа, обоснования и проверки гипотез, направленный на получение нового знания или решения нестандартной задачи. В ходе исследовательской деятельности учащиеся не только осваивают математические понятия и методы, но и развивают логическое, критическое и абстрактное мышление, учатся формулировать проблемы, ставить цели, планировать и оценивать результаты. Функциональная грамотность проявляется через способность человека использовать знания в практической деятельности. Математические исследования позволяют учащимся увидеть, что математика — это не набор формул и правил, а инструмент анализа и моделирования реальности. Например, при решении исследовательских задач, связанных с обработкой данных, планированием бюджета или анализом статистических закономерностей, учащиеся осознают прикладной характер математических знаний.

Кроме того, исследовательская деятельность развивает коммуникативные и метапредметные навыки: умение работать в группе, презентовать результаты, аргументировать собственное мнение и критически оценивать предложения других. Всё это является ключевыми компонентами функциональной грамотности.

Примеры математических задач на функциональную грамотность.

Пример 1. Экономическая задача: «Семейный бюджет»

Семья Ивановых ежемесячно получает доход 720 000тенге. Ежемесячные расходы составляют:

жильё — 145 000тенге,
питание — 150 000тенге,
транспорт — 35 000тенге,
одежда и бытовые нужды — 150 000 рублей.

Оставшуюся часть семья откладывает на отпуск.

1. Какую долю дохода семья ежемесячно тратит на основные нужды?
2. Сколько месяцев потребуется, чтобы накопить 2 000 000 тенге на отпуск?

Педагогическая цель: развитие умений применять математические вычисления и пропорции в реальной жизненной ситуации, осознание роли финансового планирования.

Пример 2. Экологическая задача: «Сколько воды мы тратим?»

Средний расход воды при чистке зубов с открытым краном — около 6 литров в минуту. Если человек чистит зубы дважды в день по 3 минуты, определите:

1. Сколько литров воды тратит один человек за неделю?
2. Сколько воды можно сэкономить, если во время чистки зубов закрывать кран (расход уменьшается до 0,5 литра)?

Педагогическая цель: формирование экологического мышления, осознание значимости ответственного поведения и использование математических расчётов для оценки последствий бытовых привычек.

Методологические аспекты внедрения математических исследований в образование.

Внедрение исследовательского подхода в преподавание математики предполагает использование проектных методов, проблемного обучения, моделирования и анализа реальных ситуаций. Учитель при этом выступает не только источником знаний, но и наставником, направляющим исследовательскую деятельность учащихся.

Эффективными формами организации исследований являются: учебные мини-проекты, где учащиеся исследуют конкретные явления, моделируя их с помощью математических инструментов; участие в конкурсах исследовательских работ и олимпиадах; использование цифровых технологий для сбора и анализа данных; интеграция математических исследований с другими предметами (физикой, информатикой, экономикой).

Такой подход позволяет реализовать межпредметные связи и способствует формированию целостной картины мира.

Заключение

Математические исследования служат фундаментом развития функциональной грамотности, так как формируют у учащихся способность применять знания в реальных условиях, развивают навыки анализа, синтеза, аргументации и критического мышления. Именно через исследовательскую деятельность математика превращается в средство личностного и интеллектуального развития, подготавливая обучающихся к жизни в быстро меняющемся и информационно насыщенном мире.

Следовательно, интеграция математических исследований в образовательный процесс — не только педагогическая необходимость, но и стратегическое направление модернизации образования XXI века.

Список литературы:

1. Выготский Л. С. Мышление и речь. — М.: Лабиринт, 2000. — 352 с.
2. Поля, Дж. Как решать задачу. Эвристический подход. — М.: Наука, 1991. — 286 с.
3. Брунер Дж. Психология познания: За пределами непосредственной информации. — М.: Прогресс, 1977. — 412 с.
4. Пойа Дж. Математическое открытие: понимание, обучение и преподавание. — М.: Мир, 1976. — 376 с.
5. Кудрявцев Т. В. Формирование функциональной грамотности учащихся средствами учебного исследования. — М.: Просвещение, 2020. — 248 с.
6. OECD. PISA 2022 Mathematics Framework. — Paris: OECD Publishing, 2022. — 78 p.
7. Слепкань З. И. Методика обучения математике: общие вопросы. — М.: Академия, 2003. — 320 с.
8. Киселева С. Н., Яковлева Н. А. Формирование функциональной грамотности учащихся через исследовательскую деятельность. // Педагогика и образование. — 2021. — № 4. — С. 45–51.
9. Кузнецова Л. В. Развитие критического мышления в процессе обучения математике. — СПб.: Речь, 2019. — 192 с.
10. Назарова Т. А. Современные подходы к обучению математике: исследовательская и проектная деятельность школьников. // Вестник педагогических инноваций. — 2022. — № 2. — С. 112–119.
11. Лернер И. Я. Дидактические основы методов обучения. — М.: Педагогика, 1981. — 186 с.

12. Төлеубаева А. К. Функциональная грамотность школьников: теория, методика, практика. — Нур-Султан: Қазақ университеті, 2020. — 214 б.
13. Назарбаев Н. А. Послание народу Казахстана «К конкурентоспособному Казахстану». — Астана, 2012.
14. Черкасов В. А. Исследовательская деятельность школьников как средство формирования функциональной грамотности. — М.: Педагогическое общество России, 2018. — 156 с.
15. Байтелиева А. Б. Развитие функциональной математической грамотности учащихся основной школы. // Образование и наука Казахстана. — 2023. — № 3. — С. 64–71.

Түйін

Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы мен дамуындағы математикалық зерттеулердің рөлі қарастырылады. Онда математикалық белсенділік тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамда сәтті бейімделу үшін қажетті аналитикалық, сыни және жүйелік ойлаудың дамуына да ықпал ететіні атап өтіледі. Функционалды сауатты жеке тұлғаларды дамыту құралы ретінде математиканы оқытуға зерттеуге негізделген тәсілді енгізуді жақтайтын дәлелдер келтірілген.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық зерттеу, сыни ойлау, аналитикалық ойлау, жүйелік ойлау, зерттеуге негізделген тәсіл, математиканы оқыту, тұлғаны дамыту, білім беру процесі, қазіргі қоғам.

Summary

This article examines the role of mathematical research in the formation and development of functional literacy. It emphasizes that mathematical activity contributes not only to the acquisition of knowledge but also to the development of analytical, critical, and systems thinking, which are necessary for successful adaptation in modern society. Arguments are presented in favor of integrating a research-based approach into mathematics instruction as a means of developing functionally literate individuals.

Keywords: functional literacy, mathematical research, critical thinking, analytical thinking, systems thinking, research-based approach, mathematics instruction, personality development, educational process, modern society.

ОӘК: 159.99

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ (ЖИ) ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Нұрғали Ыбырай Асқарбекұлы,

*Жамбыл обл. Қордай ауд. №1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп
гимназиясының тарих пәні мұғалімі*

Аннотация. Мақалада тарих пәнін оқытуда Жасанды Интеллектіні (ЖИ) тиімді пайдаланудың педагогикалық әлеуеті қарастырылады. Автор ЖИ технологияларының тарихи деректерді визуализациялау, дереккөздерді талдау және оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытудағы маңызын атап өтеді. Сонымен қатар, ЖИ негізіндегі цифрлық құралдардың оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, оқу мотивациясын арттыруға және жеке білім траекториясын құруға ықпал ететіні көрсетіледі. Мақалада мұғалімнің рөлі ЖИ көмегімен оқыту процесін бағыттаушы, кеңесші ретінде қарастырылады.

***Түйін сөздер:** Жасанды Интеллект, тарихты оқыту, цифрлық педагогика, зерттеушілік дағдылар, сыни ойлау, білім беру технологиялары, деректерді визуализациялау, адаптивті оқыту, педагогикалық әлеует.*

Кіріспе

XXI ғасыр – цифрлық трансформация ғасыры. Бұл өзгерістер білім беру жүйесін айналып өтпеді, әсіресе, Жасанды Интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуы оқытудың дәстүрлі тәсілдеріне жаңа міндеттер қойып отыр. Тарих пәні – өткенді тану, сабақтастықты сезіну және сыни ойлауды дамыту үшін өте маңызды пән. Алайда, тарихи деректердің көптігі, оларды оқушыларға қызықты әрі түсінікті форматта жеткізу мұғалім үшін үлкен предикт болды.

Осы орайда, ЖИ білім берудің жаңа, интерактивті және жекелендірілген тәсілдерін ұсынады. Қазақстандағы білім беруді жаңғырту бағытында, ЖИ-ді оқу процесіне тиімді интеграциялау мәселесінің өзектілігі жоғары.

Мақаланың мақсаты: Тарих пәнін оқытуда ЖИ құралдарын тиімді пайдаланудың заманауи әдістемесін қарастыру, оның оқушылардың танымдық белсенділігі мен білім сапасына әсерін талдау.

1. Жасанды Интеллекттің білім берудегі тұжырымдамасы

ЖИ – адам интеллектісінің машиналарда, әсіресе, компьютерлік жүйелерде имитациялануы. Білім беру контекстінде, ЖИ келесі негізгі функцияларды орындайды:

- Деректерді талдау: Үлкен көлемдегі тарихи мәтіндерді, құжаттарды, карталарды жылдам өңдеу.
- Жекелендіру: Оқушының қабілеті мен деңгейіне қарай оқу бағдарламасын бейімдеу.
- Автоматтандыру: Бағалау, есеп беру және қарапайым тапсырмаларды орындау арқылы мұғалімнің жүктемесін азайту.

Маңызды аспект: ЖИ мұғалімнің орнын баспайды, ол көмекші құрал ретінде қызмет етеді, бұл мұғалімге оқушылармен тереңірек, сыни ойлауға бағытталған жұмыстарға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

2. Тарих сабақтарында ЖИ-ді қолданудың нақты мүмкіндіктері

ЖИ-ді тарихты оқытуға енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың интерактивтілігін күшейтеді.

2.1. Визуализация және виртуальды зерттеу

Тарихи оқиғаларды көз алдына елестету – оларды меңгерудің кілті.

- Виртуалды саяхаттар (VR/AR): ЖИ негізіндегі бағдарламалар оқушыларды ежелгі Римге, Түркістан қаласының ордасына немесе белгілі бір шайқас алаңына "апаруы" мүмкін. Бұл өткенді тәжірибелік түрде сезінуге көмектеседі.
- Картографиялық талдау: ЖИ алгоритмдері ежелгі мемлекеттердің шекараларының өзгеруін, көш-қон жолдарын немесе сауда бағыттарын динамикалық карталарда көрсетуге қабілетті.

2.2. Тарихи тұлғалармен "диалог"

ChatGPT сияқты үлкен тілдік модельдер (LLM) арқылы оқушылар белгілі бір тарихи тұлғаның (мысалы, Абылай хан, Әл-Фараби) рөліне еніп, сұрақтар қоюына болады.

- Тиімділігі: Бұл әрекет оқушының коммуникативті дағдыларын және тарихи деректерді жылдам талдау қабілетін дамытады. ЖИ-дің жауаптары тарихи контекстке сәйкес құрастырылады (әрине, мұғалімнің бақылауымен).

\$\$\text{ЖИ диалогы} \rightarrow \text{Сыни ойлау} + \text{Эмпатияны дамыту}\$\$

2.3. Дереккөздерді талдау және фактілерді тексеру

ЖИ үлкен көлемдегі тарихи құжаттарды (архивтік жазбалар, шежірелер) өңдеп, олардағы маңызды мәтіндерді бөліп көрсете алады. Бұл деректерді салыстыруға және автордың көзқарасын анықтауға септігін тигізеді.

3. Педагогикалық әдістеме: ЖИ-ді оқу процесіне интеграциялау

ЖИ-ді тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің арнайы әдістемелік дайындығы қажет.

3.1. Мұғалімнің жаңа рөлі

ЖИ енген жағдайда мұғалім ақпарат таратушыдан фасилитаторға (процесс жетекшісіне) айналады. Мұғалімнің негізгі міндеттері:

- Сұрақ қою: ЖИ-ден алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға бағыттайтын сұрақтарды қалыптастыру.
- Этикалық бағдар: ЖИ арқылы алынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру және академиялық адалдыққа тәрбиелеу.
- Құралдарды таңдау: Сабақтың мақсатына сай ең тиімді ЖИ платформасын таңдау (мысалы, контент генерациясы үшін ChatGPT, бейнелеу үшін Midjourney немесе басқа арнайы құралдар).

3.2. Сабақтарды жоспарлаудағы ЖИ-дің көмегі

Мұғалімдер ЖИ-ді келесі жұмыстарға пайдалана алады:

1. Дифференциацияланған тапсырмалар: Әртүрлі деңгейдегі оқушыларға арналған материалдарды (жеңілдетілген мәтіндер, күрделі талдау сұрақтары) жылдам дайындау.

2. Сабақ жоспарының жобасын жасау: Тақырыпты, мақсаттарды енгізу арқылы ЖИ-дің сабақ құрылымын ұсынуы.

3. Тесттер мен викториналар: Білімді автоматты түрде бағалауға арналған сұрақтарды (Kahoot, Quizizz сияқты платформалармен үйлесімде) жылдам генерациялау.

4. ЖИ-ді қолданудағы қауіптер мен шектеулер

ЖИ-дің әлеуеті зор болғанымен, оны қолдану барысында бірқатар педагогикалық және этикалық мәселелер туындайды.

4.1. Ақпараттың нақтылығы және "Галлюцинация"

ЖИ жүйелері кейде ойдан шығарылған, бірақ логикалық тұрғыдан дұрыс көрінетін ақпараттар береді. Тарих – фактіге негізделген пән болғандықтан, бұл мәселе шешуші. Мұғалім әрқашан ақпаратты көптеген сенімді дереккөздермен (зерттеулер, архивтік құжаттар) салыстыруы керек.

4.2. Академиялық адалдық және плагиат

Оқушылардың ЖИ арқылы эссе немесе рефераттарды толығымен жазып алу қаупі бар. Бұл сыни ойлаудың дамуына кері әсер етеді.

Шешім: Тапсырмаларды ЖИ-дің орындай алмайтын, жеке тәжірибеге, жергілікті тарихқа немесе синтездік талдауға бағыттайтын форматта беру.

4.3. Цифрлық теңсіздік

Қазақстанның аумағында интернетке қолжетімділік пен технологиялық инфрақұрылымның әртүрлі болуы мүмкін. ЖИ құралдарын барлық оқушыларға бірдей қолжетімді ету — білім беру саясатының маңызды басымдығы.

Қорытынды

Жасанды интеллект – тарих пәнін оқытудағы революциялық әлеуеті бар құрал. Оны тиімді пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырады, тарихи деректерді терең талдауға және заманауи дағдыларды (зерттеу, сыни бағалау) меңгеруге мүмкіндік береді.

Тиімді интеграция:

- Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруды талап етеді.
- Күрделі, ашық типтегі тапсырмаларды құрастыруға бағытталуы тиіс.
- Академиялық адалдық принциптерін қатаң сақтауды талап етеді.

Тарих сабақтарында ЖИ-ді дұрыс бағытта қолдану арқылы, біз оқушыларға өткенді тек жаттаушы емес, талдаушы және зерттеуші ретінде қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мусралинова Д. Тарих пәнін оқытуда жасанды интеллект платформаларын тиімді қолдану. [2023].

2. UNESCO. Ethics of the Use of Artificial Intelligence in Education. [2023].
3. ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN KAZAKHSTAN HISTORY LESSONS: ENHANCING ENGAGEMENT AND ACADEMIC ACHIEVEMENT AMONG 6TH-7TH GRADE STUDENTS. Вестник Актыубинского регионального университета имени К. Жубанова, 2025.
4. Жасанды интеллектті қолдана отырып, өрт белгілерін тану. Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы.
5. Тарих пәнін оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану. Daryn.online.
6. Artificial intelligence in kazakhstan's education system. YSJ.YU.EDU.KZ.
7. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру мен технологияларға қатысты тұжырымдары.

Резюме

В статье рассматривается педагогический потенциал эффективного использования Искусственного Интеллекта (ИИ) в преподавании истории. Автор подчеркивает значение ИИ-технологий в визуализации исторических данных, анализе источников и развитии критического мышления учащихся. Отмечается, что цифровые инструменты на основе ИИ способствуют формированию исследовательских умений, повышению мотивации к обучению и построению индивидуальных образовательных траекторий. Роль учителя при этом рассматривается как роль наставника и модератора образовательного процесса с применением ИИ.

Ключевые слова: искусственный интеллект, преподавание истории, цифровая педагогика, исследовательские навыки, критическое мышление, образовательные технологии, визуализация данных, адаптивное обучение, педагогический потенциал.

Summary

The article explores the pedagogical potential of using Artificial Intelligence (AI) effectively in teaching history. The author highlights the importance of AI technologies in visualizing historical data, analyzing sources, and developing students' critical thinking. AI-based digital tools are shown to enhance research skills, increase learning motivation, and support the creation of personalized learning paths. The teacher's role is viewed as that of a mentor and facilitator guiding the educational process with the help of AI.

Keywords: artificial intelligence, history teaching, digital pedagogy, research skills, critical thinking, educational technologies, data visualization, adaptive learning, pedagogical potential.

ОӘК: 159.92

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕГЕ ӘСЕРІ

Алтинбаев Бахтияр Пахитжанович

№1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы, Алматы, Қазақстан

Түйін. Бұл мақалада жасанды интеллектіні (ЖИ) тарих пәнін оқыту процесінде тиімді пайдалану арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. Цифрлық дәуірде білім беру жүйесіне жаңа технологиялардың енуі мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу сипатын өзгертті. Тарих сабағында ЖИ құралдарын қолдану тек ақпараттық ізденіс пен деректерді талдауға емес, сонымен қатар ұлттық сана-сезімді, патриотизмді, толеранттылық пен ізгілікті дамытуға ықпал етеді.

***Түйін сөздер:** жасанды интеллект, тарих пәні, рухани-адамгершілік тәрбие, цифрлық білім беру, патриотизм, тұлғалық даму.*

Мәселенің қойылуы: Қазіргі заманда жасанды интеллект технологиялары қоғамның барлық саласына еніп, білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуде. Тарих пәнін оқытуда ЖИ-ді тиімді пайдалану тек ақпаратты автоматтандыру немесе білім беру сапасын арттыру құралы емес, сонымен бірге оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал ететін маңызды факторға айналуға тиіс. Себебі тарих тек өткенді танытпайды, ол – ұлттың рухани жады, мәдени құндылықтардың қайнар көзі. Сондықтан мұғалімдер ЖИ-дің мүмкіндіктерін қолдана отырып, тарихи оқиғаларды оқушыға тереңірек ұғындыру, тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі арқылы адамгершілікке баулу міндетін атқаруы тиіс.

Мақаланың негізгі мақсаты – тарих пәнін оқытуда жасанды интеллекті тиімді пайдалану арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту жолдарын айқындау. Сонымен қатар, ЖИ технологияларының білім беру процесіндегі рөлін ашып, оның оқушылардың тұлғалық қалыптасуына тигізетін тәрбиелік ықпалын талдау көзделді.

XXI ғасырдың білім беру кеңістігі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Ғылыми-техникалық прогресс пен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы дәстүрлі педагогикалық жүйелерді жаңа мазмұнмен байытты. Әсіресе жасанды интеллекті (ЖИ) білім беру процесіне енгізу білім беру философиясын жаңа деңгейге көтерді. Егер бұрын білім тек ақпарат берудің формасы болса, бүгінгі таңда ол тұлғаның рухани әлемін, мәдениетін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың кешенді жүйесіне айналды. Тарих пәні — осы рухани мазмұнның өзегі. Тарих адамды ұлттың өткенімен, мәдениетімен, өркениет тәжірибесімен байланыстырады, яғни тұлғаның рухани іргетасын қалыптастырады. Сондықтан тарих пәнін оқытуда ЖИ технологияларын енгізу білімнің сапасын ғана емес, оның тәрбиелік әсерін де күшейтеді. Жасанды интеллекттің басты артықшылығы — ақпаратты өңдеу жылдамдығы мен деректерді терең талдау қабілетінде. Тарих пәнінде бұл қасиеттер тарихи деректердің шынайылығын анықтауға, салыстырмалы талдау жүргізуге, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіруге мүмкіндік береді. Бірақ педагогикалық тұрғыдан алғанда, ЖИ-дің ең маңызды қыры — оның адамдық ойлауды модельдеу арқылы оқушылардың сыни және адамгершілік тұрғыдан пайымдау қабілеттерін дамытуы. Зерттеуші С. Ермекбаева атап өткендей, технологияның рухани мәні – ол адамның ішкі дүниесіне бағытталғанда ғана ашылады. Егер ЖИ тек техникалық құрал ретінде қарастырылса, онда ол оқытудың рухани мазмұнын әлсіретуі мүмкін. Ал оны тұлғаның ішкі құндылықтарын дамыту мақсатында қолдану – педагогтың басты міндеті[1].

Қазіргі таңда білім беру саласында ЖИ-дің қолданылуы үш негізгі бағытта көрініс табады: ақпараттық талдау, интерактивті оқыту және бейімделген (адаптивті) білім беру. Тарих сабағында бұл бағыттар рухани тәрбие берудің тиімді тетігіне айнала алады. Мысалы, тарихи симуляциялар арқылы оқушылар белгілі бір дәуірдің әлеуметтік ахуалын, моральдық нормаларын сезіне алады. Мұндай тәжірибе тек білім бермейді, сонымен бірге сезіну арқылы түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл – рухани тәрбиенің ең жоғары деңгейі. Ұ.Әбдіғапбаров а өз еңбегінде «ЖИ технологиялары баланың адамгершілік тәжірибесін байытуға бағытталған кезде ғана оның білімдік құндылығы артады» деп көрсетеді. Яғни технологияның тәрбиелік әлеуеті оны қалай және не мақсатта қолдануға байланысты[2].

Тарих пәні – адамзаттың ізгілік жолындағы ізденісінің айнасы. Әрбір тарихи оқиға – адам мен қоғамның моральдық таңдауының көрінісі. Осы тұрғыда ЖИ оқушыларға тарихи тұлғалардың әрекеттерін талдау арқылы олардың шешімдерінің адамгершілік маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы, Алаш қозғалысы, Ұлы Отан соғысы сияқты тарихи кезеңдерді зерттеу барысында ЖИ құралдары нақты деректермен жұмыс істеуді жеңілдетеді. Бірақ ең маңыздысы – осы

деректер негізінде оқушылардың рухани пайымдау қабілетін дамыту. Тарихты механикалық түрде үйрену емес, оның адамдық мағынасын түсіну маңызды.

Батыс ғалымдары да бұл тұрғыда терең зерттеу жүргізуде. Мәселен, Ховард Гарднер «Digital Ethics in Education» атты еңбегінде «Технология білімді тездетеді, бірақ ол адамды ізгілендірмесе, рухани құлдырауға әкелуі мүмкін» деп ескертеді. Бұл ой – қазіргі педагогикадағы басты қағидаға айналып отыр. ЖИ – адамды алмастыратын емес, оның рухани өсуіне жәрдем беретін құрал. Егер мұғалім оны дұрыс бағытта қолданса, онда ол тұлғаның ішкі мәдениетін жетілдіретін жаңа мүмкіндікке айналады[3].

Қазақстандық педагог-ғалымдар да осы бағытта өз пікірлерін білдіріп жүр. Мәселен, С. Ахметова «Ұлттық код және цифрлық білім беру үрдістері» атты еңбегінде ұлттық құндылықтар мен инновациялық технологиялардың үйлесімін «рухани жаңғырудың өзегі» деп атаған. Оның пікірінше, жасанды интеллект ұлттық тарихты оқытудың мазмұнын тереңдетіп, оны заманауи формада жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, жас буынның тарихи сана-сезімін қалыптастыруда аса маңызды. Мысалы, ЖИ негізінде жасалған виртуалды музейлер, 3D форматтағы тарихи реконструкциялар оқушыларды тарихты сезінуге, өткенмен рухани байланыс орнатуға жетелейді. Мұндай визуалды және интерактивті тәсілдер баланың жүрегіне әсер етеді, оның отансүйгіштік және ізгілік сезімін оятады[4].

Білім беру психологиясы тұрғысынан қарағанда, рухани тәрбие – тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамыту процесімен тікелей байланысты. ЖИ технологиялары бұл бағытта оқушыларға жеке оқу траекториясын ұсыну арқылы қолдау көрсетеді. Әрбір оқушы өзінің қабілеті мен қызығушылығына сәйкес жеке бағытта дамуға мүмкіндік алады. Мұндай тәсіл тұлғаның өзін-өзі бағалау, жауапкершілік, ынта, еңбексүйгіштік сияқты моральдық сапаларын қалыптастырады. Бұл – ЖИ-дің тәрбиелік әсерінің маңызды аспектісі.

Зерттеуші Л. Кольберг өзінің моральдық даму теориясында «адамгершілік – адамның шешім қабылдауындағы ішкі өлшем» дейді. Егер білім беру жүйесі оқушыларды ойлануға, моральдық дилеммаларға баға беруге үйретсе, онда рухани даму жүзеге асады. Тарих пәнін оқытуда ЖИ арқылы осындай жағдай жасауға болады. Мысалы, ЖИ моделіне тарихи жағдай енгізіліп, оқушылар сол дәуірдегі моральдық таңдауларды талдай алады. Бұл әдіс олардың моральдық пайымдау қабілетін дамытады, рухани кемелденуге жол ашады[5].

UNESCO баяндамасында «ЖИ білім беру жүйесінде адамгершілік өлшемді күшейтуге бағытталуы тиіс» делінген. Бұл қағида мұғалімдерге жаңа міндет жүктейді: технологияны қолдану барысында рухани тәрбиеге басымдық беру. Тарих пәнінің мұғалімі тек білім беруші емес, адамгершілік бағыттаушы, мәдениет таратушы, рухани кеңесші рөлін атқарады. Ол ЖИ құралдарын пайдалана отырып, әрбір оқушының тарихи оқиғаларға қатынасын моральдық тұрғыдан ұғынуға бағыттайды. Мысалы, өткендегі соғыстар мен қақтығыстарды зерттеу кезінде ЖИ талдау нәтижесінде бейбітшілік, төзімділік, әділеттілік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар туралы ой қозғауға мүмкіндік береді[6].

Сонымен қатар, ЖИ мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетті жандандырады. Психолог В. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясына сәйкес, оқушының танымдық дамуы оның әлеуметтік қарым-қатынас арқылы іске асады. ЖИ мұғалімге бұл процесті оңтайландырып, оқушылардың өзара диалогқа түсуін қамтамасыз етеді. ЖИ-дің интерактивті платформалары оқушыларды тарихи пікірталасқа, ой бөлісуге, бірлесіп шешім қабылдауға үйретеді. Мұндай ортада адамгершілік мәдениеті қалыптасады, себебі өзгенің пікірін тыңдау, дәлелдеу, сыйлау – этикалық тәрбиенің негізі[7].

ЖИ технологияларын қолдану рухани тәрбиеде мұғалімнің беделін төмендетпейді, керісінше арттырады. Себебі мұғалім – рухани бағыт беруші, технология тек құрал. Білім философы К. Роджерс «Оқушыны тұлға ретінде қабылдау – нағыз гуманистік

педагогиканың мәні» деп айтқан. Бұл қағида тарих пәні мен ЖИ арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Технология құрал болса, рух – мақсат[8].

ЖИ арқылы тарихты оқыту тұлғаның адамгершілік дамуына үш бағытта әсер етеді: когнитивтік (ойлау, талдау, түсіну), эмоционалдық (сезіну, эмпатия, толеранттылық) және мінез-құлықтық (іс-әрекет, жауапкершілік, моральдық шешім). Бұл үш өлшем бір-бірімен тығыз байланыста болғанда, оқыту процесі нағыз рухани тәрбиеге айналады. Осылайша, ЖИ тек ақпарат көзі емес, адамгершілік дамудың катализаторы рөлін атқарады.

Қорытындылай келе, тарих пәнін оқытуда жасанды интеллектіні тиімді пайдалану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін де тереңдетеді. ЖИ арқылы жүзеге асырылатын интерактивті оқыту әдістері тұлғаның тарихи санасын, ұлттық рухын, адамгершілік сезімін және жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Технология мен руханияттың үйлесімді байланысы нәтижесінде қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның тек интеллектуалды емес, рухани дамуына да жағдай жасайды. Сондықтан тарих сабағында ЖИ құралдарын жүйелі және педагогикалық тұрғыдан сауатты қолдану – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеудің жаңа мүмкіндігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Еремекбаева, Г. Рухани-адамгершілік тәрбиенің қазіргі тенденциялары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024. – 156 б.
2. Әбдіғапбарова, Ұ. Білім беруде жасанды интеллектіні қолданудың педагогикалық аспектілері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 184 б.
3. Gardner, H. Digital Ethics in Education. – Cambridge: Cambridge University Press, 2020. – 210 p.
4. Ахметова, С. Ұлттық код және цифрлық білім беру үрдістері. – Алматы: Арда баспасы, 2023. – 172 б.
5. Kohlberg, L. Essays on Moral Development. – New York: Harper & Row, 1984. – Vol. 2. – 345 p.
6. UNESCO. Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris: UNESCO Publishing, 2021. – 98 p.
7. Выготский, Л. С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1934. – 287 с.
8. Rogers, C. A Way of Being. – Boston: Houghton Mifflin, 1995. – 395 p.

Резюме

В данной статье рассматривается значение эффективного использования искусственного интеллекта (ИИ) в процессе преподавания истории для формирования духовно-нравственных ценностей учащихся. В эпоху цифровизации внедрение новых технологий в систему образования изменило характер взаимодействия между учителем и учеником. Применение ИИ на уроках истории способствует не только информационному поиску и анализу данных, но также развитию национального самосознания, патриотизма, толерантности и гуманизма.

Ключевые слова: искусственный интеллект, предмет история, духовно-нравственное воспитание, цифровое образование, патриотизм, личностное развитие.

Summary

This article examines the significance of effectively using artificial intelligence (AI) in the process of teaching history to foster students' spiritual and moral values. In the digital era, the introduction of new technologies into the education system has transformed the nature of interaction between teachers and students. The use of AI in history lessons contributes not only to information search and data analysis but also to the development of national consciousness, patriotism, tolerance, and humanism.

Keywords: artificial intelligence, history subject, spiritual and moral education, digital learning, patriotism, personal development.

ОӘК: 51-77.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ТАРИХИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Өскенбаева Лаура Азатқызы

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Түйін. Бұл мақалада математика сабағында тарихи материалдарды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Тарихи мәліметтерді енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады. Автор математикалық ұғымдардың шығу тарихын, ұлы математиктердің еңбектерін және тарихи есептерді оқу процесіне кіріктірудің маңызын атап өтеді. Мақалада тарихи материалдарды қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту және білімді терең меңгерту тәсілдері көрсетіледі.

Түйін сөздер: математика, тарихи материалдар, танымдық қызығушылық, оқу процесі, тұлғалық даму, тарихи есептер.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Математиканы оқытуда тарихи мәліметтерді қолдану мәселесі де осындай міндеттердің шешімін табудың бір жолы ретінде қарастырылады. Оны XIX ғасырдың аяғында басталып, күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспеген мәселелер қатарынан деуімізге әбден болады. Орта мектепте математика сабақтарында тарихи элементтерді пайдалану тәжірибеге енгізілген. Тарихи мәліметтерді математика сабағына енгізу мақсаттары әр уақытта әр түрлі анықталып келді.

Алайда жалпы міндеттер ретінде келесі мақсаттарды бөліп көрсетуге болады: - оқушылардың ынтасын арттырып, математиканы тереңірек түсіндіру, оқылатын мәліметтерге қызықтыру; - оқушылардың ақыл-ойын кеңітіп, олардың жалпы мәдениетін көтеру; - Қазақстан математикасының тарихымен таныстыру оқушыларды тәрбиелеудің жалпы мақсатына жатады. Орта мектептің математика бағдарламасындағы «Математиканы оқытудың жалпы мақсаттары мен міндеттері» тарауында былай жазылған: «Мектеп курсының мазмұнына әсері мол тарихи оқиғаларды енгізу арқылы оқушыны маңызды жаңалықтардың тағдырымен, сол жолдағы қиын әрі саналы күреспен, ғылымды таратушылардың аттарымен таныстыру керек» [1]. Алайда, бағдарламада математика тарихынан қандай мәліметтерді қай сыныпта, қандай көлемде енгізу қажет екендігі туралы нұсқаулар жоқ. Мектеп оқулықтарында ондай мәліметтер аз, математика тарихынан жалпы мәліметтер жеткіліксіз.

Математиканы оқыту әдістемесінде математика тарихынан мәліметтерді қолдану, бұл мектеп математикасының жекелеген тарауларын оқытқанда оның даму жолы мен заңдылықтарын, математиканың бізді қоршап тұрған ортамен байланысын, әр түрлі математикалық теориялардың өмір талаптарынан шыққандығын нақты фактілермен көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан сабақ үстінде және сыныптан тыс жұмыстарда математика тарихына қысқаша шолу жасау оқушылардың пәнге ынтасын арттырумен бірге, практикалық маңызын да көрсетеді.

Тарихи материалды білу оқушыға математикалық ұғымның дамуын көруіне жол ашып, оның басқа ғылымдардағы орнын терең түсінуге көмектеседі, ал нәтижесінде білім мен тәрбиенің сапасын арттырады. Егер мұғалім математиканың тарихын білсе, осы білімін пайдалана отырып, ол оқу үрдісін реттеп, математиканы оқушылар үшін түсініктірек етіп үйлестіре алады. Оқушылар әрбір дерексіз математикалық ұғымдар мен символдардың пайда болуының себебін біліп, олардың дамуының тарихы туралы мағлұмат алса, онда олардың математикаға деген ынтасы мен құштарлығы артады. Сонымен қатар, тарихи материалдар оқушылар ойында жақсы сақталады, сондықтан математикалық материалдардың тарихын айту арқылы ол материалдың оқушылар ойында ұзақ уақытқа сақталуын қамтамасыз етуге болады.

Ғылымның тарихынан мәлімет беру, жоғарыда айтылғандай, танымдық тұрғысынан өте пайдалы, өйткені ол оқушыларда диалектикалық–материалистік дүниетаным қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудыратын тиімді құрал болып табылатын математика тарихының элементтері оқушыларға патриоттық және интернационалистік тәрбие беру құралдарының бірі болып саналады. Өз отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына, өлкесіне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сондықтан оқушылардың патриоттық сезімдерін дамыту үшін оларды халық шаруашылығының, мәдениетінің, ғылымының даму тарихымен таныстыру өте маңызды. Мысалы, патриоттық сезімді тереңдетіп,

Қазақстанға деген сүйіспеншілікті арттырып, жерлестер үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу үшін республикадағы математика мен математикалық білімнің даму тарихынан мәліметтерді қолданудың маңызы зор. Оқушыларға Отырар қаласында (Оңтүстік Қазақстан аумағында болған қала) тұрған ұлы энциклопедист – ғалым, шығыстың орта ғасырлардағы ойшылы Әбу Наср Фараби (әл- Фараби) мен атақты математик және астроном Аббас Ибн Саид Жаухаридің (әл-Джаухари) аттары белгілі болуға тиіс. Әл-Фарабидің арифметикадан, геометриядан, тригонометриядан еңбектері мен математикалық әдістерді практикалық есептер шығаруда қолдануға арналған зерттеулері өте қызықты болып табылады.

Мұғалім тек оқулық бойынша оқытып қана қоймай, сабақта әр өтілген материалдың шығу, даму тарихын, өмірдегі пайдасын қысқа әрі қызықты түрде оқушыларға жеткізіп отырса, сабақ қызықты өтеді, оқушылар жан-жақты білім алады және мұғалімнің беделі де жоғарылай түседі. Мұғалім тарихи мағлұматтарды пайдалана отырып, математиканың адам өмірінде қандай рөл атқарғанын, математика саласында жаңа бір табысқа жету үшін адам баласының қандай қиындықтардан өткендерін, жүздеген жылдар бойы ізденіп, кейінгі ұрпақтарға мол мұра қалдырғандығын үйретуі қажет.

Тарихи материалды сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады. Кейде тарихи мәліметтерді жаңа тақырыпты түсіндірудің алдында берген пайдалы, кейде сабақ тақырыбының жеке сұрақтарымен байланыстырған дұрыс болады, ал кей кезде математика курсының белгілі бір тарауын, тақырыбын жинақтау немесе қорытындылау ретінде қолданған тиімді болады. Жаңа тақырыптың алдында қолданылған тарихи мәліметтер тақырыптың, жаңа тараудың маңыздылығына көз жеткізіп, оқушылардың қызығушылығын тудырады.

Мысалы, 5-сыныптағы “Натурал сандарды оқу және жазу” тақырыбына кіріспе әңгімеде мұғалім өзге сынып оқушыларының жұмыстарын тексеру мақсатында алдындағы оқушыларына 1-ден 40-қа дейінгі сандардың қосындысын табуды тапсырды. 1 минуттан кейін бір оқушы қол көтергенде мұғалім оған таңдана қарады, есептің шығарылуын тексеріп қарап дұрыстығына көз жеткізеді. Осы сәттен бастап бұл оқушыны «Математика королі» деп атады. Ол бала 9 жасар Карл Гаусс еді. Осы мысалды сендер де шығарып қараңдар дегенде, олардың көзі жайнап қызыға кіріседі. Біздің сыныптың «математика королі» кім екен? деген заңды сұраққа жауап тапқылары келеді.

Ұлы философ Монтен «О педантизме» атты еңбегінде былай деген: «Басқа біреуден алған білімге қанағаттанатындарға таң қаламын. Басқаның білімі бізді кейбір

нәрсеге үйреткенімен, тек қана өзіңнің даналылығыңмен ғана дана боласың ғой». Әсіресе жастарда ол қасиет басым келеді. Егерде сіз геометрия сабағында тоғыз-он жасар балаларға «Осы күнге дейін әлі ешкім бұрышты сызғышпен циркульдың көмегімен үшке бөле алмаған» десеңіз, онда екі-үш оқушы оның шешімін табуға тырысуы мүмкін. Бұл жағдай оларға екі мың жыл бойы ешкім шешпеген есепті шешемін деп үміттенуге кедергі болмайды. Бұл олардың өз-өзіне сенгендігін ғана емес, олардың кез-келген ой еңбегіне дайын екендігін де көрсетеді. Жақсы оқушы әрқашан алға шығуға тырысады, зерттеуге талпынады. Оқушы алған білімнен әсер алып, әрқашан жаңадан білімін толықтыруға тырысады. Математика тарихынан алынған мәліметтерге шолу жасау және оны қолдану әдістемелік қиындық тудырады. Ол үшін: - математика пәнінен бағдарламаларды басшылыққа алу керек; - оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Тарихи материалды таңдағанда пән бағдарламасын жетекшілікке алу керек. Таңдалған материалда математиканың ғылым ретінде дамуының негізгі мәліметтері берілуге тиіс. Сонымен қатар тарихи материалды беру кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін, ойлау қабілеттерін, дайындығын ескеру керек. Тарихи материалды жай ғана әңгімелеп бермей, бағдарламалық материалмен үйлестіріп, білім беру және тәрбиелеу мақсатында қолдану керек. Алынған тарихи материал көлемі тым көп болмағаны дұрыс, яғни математика сабағын тарих сабағына ауыстырмау керек. Оны қолданудағы басты мақсатты ұмытпаған жөн: тарихи материал математикаға деген қызығушылықты арттырып, оны терең түсінуге ықпал етуі тиіс.

Математика ғылым ретінде есептен пайда болған және есеп арқылы дамиды. Оқушыларды математикаға қызығушылын артыру барысында ойлау қабілетін дамыту үшін әртүрлі есептердің шығу тарихымен таныстыру керек. Көптеген тарихи мәліметтер есеп түрінде болып келеді. Тарихи есептер: қызықты тарихи есептер, ежелгі классикалық тамаша бес есеп; шешімі жоқ салу есептері, «жеңілмейтін, берілмейтін», «жауыз есептер», «математиканың көркі», «ұлы», «биік шың», «даңқты» және қазақтың байырғы есептері, қазақтың қара есептері; әсемгерлік есептер т.б. деп аталып жүр. Тарихи материалды сабақта қолдануда оқушылардың өздерін де қатыстыруға болады. Математикаға аса қызықпайтын оқушылардың өздері тарихи тақырыпқа хабарлама дайындауды ұнататынын тәжірибе көрсетті. Оқушыларды өздік жұмыс істеуге үйрету үшін хабарлама материалдарын біртіндеп күрделендіріп отыру қажет. Ең басында оқушыға дайын хабарлама материалы беріледі, кейін оқушыға хабарламаның тақырыбы мен әдебиеттер тізімін ғана беру керек, сонда оқушы хабарламаны өзі дайындап, сынып алдында оны қорғайды. Осылайша оқушылар біртіндеп анықтама және оқу әдебиеттерімен өздігінен жұмыс істеді үйренеді.

Қорыта айтқанда, тарихи материалдарды қолдану оқушылардың математикаға қызығушылығын оятып, математиканы тереңірек түсінуге оң әсерін тигізеді, оқушылардың ойлауын дамытып, ақыл-ойын кеңітіп, олардың жалпы мәдениетін көтеруге зор үлес қосады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Программа по математике для V-VI средней общеобразовательной школы
2. Гнеденко Б.В. Очерки по истории математики в России М., 1946.
3. Нурсултанов К. Очерк истории математических знаний в Казахстане и вопросы использования ее материалов в педагогическом процессе. Диссертация на соискание уч.ст. канд. пед. наук. Алматы, 1975 – 189 стр.

Резюме

В статье рассматриваются пути эффективного использования исторических материалов на уроках математики. Включение исторических сведений способствует повышению интереса учащихся к предмету, развитию их логического и критического мышления. Автор подчеркивает значение изучения истории математических понятий,

трудов великих математиков и исторических задач в учебном процессе. Также описываются методы расширения кругозора и углубления знаний учащихся через применение исторических фактов и примеров.

Ключевые слова: математика, исторические материалы, познавательный интерес, учебный процесс, развитие личности, исторические задачи.

Summary

The article explores the effective use of historical materials in mathematics lessons. Integrating historical information enhances students' interest in the subject and develops their logical and critical thinking skills. The author emphasizes the importance of incorporating the history of mathematical concepts, the works of great mathematicians, and historical problems into the learning process. The article also presents methods for broadening students' worldviews and deepening their understanding through historical examples and facts.

Keywords: mathematics, historical materials, cognitive interest, learning process, personal development, historical problems.

ОӘК: 51-77

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Таңатарова Анар Асылбекқызы

математика пәні мұғалімі

*Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі*

Түйін. Бұл мақалада математика сабақтарында жасөспірімдермен жұмыс жүргізудің психологиялық аспектілері қарастырылады. Автор оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың эмоционалды және когнитивті даму деңгейін, мотивация мен өзін-өзі бағалау факторларын ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыру жолдарын сипаттайды. Математика пәні оқушылардан зейінділік, табандылық және сыни ойлауды талап етеді, сондықтан педагогтың психологиялық сауаттылығы, эмпатиясы мен эмоционалды қолдауы оқушының пәнге деген көзқарасы мен оқу жетістігіне тікелей әсер етеді. Мақалада эмоционалдық интеллектіні дамыту, ынталандыру және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру тәсілдері де қарастырылады.

Түйін сөздер: жасөспірім, психологиялық қолдау, мотивация, эмоциялық интеллект, математика сабағы, оқыту процесі.

Кіріспе. Жасөспірімдермен математика сабағында жұмыс жүргізу көптеген педагогтар үшін күрделі міндет болып табылады. Жасөспірімдік кезең — физикалық, эмоциялық және психологиялық дамудағы жылдам өзгерістермен сипатталатын ерекше өмірлік кезең, сондықтан ол оқытуда ерекше көзқарасты қажет етеді. Бұл мақалада математика сабақтарында жасөспірімдермен жұмыстың психологиялық аспектілері қарастырылып, оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі етуге көмектесетін тиімді стратегиялар ұсынылады.

Жасөспірімдік шақ тек физиологиялық өзгерістермен ғана емес, сонымен қатар эмоциялық саладағы күрт ауытқулармен де сипатталады. Бұл жастағы оқушылар өзін-өзі тану, қоғамдағы орнын анықтау және құрдастарымен қарым-қатынас орнату барысында түрлі қиындықтарға тап болады. Мұндай жағдайлар қорқыныш, сәтсіздікке ұшыраудан үрей, айналасындағылар тарапынан түсінбеушілік сияқты жағымсыз эмоцияларға әкелуі

мүмкін. Сондықтан мұғалімдер математика сабағында жасөспірімдермен жұмыс жасағанда осы факторларды ескеріп, сенімге, қолдауға және өзара түсіністікке негізделген атмосфера қалыптастыруы қажет. Мақалада осындай қиындықтарды жеңуге және математика сабақтарын жасөспірімдер үшін эмоциялық тұрғыда жайлы етуге көмектесетін әдіс-тәсілдер қарастырылады [4].

Жасөспірімдердің математика пәнін меңгеруіне психологиялық факторлардың әсері — осы пәнді табысты оқытудың маңызды құрамдас бөлігі. Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері олардың математикаға деген қызығушылығына және білімді меңгеру тиімділігіне тікелей ықпал етеді.

Мұндай факторлардың бірі – мотивация. Жасөспірімдердің өз қызығушылықтары, мақсаттары мен тілектері бар және олар кейде мектеп бағдарламасындағы мазмұнмен сәйкес келе бермейді. Сондықтан мұғалім оқушылардың жеке мотивациясын ескеріп, оқу материалын өмірлік жағдайлармен байланыстыруы тиіс. Бұл тәсіл оқушылардың математикалық білімнің өз өмірлеріндегі маңызын сезінуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды фактор – өзін-өзі бағалау. Жасөспірімдік шақта адам өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалай бастайды. Егер оқушы өз математикалық қабілетіне сенбесе немесе қателесуден қорықса, бұл оның оқу жетістігіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұғалімдер қолдаушы және сенімге негізделген орта қалыптастыруы қажет, мұнда қателіктер жазалау емес, даму мен жетілу мүмкіндігі ретінде қабылданады [1].

Сондай-ақ жасөспірімдердің эмоциялық күйі де маңызды рөл атқарады. Күшті эмоциялар — стресс, мазасыздық немесе қорқыныш — назарды бөледі және есепті шешу сапасын төмендетеді. Мұғалімдер оқушылардың эмоциялық жағдайына мән беріп, өзін-өзі реттеу және күйзелісті жеңу стратегияларын үйретуі қажет. Бұл тәсіл оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, эмоционалды тұрақтылығына және оқу жетістігіне қол жеткізуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік орта да жасөспірімдердің математика пәнін меңгеруіне әсер етуі мүмкін. Құрдастармен және мұғалімдермен өзара әрекеттесу пәнге деген қызығушылықты арттыруы да, керісінше оны төмендетуі де ықтимал.

Оқушылардың мотивациясы мен өзін-өзі бағалауын дамыту математика сабағында оқыту процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Жасөспірімдердің қызығушылықтары мен бейімдері әртүрлі болғандықтан, педагогтың негізгі міндеті — оқуға ынталандыратын орта құрып, әрбір оқушының өз мотивациясын табуына көмектесу.

Мотивацияны дамытудың негізгі аспектілерінің бірі — оқушыларды оқу процесіне белсенді тарту. Мұғалімдер проблемалық оқыту, топтық жұмыс сияқты түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, қызығушылық пен оқуға деген ұмтылысты арттыра алады. Сонымен бірге сенім мен қолдау атмосферасын қалыптастыру маңызды, өйткені әр оқушы өзін жайлы сезініп, өз жетістіктерін саналы түрде қабылдай алуы қажет [4].

Сондай-ақ, жасөспірімдерге математика пәніне қатысты жағымды өзін-өзі бағалау қалыптастыруға көмектесу қажет. Көптеген оқушылар бұл пәннен қорқады, себебі есептер күрделі, ал бұрынғы нәтижелері сәтсіз болуы мүмкін. Мұғалім олардың қателікке деген көзқарасын өзгертіп, оқу процесінің өзіне назар аударудың маңызын көрсетуі тиіс. Тек нәтиже ғана емес, еңбек пен талпыныстың бағалануы оқушылардың өз күшіне сенімін арттырады. Мұғалімнің тұрақты мадақтауы, шағын жетістіктерін мойындауы да оқушылардың өзін-өзі бағалауына оң әсер етеді.

Жасөспірімдермен жұмыс істеудің маңызды қырларының бірі — олардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру. Әрбір оқушының оқу стилі әртүрлі, сондықтан мұғалім оқу материалын және әдістемесін бейімдеуге дайын болуы керек. Көрнекі материалдарды немесе интерактивті тапсырмаларды пайдалану математикалық ұғымдарды нақтырақ елестетуге, оқу процесін қызықты әрі түсінікті етуге мүмкіндік береді [2].

Қорытындылай келе, математика сабақтарында жасөспірімдермен жұмыс жасау — олардың мотивациясы мен өзін-өзі бағалауын дамытуға бағытталған ерекше назар мен психологиялық икемділікті қажет етеді.

Жасөспірімдермен жұмыс барысында мұғалім эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтармен бетпе-бет келуі мүмкін. Алайда, белгілі бір стратегиялар бұл қиындықтарды жеңуге және оқу үшін қолайлы атмосфера құруға мүмкіндік береді.

Маңызды аспектілердің бірі — сенімді қарым-қатынас орнату. Мұғалім оқушылардың эмоциялық жағдайына түсіністікпен қарап, қолдау көрсетуі керек. Бұл әсіресе оқушының математика пәніне немесе өз қабілеттеріне қатысты теріс эмоциялар сезінетін жағдайларда өзекті. Мұндай сәттерде мұғалім сабырлық танытып, оқушыға қорқынышын жеңуге және өзіне деген сенімділікті қалпына келтіруге көмектесуі қажет.

Сонымен қатар, пайдалы стратегиялардың бірі — жасөспірімдердің өз уақытын тиімді ұйымдастыруына және мінез-құлқын бақылауына көмектесетін әдістерді қолдану. Мысалы, оларға сабақ жоспарын құру, жеке оқу кестесін жасау, мақсаттар қою сияқты тәсілдерді ұсынуға болады. Мұндай әдістер жасөспірімдерге өз өмірін басқару сезімін қалыптастырып, математикаға деген оқу мотивациясын арттырады.

Маңызды стратегиялардың бірі – кері байланысқа позитивті көзқарасты қолдану. Қателіктер мен кемшіліктерге назар аударудың орнына, мұғалім оқушының жетістіктерін атап көрсетіп, оның еңбегін мадақтауы тиіс. Бұл тәсіл сабақта жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыруға және жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтармен жұмыс істегенде әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды. Кейбір жасөспірімдерге қосымша қолдау немесе тапсырмаларды жекелендіру қажет болуы мүмкін [2].

Мұғалім мен жасөспірім арасындағы өзара әрекеттесу математика пәнін оқыту процесінде шешуші рөл атқарады. Бұл өзара байланыстың психологиялық аспектілері ерекше маңызға ие, өйткені дәл осы факторлар мұғалімнің жұмыс тиімділігі мен оқушының оқу нәтижесіне әсер етеді.

Бірінші психологиялық аспект – жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескеру.

Бұл жаста оқушылардың өзіндік санасы қалыптасады, сыни ойлау қабілеті дамиды және дербестікке ұмтылыс күшейеді. Сондықтан мұғалім сабақ жоспарын құру мен оқыту әдістерін таңдауда осы ерекшеліктерді міндетті түрде ескеруі тиіс. Мысалы, тәжірибелік мазмұндағы есептерді қолдану жасөспірімдерге математиканың өмірмен байланысын көруге және пәннің маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді.

Екінші аспект – сабақта сенімге негізделген атмосфера құру.

Жасөспірімдер жиі қателіктен қорқу немесе өз математикалық қабілеттеріне сенімсіздік сезімін бастан кешіреді. Мұғалімнің міндеті – шыдамдылық таныту, әрбір оқушының белсенділігін қолдау және ашық қарым-қатынасқа жағдай жасау. Мұндай ортада оқушылар өздерін қауіпсіз сезінеді және қателіктің – оқудың табиғи әрі дамуға жетелейтін бөлігі екенін түсінеді.

Үшінші аспект – оқытуды жекелендіру (индивидуализация).

Жасөспірімдердің математикалық дайындық деңгейі, қабілеті мен пәнге деген бейімділігі әртүрлі болуы мүмкін. Мұғалім өз жұмыс әдістемесін әр оқушының қажеттілігіне қарай бейімдей білуі керек: біреуге қосымша тапсырма беру, ал басқасына материалды қарапайым тілмен түсіндіру қажет болуы мүмкін.

Мұндай тәсіл оқушыларға өз жетістіктерін сезінуге, пәнге деген қызығушылығын сақтауға және алға ұмтылуға мүмкіндік береді [2].

Мұғалім мен жасөспірім арасындағы тиімді өзара әрекеттесу математика пәнін меңгерудің сәттілігіне айтарлықтай әсер етеді. Математиканы оқытуда психологиялық әдістер мен тәсілдердің рөлі зор. Олар оқушылардың оқу процесінде кездесетін қиындықтарды еңсеруге және пәнге деген оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Мұндай тәсілдердің бірі – әрбір оқушыға жеке көзқарас таныту. Жасөспірімдердің қызығушылықтары, қабілеттері және оқу стилдері әртүрлі, сондықтан мұғалім оқу материалы мен әдістемесін жекелей бейімдеп, нақты оқушыға бағыттауы керек. Бұл әдіс сабақта қолайлы психологиялық жағдай қалыптастырып, оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырады және оқу процесін анағұрлым тиімді етеді [2].

Жасөспірімдермен математика сабақтарында табысты жұмыс істеу үшін ойын элементтерін қолдану да өте тиімді тәсіл болып табылады. Ойын түріндегі оқыту пәнге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, ойлау процестерін белсендіреді және ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді. Сабақта логикалық ойындар мен басқатырғыштарды ұйымдастыруға, бәсекелестік элементтері бар тапсырмалар құрастыруға немесе логикалық ой жүгіртуді қажет ететін жағдайларды моделдеуге болады. Мұндай тәсіл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, математикалық ойлауын дамытуға септігін тигізеді.

Жасөспірімдермен жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі – позитивті қолдау мен мадақтауды пайдалану.

Математикадағы жетістіктер үшін, тіпті шағын ілгерілеулердің өзіне де мадақтау айту оқушыларды ынталандырып, әрі қарай табысқа ұмтылуға итермелейді. Бұл қолдау ауызша мадақтау, мұғалімнің жылы пікірі, немесе кей жағдайда шағын сыйлықтар мен артықшылықтар түрінде болуы мүмкін. Мұндай оң күшейту (положительное подкрепление) оқушының өзін-өзі бағалауын көтеріп, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар, жасөспірімнің психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету аса маңызды. Мұғалім сабақта өзара сенім мен қолдау атмосферасын қалыптастыруы керек, мұнда әрбір оқушы өз ойын еркін жеткізе алады және қателесуден қорықпайды. Математика пәнін оқуда жасөспірімдер кездесетін қиындықтарға шыдамдылықпен және түсіністікпен қарау қажет. Мұндай жылы қарым-қатынас пен эмоционалдық қолдау оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, олардың математикаға деген сенімін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова, Г. С. Возрастная психология [Текст]: учеб. пособие для студ. вузов / Г. С. Абрамова. — М.: Академический Проект, 2003. — 704 с
2. Гликман, И. Как стимулировать желание учиться? [Текст] / И. Гликман // Народное образование. — 2003. — № 2. — С. 139–144.
3. Эльконин, Д. Б. Избранные психологические труды. Проблемы возрастной и педагогической психологии [Текст] / Д. Б. Эльконин; под. ред. Д. И. Фельдштейна. — М.: Междунар. педагог. Академия, 1995. — 219 с.

Резюме

В статье рассматриваются психологические аспекты работы с подростками на уроках математики. Автор анализирует возрастные особенности учащихся, их эмоциональное и когнитивное развитие, а также роль мотивации и самооценки в образовательном процессе. Поскольку математика требует от школьников внимания, усидчивости и логического мышления, важную роль играет психологическая компетентность педагога, его эмпатия и эмоциональная поддержка. Также освещаются методы развития эмоционального интеллекта, стимулирования познавательной активности и формирования позитивного психологического климата на уроке.

Ключевые слова: *подросток, психологическая поддержка, мотивация, эмоциональный интеллект, урок математики, образовательный процесс.*

Summary

This article explores the psychological aspects of working with adolescents in mathematics lessons. The author examines students' age-specific characteristics, their emotional and cognitive development, and the influence of motivation and self-esteem on the learning process. Since mathematics requires concentration, perseverance, and logical thinking, the teacher's psychological competence, empathy, and emotional support play a key role in students' academic success and attitude toward the subject. The article also discusses methods for developing emotional intelligence, encouraging cognitive engagement, and creating a positive psychological atmosphere during math lessons.

Keywords: adolescent, psychological support, motivation, emotional intelligence, mathematics lesson, learning process.

ОӘК: 51-77.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Орынбек Уалихан Серікұлы

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Түйін. Бұл мақалада математика сабақтарында оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолданудың маңызы мен ерекшеліктері қарастырылады. Автор заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, пәнге деген қызығушылығын дамыту және білім сапасын жақсарту жолдарын сипаттайды. Мақалада саралап оқыту, проблемалық оқыту, цифрлық технологиялар мен топтық жұмыс элементтерін қолданудың тиімділігі нақты мысалдармен дәлелденеді. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдірудің маңыздылығы атап өтіледі.

Түйін сөздер: математика, жаңа әдіс-тәсілдер, инновациялық технологиялар, оқыту үдерісі, танымдық белсенділік, мотивация.

Кіріспе. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. [1] Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің басымдылық мақсаты-өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын сыни тұрғыдан ойлай білетін, тұлға дайындау болып отыр. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім». Біздің тәуелсіз елімізде өркениетке жетелер жолдың бастауы-білім ордалары десек, оның тірегі мұғалімдер қауымы. Ұстаз алдындағы зор міндет дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Сондықтан да, білім беруде реформалауды жүзеге асыру сатысы-іс-тәжірибені өзгертуді жүзеге асырушы: кәсіби-педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ. [2, б.7]

«Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс». Оқушының алған білімін өзі өңдеп, қорытындысын өзі дайындауға үйрету керек. Сонда ғана оқушы шығармашылыққа бет бұрып, ізденімпаздықты үйренеді. Мұғалім - басқарушы, ұйымдастырушы. Оқушы - ізденуші, орындаушы. Әрбір сабақтың нәтижеге бағытталып берілуі оқушы күзіреттілігін қалыптастырады. Оқыту жүйесі белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты

ойластырылып, тиімді қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың білімді меңгеруіне жеңіл тиеді. Мұғалім әдістемесі көп жылдар бойы ұстаздық қызметінің істәжірибесінен күнделікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады. [3,6.5] Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқуға арналған зерттеу-лердің негізгі ерекшеліктері олардың оқу сабақтарын балалар үшін қызықты, тартымды және маңызды етуге бағытталуы болып табылады.

Оқыту мен білім берудегі жаңа әдіс-тәсілдерді оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі қолдануды ұстанамын. Математика есептерін шығаруды үйретудің жалпы әдістері.

1.Синтетикалық әдіс. Берілген есепті шығарудың қажетті шарттарының бірі — сол есепке келтірілетін көмекші есептерді шығара білу. Мұндай көмекші есептерді шығару іскерліктері қалыптасқан жағдайда, бар мәселе негізгі есептің шарттарын қанағаттандыратын қасиеттердің жынтығын табуга тіреледі. Есеп шығарғанда көбінесе синтетикалық әдіс жетекші орын алады. Синтетикалық әдістің мәні мынадай: негізгі есептің кейбір мәліметтерін пайдаланып көмекші шамаларды анықтайды, яғни көмекші қарапайым есептердің бірінші сериясын шығарады. Одан соң осы есептің шешуін, негізгі есептердің мәліметтерімен қоса пайдалана отырып, көмекші есептердің екінші сериясын шығарады. Сөйтіп, негізгі есептегі ізделетін шаманы тапқанша, осы процесті жалғастыра береді.

2.Аналитикалық әдіс. Есепті аналитикалық әдіспен шығару. «Есепте қойылған мәселеге жауап беру үшін нені білу керек?» деген сұрақтан басталады. Бұл сұраққа толық жауап беру үшін есептің мәліметтерін айқындап, оның ізделетін шамамен байланысын анықтау керек.

3. Салу есептеріндегі аналитикалық әдіс. Геометриялық салу есептерін шығару барысында аналитикалық әдістің ролі арта түседі. Тек қарапайым салу есептерін алдын ала талдаусыз шығаруға болады. Ал күрделі салу есептерін шығарғанда талдау арқылы салудың жоспары жасалып, жолы көрсетіледі.

4. Алгебралық талдау. Алгебралық талдау деп алгебралық әдіс-тәсілдердің жиынтығын түсінеді. Ал есеп шығарғанда есеп мәліметтері (берілген шамалар) мен ізделетін (белгісіз) шамалардың арасында байланыс орнатылады. Бұл үшін ізделетін шаманы (белгілеп, берілген мәліметтерді пайдалана отырып, оларға қажетті амалдарды қолданылады. Сөйтіп, аралық шамаларды өрнектейді. Мұның өзі теңдеулерді немесе теңдеулер жүйесін құруға әкеледі.

5. Есеп шығарудың арнаулы әдістері. Біз бұған дейін есеп шығарудың неғұрлым жалпы әдістерін қарастырдық. Бұл әдістермен қатар, есеп шығарғанша арнаулы әдістер жиі қолданылады. Олар: сарқа сынау, жинақтау, модельдеу және ізделетін шаманың жуық мәндерін табу әдісі. [2,6.21] 2018 жылы 7 сыныпта алгебра мен геометрия сабақтарында жаңартылған бағдарлама бойынша әдіс-тәсілдерді қолданып сабақтарымды түрлендіріп өткіздім. Топқа бөліп оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімдісін іріктеп, балалардың жасына, деңгейіне байланысты топтастырдым. Сабақтарымды қызықты әрі табысты өту үшін мен «РАФТ» , «Бұрыштар», «Stop» кадр, «ДЖИГСО» әдістерін және тағы басқа әдістерін қолданамын. Солардың ішінен тақырыпты бекіту үшін қолданылған әдістердің ақпараттық технологиялардың аз қолданылатын байқадым. «MathTask» мобильді қосымшасын құрастырудағы ең басты түткісі осы болды.

«MathTask» жаңа мобильді қосымшасы Математика сабақтарында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген жаңа әдістер, мобильді қосымшалар жасалуда. Басты назар қазіргі баланың зейіні, оны қызықтыратын дүниелер. Балалардың күнделікті қолданатын ақпараттық құралдары ол-ұялы телефон. Бұдан жасалатын қорытынды математикаға қызығушылығын арттыру үшін ұялы телефонды қолдана отырып жаңа мобильді қосымша енгізу. Жаңа мобильді қосымшаның атауы «MathTask».

Бұл қосымшаның мағынасы екі сөзден тұрады, «mathematical tasks» яғни аудармасы «математикалық есептер».

«MathTask» мобильді қосымшасының басқа әдістерден айырмашылығы, әрбір есепке ұпай алу үшін есепті шығара алуы керек. Яғни, оқушы есепті шығара алмайтын болса сәйкесінше ұпай кемітіледі, сондықтан бағасы төмендейді. Сол үшін жұптарымен немесе жалғыз оқушыға бұл мобильді қосымшаны жүктеп, орындатпас бұрын тақырыпты толық меңгерту қажет. Қосымшаны тақырыпты бекіту сабақтарына қолданған өте тиімді. Тапсырмалар сыныптың оқып жатырған тақырып, бөлімдеріне байланысты топтастырады. Өтіп жатырған тақырып бойынша таңдап есеп шығаруды бастайды. Барлық балаға тақырыпты бекітуге 5 есеп берілген болса, сол есепті кім жылдам, әрі дұрыс орындаған болса сол оқушылар жоғары ұпалар алады.

Қосымшада жаңартылған мазмұн бойынша 5-7 сыныптардың есептерімен қамтылған. Тапсырмалар орындалып болғаннан кейін әрбір оқушының қанша ұпай жинағаны мониторда көрініп тұрады. Оқушының іс-әрекеті: Оқушы тақырыпты меңгеріп, есептерді шығару дағдысын дамытуы қажет. Есептер тақырыпқа сай беріледі, оны шығарып дұрыс жауабын енгізі қажет. Егерде жауабы сәйкес келсе «Дұрыс» деген жауап шығады, керісінше болса «Дұрыс емес» деген жауап шығады. Яғни бала тест орындағандай тек жауабын белгілеп қана емес сонымен қатар шығару жолын білу арқылы, оқушының бойынша есеп шығару дағдысы қалыптасады.

Оқытушының іс-әрекеті: Бұл қосымшаны пайдаланбас бұрын оқушылар тақырыпты жақсылап түсінуі қажет. Болып жатырған процесті басқару, алдын ала есептерді қарап, өзінде де дұрыс жауаптар мен қатар шығару жолы болғаны абзал. Оқушының шығарған есептерін қадағалап жүруі тиіс. Жауаптарын енгізгенде қателіктер кетпеуін қадағалау. Қорытынды бойынша оқушылардың деңгейін анықтау оңай болады, әрі қиналған тақырыптарына қайта шолу жасауға себеп болады.

Қорытынды. Қазіргі мектеп ғылым жетістіктері мен адам қызметінің әртүрлі салаларының сұраныстарына сәйкес ертеңгі күннің қажеттіліктеріне сай бола отырып, мектеп бітіруші түлектің алдағы өміріне қажетті білімінің берік іргетасын қалауы керек. Сондықтан, білімдер мен икемділіктер білім жүйесін құруға арналуы тиіс. Жалпы, білім жүйесінде ақпараттық технологиялардың тереңдеп енуі оны оқыту әдістемесін ғана емес, мазмұнын да өзгерте бастады. Математика саласында математикалық әдістер мен математикалық ойлау ғана емес, жалпы ғылыми дүниетанымын да жаңаруда. Мектепте математикалық білім беру мазмұнын жаңарту мен оны оқыту әдістемесін жетілдіруден бұрын математикалық білім беру сапасын жолға қоюымыз қажет. Қазіргі кезде математикада есептер шығару дағдысына қатысты белгілі қайшылықтан туындаған проблемалық сұрақ зерттеу жұмысының тақырыбын таңдауға ықпал еткен еді. Қайшылықтың мәні: -Математика пәнінен оқушылардың білім сапасы төмен болуы; - Математика сабақтарында есеп шығарудың дағдысының болмауы. Сонымен зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде төмендегідей ұсыныстар туындады:

«MathTask» мобильді қосымшасын математика сабақтарында қолданысқа енгізу. Қосымша ұялы телефон арқылы жұмыс жасағандықтан, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары оянады деп сенемін. Бұл математика пәнінің мұғалімдеріне үлкен мүмкіндіктер беретін еді. Оқушылардың деңгейіне байланысты жұмыстарын жоспарлауға, есептер шығару дағдысын арттыру үшін, жыл бойы тапсыратын тоқсандық, бөлімдік жиынтық бағалауларға дайындық болар еді. Қазіргі таңда оқу үрдісінде математиканы оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстан-2050» жолдауы
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық-I, 2017.
3. С.Мирсеитова , «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде.»

4. Ғаламтор сайттары.ustaz.kz\bolimderi\file\, sabad.kz.

Резюме

В статье рассматриваются значение и особенности эффективного использования новых методов и приёмов обучения на уроках математики. Автор описывает способы повышения познавательной активности учащихся, развития интереса к предмету и улучшения качества знаний посредством применения современных педагогических технологий. Приводятся примеры успешного внедрения дифференцированного, проблемного обучения, цифровых инструментов и групповой работы. Отмечается важность профессионального совершенствования учителя для успешной реализации инновационных подходов.

Ключевые слова: математика, новые методы, инновационные технологии, учебный процесс, познавательная активность, мотивация.

Summary

The article examines the importance and features of effectively using new teaching methods and techniques in mathematics lessons. The author describes ways to enhance students' cognitive activity, develop interest in mathematics, and improve learning quality through the implementation of modern pedagogical technologies. Examples of using differentiated and problem-based learning, digital tools, and group work are provided. The article also emphasizes the importance of teachers' professional development for the successful application of innovative approaches.

Keywords: mathematics, new methods, innovative technologies, teaching process, cognitive activity, motivation.

ОӘК: 51-77.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ-СЕЗІМДІК САЛАСЫН ДАМУ ТӘСІЛДЕР

Кенжебаева Салтанат Джарылкасыновна

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Түйін. Мақалада математика сабақтарында оқушылардың эмоциялық-сезімдік саласын дамытуға, танымдық қызығушылығын қалыптастыруға арналған түрлі тәсілдер мен әдістер қарастырылады. Танымдық қызығушылықтың тек іс-әрекет процесі мен нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар эмоциялық-сезімдік саланың компоненттері — көңіл күйге, сезімдерге, өзін-өзі бағалауға, уайымшылдыққа және эмоцияларға да оң әсер ететіні айтылған.

Түйін сөздер: эмоциялық-сезімдік сала, эмоциялар, сезімдер, уайымшылдық (тревожность), өзін-өзі бағалау, педагогикалық бағалау, жазалау, мадақтау, қызықты математика.

Мәселенің қойылуы. оқушылардың эмоциялық-сезімдік дамуы мәселесі педагогика саласындағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Мұны былай түсіндіруге болады: қолайлы эмоциялық даму оқушының зияткерлік және басқа да іс-әрекет салаларының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда балалардың мультимедиялық ортада үнемі болуына байланысты өзара қарым-қатынастары азайып, тұйық, ашуланшақ, эмоциялық тұрғыдан суық бола бастады, өйткені тікелей қарым-қатынас эмоциялық-

сезімдік саланы байытады. Заманауи балалар өзгенің сезіміне аздап немқұрайлы қарайтын болды.

Мақаланың мақсаты – оқушыларға тек берік және терең білім беріп қана қоймай, олардың эмоциялық-сезімдік саласын, танымдық әлеуетін белсендірудің түрлі тәсілдері мен әдістерін қарастыру болып табылады. Остроградский «скука – ең қауіпті у» деп жазған. Белгілі болғандай, қызығушылықсыз алынған білім пайдалы бола алмайды. Сондықтан педагогикадағы ең күрделі әрі маңызды міндеттердің бірі – оқушылардың эмоциялық-сезімдік саласын қалыптастыру, себебі дәл осы эмоциялық күйлер оқушылардың танымдық қызығушылығын белсендіруге, оқу процесінің нәтижесіне әсер етуге ықпал етеді.

Негізгі материалды баяндау. Мектептегі ең маңызды құбылыс және оқушы үшін ең жарқын үлгі – мұғалімнің өзі. В. Сухомлинскийдің айтуынша, мұғалім оқушыларға тек білім әлеміне терезе ашып қана қоймай, өзінің ішкі әлемін де ашады. Шынында да, оқушылардың сабақтағы эмоциялық күйлері мұғалімнің мінез-құлық ерекшеліктеріне тікелей байланысты: жылы жымию, мадақтау, сабырлы мінез, қызықты оқыту әдістері, тартымды келбет – бұлардың барлығы оқушыларда жағымды эмоциялық күйлердің пайда болуына ықпал етеді. Ал жазалау, елемеу, әділетсіздік, жаман көңіл-күй, түсінбеушілік – оқушыларда жағымсыз эмоциялық күйлердің туындауына себеп болады [2].

Мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың ең маңызды элементтерінің бірі – оқушыларды амандасу және оларға жылы сөзбен жүгіну. Себебі кез келген сабақтағы қарым-қатынас дәл осы сәттен басталады. Сәтті сәлемдесудің үлгісі ретінде «Қайырлы күн!» деген сөзді айтуға болады. Бұл сөз мұғалімнің оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй тілейтінін, жақсы күн өткізуге бағыттағанын білдіреді [3].

Мұғалімнің басты құралы – сөз. Бір ғана сөз оқушының жағымды эмоциясын оятып, көңілін көтере алады немесе керісінше, жағымсыз реакция мен өзіне деген сенімсіздік тудыруы мүмкін. Егер мұғалім оқушыға жеткілікті көңіл бөлмесе, пәнге қызығушылық тудыра алмаса, ол өз оқушыларының эмоциялық дамуындағы өзгерістерді уақытында байқап, ескере алмайды. Тәжірибе барысында оқушылармен жұмыс жасағанда келесі тіркестерді қолдану тиімді: «Тамаша жұмыс!», «Өте жақсы!», «Қарашы, сенде қандай жақсы шықты!», «Өзіңе сенімді бол, сен мықтысың!» [4].

Мұғалім тек оқу үдерісін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар оқушы тұлғасының түрлі қырларына әсер етеді. Мұғалімнің сөздік қарым-қатынасы арқылы оқушылармен өзара түсіністік қалыптасып, олардың бір-біріне деген қатынастары да дамиды.

Оқушылардың эмоциялық-сезімдік саласын қалыптастырудағы мадақтаудың рөлі. Сабақта оқушылардың эмоциялық-сезімдік саласын дамыту мен танымдық қызығушылығын арттырудың маңызды факторларының бірі – мадақтау. В. Сухомлинский мадақтау мүмкіндіктерін қарастыра отырып, баланың мектептегі жетістігі мұғалімнің оның эмоцияларына қаншалықты әсер ете алуына байланысты екенін атап өткен. Ол оқушының тұлғалық дамуы көбіне мұғалімнің эмоциялық-сезімдік салаға әсер ете алу қабілетіне тәуелді деп санаған.

Мұғалім тарапынан айтылған мадақтау оқушының өзін-өзі құрметтеу сезімін арттырып, өз бейнесін жағымды қалыптастыруға көмектеседі. Мұғалім оқушыларын мадақтау арқылы олардың мықты жақтарына назар аударады, әрі алға ұмтылуға шабыттандырады. Баланың өзіне деген сенімін нығайту, оның оқуға қабілетті екенін көрсету арқылы мұғалім оқушының ішкі мотивациясын қалыптастырады [6].

Дегенмен, мұғалімнің қолдау сөздері тек мақтау түрінде емес, ізгі ниетті сын арқылы да болуы мүмкін. Бұл тәсіл оқушыны өз жұмысындағы кемшіліктерді түзетуге ынталандырады. Мұғалім сын айтқанда, оны оқушы дұрыс қабылдайтындай етіп жеткізуі керек. Сын деструктивті емес, конструктивті сипатта болуы шарт.

Оқу мотивациясы мен эмоциялық ынталандыру

Қазіргі педагогикада оқушылардың оқу мотивациясының төмендеу себептері өзекті мәселе болып отыр. Оқу мотивациясы бірқатар факторлардың ықпалымен қалыптасады, ол оқушының өз жетістіктерін қалай қабылдайтынын, өзін-өзі бағалауын және оның тұлғасына деген мұғалім мен сыныптастарының назарын қамтиды. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, эмоциялық ынталандыру – оқушы тұлғасының ішкі саласына бағытталған педагогикалық әсер ету құралы [8]. Эмоциялық ынталандыру сабақтағы шиеленісті азайтып, оқушылардың жағымды эмоцияларын оятуға, танымдық тапсырмаларды орындауда табыс сезімін туғызуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға және өз күшіне сенім қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сабақтағы жарыс элементтері мен эмоциялық белсенділік. Біздің ойымызша, жарыс (сайыс) оқу процесіндегі эмоциялық ресурстарды ынталандырудың маңызды шарты болып табылады. Жарыс оқу әрекеті барысында өзара қолдау мен ынтымақтастықты дамытады, оқушылардың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар жарыс оқу процесінде жақын және алыс мақсаттарға жету мүмкіндігін туғызады, табыс пен жеңіс қуанышын сезінуге, өз-өзіне сенімділікті арттыруға, эмоциялық-сезімдік саланы дамытуға жағдай жасайды.

Жарыс сабақтағы тиімді коммуникацияны нығайтады, оқу процесін эмоциялық мазмұнмен байытады және оқушылардың дербестігі мен танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді [1].

Алайда, оқу үдерісінде ұзақмерзімді жарыстарды ұйымдастыру мұғалім үшін көп еңбекті қажет ететін күрделі іс болып табылады. Мұғалімнің белсенділігі төмендеген жағдайда оқушылардың қызығушылығы да тез жоғалып, қарсыластарына деген агрессия пайда болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім оқушылардың қызығушылығын үнемі қолдап, жарыс түрлерін түрлендіріп, ойын элементтерін енгізіп отыруы қажет. Нағыз тартымды жарыс кезінде балалардың бойында жауапкершілік, өзара көмек, жанашырлық, қуаныш сезімдері дамып, олар өз іс-әрекеттерінен қанағаттану табады, нәтижесінде нағыз ұйымшыл ұжым қалыптасады. Сондықтан математика сабақтарында білімге негізделген ойын-жарыстарды, мысалы, фигураларды, формулаларды, өлшем бірліктерін білуге арналған эстафеталарды қолдану тиімді [10].

Эмоциялық әсер ету және педагогикалық бағалаудың рөлі. Оқушылардың эмоциялық қабылдау ерекшеліктерін білу мұғалімге олардың эмоциялық-сезімдік саласына тиімді ықпал етуге мүмкіндік береді. Жарыс элементі сабақтағы тиімді коммуникацияны арттырып, оқу процесін эмоциялық-сезімдік мазмұнмен толықтырады, оқушылардың дербестігі мен танымдық белсенділігін ынталандырады.

Мектеп тәжірибесінде ең негізгі ынталандырушы күш – бұл мектептік баға. Педагогикалық баға оқушының біліміне берілген бағамен қатар, ұжымның ол туралы пікірін де білдіреді. Сондықтан оқушылар жоғары баға алуға тек білім үшін ғана емес, өз беделін сақтау және көтеру үшін де ұмтылады.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесін А. Спирин зерттеген. Ол бағалау қызметін адамның өмірлік маңызы бар құндылықтарға бағдарлануының құралы деп түсіндіріп, оның пайдалы мен пайдасызды, қажет пен қажет еместі ажыратуға мүмкіндік беретінін атап өткен [9].

Я.А. Коменский өзінің «Ұлы дидактика» еңбегінде былай деген: «Адам өмірінде ең зиянды нәрсе – бұл құбылыстарға дұрыс емес баға беру. Дәл осыдан түрлі адасулар мен қателіктер туындайды. Ал шынайы баға – адамның өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.»

В. Сухомлинский де: «Баға жалқаулық үшін жазалау құралы емес, еңбекқорлық үшін марапат болуы керек. Егер мұғалім “екі” мен “бірді” қамшы, ал “төрт” пен “бесті” тәтті сыйлық деп қарастырса, онда балалар көп ұзамай әрі қамшыны, әрі сыйлықты жек көреді» – деп жазған. Оның пікірінше, оқуға ынталандыратын басты күш – бұл еңбектің қуанышы мен табысқа жетуге деген ұмтылыс.

Ш. Амонашвили, И. Гутник, И. Якиманская, В. Беспалько сияқты ғалымдар педагогикалық бағалаудың оқушы тұлғасын қалыптастыруға әсерін зерттеген, ал А. Прихожан мұғалім бағасының оқушының мектептік мазасыздық деңгейіне ықпалын талдаған.

Педагогикалық баға баланың ішкі дүниесіне, соның ішінде эмоциялық-сезімдік саланың компоненттеріне – мазасыздық, көңіл күй, өзін-өзі бағалау сияқты факторларға тікелей әсер етеді. Баға оқушының уайым деңгейін арттыруы немесе төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар зерттеулер педагогикалық бағалау мен ата-аналармен қарым-қатынас арасында да байланыс бар екенін көрсетті: себебі оқу-тәрбие процесі мұғалім басшылығымен жүретіндіктен, оқушының оқу барысындағы уайымдары мен эмоциялары міндетті түрде оның мұғаліммен қатынасына әсер етеді [5].

Қазіргі мектептегі математика сабағын саналы және берік меңгеру жеткілікті еңбексіз және табандылықсыз өте қиын. Математика – мектептегі ең көп күш жұмсауды қажет ететін пәндердің бірі болып қала береді. Математика курсына табысқа жету мен оны игеру оқушының еңбегі мен шыдамдылығына тікелей байланысты. Ал шыдамдылық пен табандылық – жақсы көңіл күй мен қызығушылықтан туындайды, ал қызығушылық өз кезегінде танымдық қызығушылықтың арқасында дамиды. Танымдық қызығушылықты дамыту үшін қызықты есептерді шешу әдісі тиімді [2].

Қызықты математиканың ерекшелігі – ол сұрақтарға, есептерге, логикалық тапсырмалар мен өмірлік жағдаяттарға бай. Ол оқушылардың қызығушылығын оятып, мұғаліммен ынтымақтастықта жұмыс істеуге жетелейді.

Мотивацияны арттырудың тиімді жолдарының бірі – тәжірибеге сүйену. Белгілі математик Н. Виленкин балалар психологиясын жақсы түсінген, сондықтан ол жаңа теориялық материалды өмірмен байланысты практикалық есептерден бастауды ұсынған, бұл оқушыларды зерттелетін мәселенің мәніне қызықтыра түседі.

В. Сухомлинский баланы «білім тасқынымен тұншықтырмауға» кеңес берген. Ол: «Мұғалім өз білгенінің бәрін бір сабақта айтып беруге тырыспауы керек, өйткені білім тасқыны баланың қызығушылығын көміп тастауы мүмкін» деген. Сондай-ақ ол баланың алдына әлемді ашу үшін «әрқашан бір нәрсені толық айтпай қалдыру керек, сонда бала өзі қайта оралып, ізденуге ұмтылады» деп жазған.

Б. Кордемскийдің айтуынша, дәл қызығушылық пен таңырқау сезімі арқылы оқушының санасына алдымен «сұлулық сезімі» енеді, ал жүйелі түрде математиканы зерттеу барысында математикалық әдістердің эстетикалық сұлулығын түсіну пайда болады [5].

М.Лисина да танымдық белсенділік процесі адамның ішкі дайындық күйіне, әсер іздеуге, оны танымдық процестер мен ойлау әрекеттерінде жүзеге асыруға байланысты деп есептеген. Сондықтан оқушыларды тек материалды жаттауға емес, әлемді тануға, сұрақтарына жауап іздеуге, тоқтап қалмай үнемі дамуға үйрету қажет.

Қызықты есептерді шешу – оқушылардан тапқырлықты, ой ұшқырлығын, стандарттан тыс ойлауды талап етеді. Мұндай тапсырмалар олардың өз күшіне сенімін арттырып, табыс сезімін, жаңа білімге деген құштарлықты тудырады. Сол себепті мұғалімдер сабақ мазмұнына оқушының деңгейіне сай қызықты есептерді жүйелі түрде енгізуі керек [3].

Қызықты тапсырмаларға қызыққан оқушы математика пәніне ынталанып, әр сабақтан ләззат алады, сұлулық пен жаңалықты тануға құмар болады. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында оқушыларда логикалық ойлау, талдау, икемділік, тапқырлық сияқты жалпы интеллектуалдық қабілеттер дамиды. Демек, қызықты есептер мен шығармашылық тапсырмалар ойлау белсенділігін, дербестік пен оқу әрекетіне шығармашылық көзқарасты қалыптастырады.

А.Архипова, Н. Беляева, Л. Выготский және басқа да ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, танымдық қызығушылық – оқу әрекетінің негізі болып табылады. Қызығушылық терең әрі тұрақты білім қалыптастыруға, зияткерлік қызмет сапасын

арттыруға, оқу белсенділігін күшейтуге, қабілеттерді дамытуға және ең бастысы – оқушылардың эмоциялық-сезімдік саласына жағымды әсер етуге ықпал етеді.

Н. Белоус, Г. Березина, Л. Вахрушева, Т. Ерофеева және т.б. зерттеушілердің пікірінше, математиканы меңгерудегі жетістік тікелей қызығушылыққа байланысты, себебі білімнің меңгерілуі оқушының оқу әрекетіне қаншалықты қызығушылық танытқанына тәуелді. Ал эмоциялар, белгілі болғандай, таным процесін не белсендіретін, не баяулататын қозғаушы күш болып табылады [4].

Осылайша, сабақтарда қызықты есептерді, ғалымдар өмірінен алынған оқиғаларды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың эмоциялық-сезімдік саласын да дамытады. Мұндай сабақтар пәнге деген қызығушылықты, қуаныш сезімін, табысқа жетуден туындайтын шаттықты, өзіне деген сенімділікті қалыптастырады. Сонымен бірге оқушыларда жаңа білімге деген құлшыныс, ғалымдарға құрмет, өзіне және өзгеге деген сыйластық артады. Нәтижесінде оқушының сәтсіздіктен қорқу, мазасыздық сезімі азайып, сыныптастары мен мұғаліммен ашық әрі позитивті қарым-қатынас орнайды.

Қорытынды. Педагогикалық ықпал ету тәсілдерінің бұл тобы оқушылардың қоршаған ортаға, адамдарға және оқу пәніне деген жағымды немесе теріс қатынасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл әдістер оқушының өз мінез-құлқын дұрыс бағалауға, өз сезімін түсінуге және эмоцияларын басқаруға үйретеді. Эмоциялық-сезімдік салаға әсер ету арқылы бұл тәсілдер өз күшіне сенімділік, табандылық, қиындықтарды жеңе білу, өзін-өзі ұстау, сабырлылық, ерік-жігер және дербес мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Біляева Н.В. Психологічні характеристики ставлення до учбової діяльності / Н.В. Біляева. // Проблемисучасної психології: Зб. наук. праць Кам'янець-Подільського національного ун-ту ім. І.Огієнка, Інституту психології ім. Г.С. Костюка АПН України. 2009. – С. 44-55.
2. Соболевский Р.Ф. Логические и математические игры / Р.Ф.Соболевский. – Минск, 1977.
3. Якобсон П.М. Эмоциональная жизнь школьника / П.М. Якобсон – М.: Просвещение, 1966. – 180 с.
4. Маркова А.К. Мотивация учения и ее воспитание у школьников / А.К. Маркова, А.Б. Орлов – М.: Педагогика, 1983. – 65 с.
5. Струбицкий В.В. Меры поощрения и наказания и методика их применения в нравственном воспитании учащихся / В.В.Струбицкий. – 1961.
6. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе / Г.И.Щукина – М.: Просвещение, 1979.
7. Чошанов М.А. Школьная оценка: старые проблемы и новые перспективы / М.А.Чошанов. – Педагогика, 2000.
8. Гарднер М. Математические головоломки и развлечения / М. Гарднер.–М.: Мир, 1972.
9. Скаткина М.Н. Качество знаний учащихся и пути его совершенствования / М.Н. Скаткина, М.Н.Краевский.– М.: Педагогика, 1978.
10. Маркова А.К. Мотивация учения и ее воспитание у школьников / А.К. Маркова, А.Б. Орлов. – М.: Педагогика, 1983. – 65 с.

Резюме

В статье рассматриваются различные приемы и способы развития эмоционально-чувственной сферы, формирования познавательного интереса на уроках математики. Говорится о том, что познавательный интерес влияет положительно не только на процесс и результат деятельности, но и на такие компоненты эмоционально-чувственной сферы как настроение, чувства, самооценку, тревожность, эмоции.

Ключевые слова: эмоционально-чувственная сфера, эмоции, чувства, тревожность, самооценка, педагогическая оценка, наказание, поощрение, интересная математика.

Summary

The article explores various methods and techniques for developing students' emotional and sensory sphere and for fostering cognitive interest during mathematics lessons. It emphasizes that cognitive interest has a positive impact not only on the learning process and outcomes but also on key components of the emotional and sensory sphere, such as mood, feelings, self-esteem, anxiety, and emotions. The author highlights the importance of pedagogical assessment, encouragement, and the use of engaging teaching methods to create a favorable emotional climate in mathematics education.

Keywords. emotional and sensory sphere, emotions, feelings, anxiety, self-esteem, pedagogical assessment, punishment, encouragement, engaging mathematics.

ОӘК: 51-77

МАТЕМАТИКА ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМУ

Есіркеп Шерхан Ерболұлы

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Түйін. Мақалада математика пәнін оқыту барысында эмоциялық интеллектіні қалыптастырудың мәні мен маңызы қарастырылады. Автор жағымды эмоциялық көңіл күйдің, оқуға деген ұмтылыстың және танымдық қызығушылықтың оқу процесінің нәтижелілігі мен сапасына ықпалын айқындай отырып, білім алушыны эмоциялық тұрғыдан тартатын, дербес ізденіс пен білімді қолдануға бағытталған эвристикалық оқыту процесін құру қажеттігін көрсетеді. Эмоциялық интеллект жаңа нәрсені танудан туындайтын қуаныш сезіміне негізделеді, ол ғылыми-танымдық қызығушылықтың дамуына және оқушылардың дербес шығармашылық әрекетке тартылуына ықпал етеді. Мақалада математика сабақтарында эмоциялық интеллектіні дамыту мысалдары келтіріледі.

Түйін сөздер: эмоциялық интеллект, танымдық қызығушылық, танымдық қабілеттерді дамыту, математиканы оқыту.

Кіріспе. Ақпараттық технологиялар дәуірінде білім беру жүйесі цифрлық технологияларды, кеңейтілген шынайылық (AR) аудиторияларын, кванториумдарды, жасанды интеллектіні қолдану тұрғысынан реформаланып, түрленіп келеді. Сонымен қатар soft skills (жұмсақ дағдылар) дамыту басым бағыт болып қала береді және өмір бойы үздіксіз білім беруге бағдарланған педагогикалық үдерістің басты міндеті саналады. Жұмсақ дағдылардың ішінде біз білім алушылардың эмоциялық интеллектісін де дамытамыз.

Эмоциялық интеллект – адамның өз эмоцияларын және өзге адамдардың сезімдерін түсінуі, іс-әрекет мотивациясын ескеруі және практикалық тапсырмаларды орындауда эмоцияларды басқара білу қабілеттері мен дағдылары. Эмоциялық интеллект қолайлы, жағымды эмоциялық фонда дамиды: білім алушы шығармашылық тапсырманы табысты орындап, соған мақтаныш сезінгенде, топтық жұмыста серіктестік арқылы позитивті көңіл күйге енгенде, жаңа білімді меңгеруге және оны оқу есептерін шешуде қолдануға ынтасы

артқанда. Жағымды эмоциялар білім беру үдерісінің сапасы мен нәтижелілігіне әсер етеді. Осы тұрғыда, пәннің ерекшелігін ескере отырып, математика сабақтарында эмоциялық интеллектіні дамытудың мүмкіндіктерін қарастырайық [1].

Математика – «ғылымдардың патшайымы» – білім алушылардың сыни ойлауын, зерттелетін материалды синтездеу, жалпылау, салыстыру дағдыларын дамытады, «оқуды үйренуге» үйретеді, танымдық қызығушылықты арттырады. Дегенмен, дәл математика оқыту барысында жиі қиындық тудырады. Материалды меңгеру сапасын арттыру мақсатында сабақтарды рефлексивті оқытуды ұйымдастыру бағытымен құруға болады. Бұл – дербес эвристикалық әрекетті белсендіруге бағытталған, математикалық әрекетті, оның мақсатын, құрылымын және нәтижесін саналы ұғынуды көздейтін тәсіл [3]. Рефлексивті стратегиялар негізінде математика сабақтарында эмоциялық интеллектіні дамытуға, сондай-ақ білім алушылардың пәндік, тұлғалық және метапәндік нәтижелеріне қол жеткізуге жағдай жасауға болады. Мұнымен қатар білімдегі олқылықтар жойылады, менталдық тәжірибе байиды, сыни ойлау дамиды [2].

Осы оқыту әдісінің жүзеге асуын квадрат теңдеулерді оқыту мысалында, «Бөлшек рационал теңдеулер көмегімен есептер шығару» бағыты бойынша білік пен дағдыларды дамыту сабағы аясында кезең-кезеңімен көрсетейік.

Сабақтың жоспарланған нәтижелері (жіктелімі):

Пәндік:

- рационал теңдеулер көмегімен есеп шығаруға үйрету;
- математикалық мәтінмен жұмыс істеуге үйрету;
- квадрат теңдеулерді шешу дағдыларын қалыптастыру.
- математикалық терминология мен символиканы қолдану дағдыларын бекіту.

Метапәндік нәтижелер:

- пәнаралық деңгейде проблемалық жағдаят контекстінде математикалық есепті көре білу қабілетін дамыту;
- әртүрлі дереккөздерден ақпарат табу және оны математикалық есепті шешу үшін пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- өз оқу әрекетінің нәтижелерін талдау арқылы реттеушілік дағдыларды дамыту.

Тұлғалық нәтижелер:

- мағыналық ойлауды (смыслообразование) дамыту;– есептің шартын талдау және мысал келтіру қабілетін жетілдіру;
- есеп шығару барысында тапқырлық пен белсенділікті арттыру.

Сабақ кезеңдері

1. Ұйымдастыру кезеңі. Білімді тексеру.

Мұғалім оқушыларды сабақтың тақырыбына бағыттайды және «Бөлшек рационал теңдеулер көмегімен есептер шығару» тақырыбын өзектендіреді. Ол алдыңғы сабақтарда өткен теориялық материал бойынша бірнеше сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Мысалы:

1. Қандай теңдеулер бөлшек рационал теңдеулер деп аталады?
2. Бөлшек рационал теңдеуді шешу алгоритмі қандай?
3. Өздік жылдамдық (собственная скорость) деп нені айтамыз?
4. Ағыс бағытымен қозғалғанда өздік жылдамдық қалай өзгереді? Оны қалай табуға болады?
5. Ағысқа қарсы қозғалғанда өздік жылдамдық қалай өзгереді? Оны қалай табуға болады?

Сұрақтарға жауап беру кезінде формулалар тақтаға және дәптерге жазылады. Білімді өзектендіру викторина–жарыс түрінде өткізіледі. Бұл сыныпта шығармашылық, белсенді және достық атмосфера орнатуға ықпал етеді. Сұрақтарға жауап беру барысында оқушылардың өзін-өзі бағалауы артады, білімін қолдануға деген ынтасы мен сенімі қалыптасады. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – білімді қолдануға мотивацияны арттыру, танымдық қызығушылықты дамыту және оқу тапсырмаларын өз бетінше іздеп шешуге ұмтылыс қалыптастыру.

2-кезең. Білімді қолдану. Мұғалім оқушыларды бірнеше топқа бөліп, әр топқа жеке есеп пен оны шешуге арналған қосымша ақпарат көздерін береді.

Мысалы:

Теплоход өзен ағысымен 108 км және ағысқа қарсы 84 км жол жүріп, бүкіл жолға 8 сағат жұмсады. Өзен ағысының жылдамдығы 3 км/сағ болса, теплоходтың өздік жылдамдығын x км/сағ деп алып, табыңдар.

Бұл есепті шешу барысында оқушыларда танымдық әмбебап оқу әрекеттері (ТӘУӘ) қалыптасады.

Олар өз пікірін басқаларға түсіндіруді (математикалық терминологияны қолдана отырып ой білдіру), өзгелерді тыңдауды, басқа көзқарасты қабылдауға және өз пікірін дәлелдеуге үйренеді.

Сонымен қатар коммуникативтік дағдылар дамиды, ал топтық жұмыс жағдайында есепті бірлесе шығармашылықпен шешу эмоциялық интеллектінің дамуына ықпал етеді, себебі мұндай ортада пікір алмасу, ынтымақтастық пен өзара қолдау жүзеге асады.

3-кезең. Білімді бақылау.

Бақылау кезеңі автоматтандырылған тестілеу түрінде немесе дәстүрлі жазбаша бақылау жұмысы түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. ФГОС талаптарына сәйкес, бақылау барысында өзіндік бақылау немесе өзара бақылау элементтерін қолдану ұсынылады (мысалы, «математикалық диктант» түрінде).

Рефлексивті әдістің оң нәтижелері:

- оқушының белсенді субъектілік ұстанымын дамытуға жағдай жасау;
- оқу мотивациясын арттыру және эмоциялық интеллектіні жетілдіру;
- білім сапасын көтеру.

Бұл әдіс бойынша тапсырмаларда оқу әрекеттері айқын және түсінікті түрде анықталады, сабақта шығармашылық топтық тапсырмаларды шешуге бағытталған қолайлы психологиялық климат құрылады.

Егер теңдеулерді шешу кезінде қателер немесе дәлсіздіктер болса, мұғалім дер кезінде түзетіп, білімдегі олқылықтарды жояды және келесі оқу әрекеттерін болжайды. Бұл жағдайда мұғалім тьютор, наставник және модератор рөлін атқарады.

Бастауыш мектепте математиканы оқытудың мақсаты мен маңызы бастауыш сыныптардағы оқушылардың математиканы оқыту теориясы мен технологиясынан білім, білік және дағдыларын қалыптастыру барысы. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың мақсаты мен маңызын қарастыра отырып, оқытудың әдістері, ғылыми-педагогикалық әдебиет-терді, бағдарламаларды, математикадан оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды теориялық талдау; озат педагогикалық тәжірибені оқып-үйрену және жалпылау.

Математика әдістемесінің басқа ғылым салаларымен /философия, логика, математика, педагогика, психология т.б./ байланысты. Қазақстан Республикасында бастауыш мектепке арналған математика жаңа оқу-әдістемелік топтаманың ендірілуімен және оқытудың жаңа технологияларының жасалуымен байланысты. Кеңестік дәуір кезіндегі бастауыш мектеп математикасын дәстүрлі оқытудың дамуына М.И. Моро, А.С. Пчелко, А.М. Пышкало, М.А. Бантова, Г.В. Бельтюкова және т.б ғалымдар елеулі үлес қосқан. Аталмыш ғалымдардың дайын-даған математиканы оқытудың ғылыми негіздері сол кездегі оқу-әдістемелік топтамада қаланған. Осы авторлардың құралдары қайта өңделіп және толықтырылып, ТМД елдерінде қазіргі кезде де қолданылады.

80-90 жылдары дамыта оқыту іс-әрекеттік және жеке тұлғалық тұрғыдан қарау сияқты мәселелердің дамуына орай бастауыш мектеп математикасы әдіс-тәсілдерінің қалыптасуына Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, П.М. Эрдниев, Н.Б. Истомина және т.б ғалымдардың еңбектері елеулі роль атқарады. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан мектептерінде оқыту орыс тілінде басылған дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары жүзеге асырылды, сондай-ақ ішінара лайықталаған оқулықтар да қолданылады. Қазақстан Республикасында 1997 жылдан бастап жаңа технологиялар ескерілген профессор

Т.Қ.Оспановтың басшылығымен авторлар ұжымының (Ш.Х. Құрманалина, Ж.Т. Қайыңбаев, Б.М. Қосанов, К.А. Ерешова, В.Я. Анисимова) дайындаған жаңа оқу-әдістемелік топтамасы тәжірибеге енді-рілді. Аталмыш ғылымның қазіргі заман даму тенденцияларына орай техноло-гияларын енгізуді, әр түрлі нұсқадағы ОӘТ-ны дайындау негізінде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуі (2, б. 20-25).

Математиканы оқыту жұмысын ұйымдастырудың басқа формаларын сабақтан тыс жеке оқушылармен жұмыс, топ оқушыларымен өткізілетін сабақтар, үйге берілетін өзіндік жұмыс, экскурсиялар, сабақпен тығыз байланысты және соған бағындырылған математикадан өткен сабақтан тыс жұмыстар сабақта алған білімді тереңдете және кеңейте түсу мақсатымен және білімдеріндегі, білік-теріндегі және дағдыларындағы жою мақсатымен өткізіледі. Біріншіден, ол математикадан сыныптан тыс түрліше жұмыстар жүргізу арқылы, екіншіден пән жөнінен артта қалғандығы байқалған және сыныппен ілесіп кете алмайтын балалармен жеке және топқа бөліп, оқу жұмысын өткізу ұйымдастырылады. Олқылықтар көбінесе оқушының ауру себебінен оның жұмысына мұғалімнің көңіл аудармауынан, нерв жүйесі ерекшеліктерінің салдарынан, т.б. пайда болуы мүмкін. Сондықтан мұғалім әртүрлі әдістерді қолданып, жұмыс жүргізеді.

Қорытынды. Математикалық білім берудің басты міндеті – оқушылардың эмоциялық интеллектісін қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыру эмоциялардың танымдық қырын дамыту, жаңа білімге қызығушылық пен оны оқу және практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануға ұмтылыс арқылы іске асады. Таным қуанышы оқушының дербестігін, өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі дамытуға бейімделуін, өзіне деген сенімділігі мен танымдық қызығушылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вордерман К. Как объяснить ребенку математику. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2016.
2. Мишина В. Ю., Эрентраут Е. Н. Формирование познавательного интереса посредством профессиональной направленности предмета математики // Актуальные проблемы развития среднего и высшего образования: XIII межвузовский сборник научных трудов. – Челябинск: Край Ра, 2017. – С. 112–115.
3. Федеральная рабочая программа среднего общего образования. Математика. Углубленный уровень. – М., 2023. – С. 81.

Резюме

В статье рассматривается сущность и значение формирования эмоционального интеллекта в процессе обучения математике. Определяя взаимосвязь положительного эмоционального настроения, стремления к обучению и развития познавательного интереса с результативностью и качеством процесса обучения, автор делает вывод о необходимости построения эвристического процесса обучения, эмоционального вовлечения школьника в самостоятельный поиск и применение знаний. Эмоциональный интеллект основывается на радости познания нового, сопровождается развитием познавательного научного интереса и вовлечением обучающихся в самостоятельную творческую деятельность. В статье автор приводит примеры развития эмоционального интеллекта на уроках математики.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, познавательный интерес, развитие познавательных способностей, обучение математике.

Summary

The article examines the essence and significance of forming emotional intelligence in the process of learning mathematics. By identifying the interrelation between positive emotional attitude, motivation for learning, and the development of cognitive interest with the effectiveness and quality of the educational process, the author concludes that it is necessary to build a

heuristic learning process that ensures the emotional involvement of students in independent exploration and application of knowledge. Emotional intelligence is based on the joy of discovering new things, accompanied by the development of scientific curiosity and the students' engagement in independent creative activity. The article provides examples of how emotional intelligence can be developed during mathematics lessons.

Keywords: *emotional intelligence, cognitive interest, development of cognitive abilities, mathematics education.*

ОӘК: 910.1

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ПЕДАГОГ-МОДЕРАТОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ЖҰМЫС ӘДІСТЕРІ

Қанафия Эльмира Ақылбекқызы

*№1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы, Қордай ауданы, Жамбыл облысы,
Қазақстан*

Түйін. *Мақалада география сабақтарында сыни ойлауды қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеу педагог-модератордың оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы рөлін, қолданылатын стратегиялары мен әдістерін сипаттайды. Автор сыни ойлаудың негізгі компоненттері мен оларды сабаққа енгізу жолдарын талдайды. Мақала практикалық ұсыныстар мен тиімді әдістемелік тәсілдерді ұсынады, соның арқасында оқушылардың аналитикалық, салыстырмалы және проблемаларды шешу қабілеттері жетілдіріледі.*

Түйін сөздер: *сыни ойлау, география сабағы, педагог-модератор, стратегия, оқыту әдістері, аналитикалық ойлау.*

Мәселенің қойылуы. Қазіргі заманғы білім беру ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы жағдайында оқушылардан тек фактілерді білу ғана емес, сонымен қатар оларды саналы түрде талдап, салыстырып, өз бетімен қорытынды жасау қабілетін де талап етеді. Бұл әсіресе география пәніне қатысты, өйткені зерттелетін процестер кешенді сипатқа ие: табиғи, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық құбылыстар өзара байланысты және динамикалық. Дәстүрлі оқыту әдістері, ақпаратты жаттауға бағытталған, оқушыларда күрделі мәселелерді талдау және шешу үшін қажетті сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Сол себепті педагогтың оқу процесіндегі модератор ретіндегі рөлі ерекше маңызды бола түседі.

Педагог-модератор тек ақпаратты жеткізіп қана қоймай, оқушылардың сұрақтар қойып, деректерді талдап, өз пікірлерін дәлелдеп, шешімдер шығара алатындай етіп оқу іс-әрекетін ұйымдастырады. Зерттеулер көрсеткендей, география сабақтарында сыни ойлауды дамыту әдістерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттыруға, аналитикалық дағдыларды қалыптастыруға және жүйелік ойлауды дамытуға ықпал етеді [1].

Осы жұмыстың мақсаты – география сабақтарында педагог-модератордың қызметі арқылы сыни ойлауды қалыптастыру әдістері мен стратегияларын зерттеу. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Сыни ойлаудың педагогикалық мәнін ашу және оның география пәні үшін маңыздылығын көрсету;
- Оқушыларда сыни ойлауды қалыптастыруда педагог-модератордың рөлін сипаттау;
- География сабақтарында қолданылатын негізгі стратегиялар мен әдістерді талдау;

- Оқу процесін ұйымдастыруға практикалық ұсыныстар жасау.

Негізгі материалды баяндау.

Кіріспе. Сыни ойлау ХХІ ғасыр білім беруінің басты құзыреттерінің бірі болып табылады. Оқушының сыни ойлауы – ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау, логикалық қорытынды жасау, өз пікірін дәлелдеу және шешім қабылдау қабілеті. Математика пәні бұл қабілеттерді дамытуда ерекше рөл атқарады. Есептерді шешу, логикалық байланысты табу, абстрактілі ойлау және нақты мәліметтерді талдау арқылы оқушы өз ойлауын жүйелеп, аргументтерін нақтылай алады. Математика сабақтары тек сандық және есептеу дағдыларын қалыптастырумен шектелмей, ойлау мәдениетін, логикалық және аналитикалық қабілеттерді жетілдіреді. Сонымен қатар, математика сабақтары оқушыларды шығармашылыққа баулитын және олардың проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін ерекше құрал болып табылады.

Негізгі бөлім. Математика пәні оқушылардың сыни ойлауын дамытудың бірнеше негізгі жолдарын қамтамасыз етеді. Біріншіден, есептерді шешу процесі оқушыны талдау, салыстыру, қорытынды жасауға үйретеді. Мысалы, көп сатылы есептерді шешу кезінде оқушы әрбір қадамды логикалық түрде дәлелдеуге, нәтижені тексеруге, мүмкін болатын қателерді анықтауға үйренеді. Бұл дағдылар сыни ойлаудың негізін құрайды.

Екіншіден, математикалық модельдеу, графиктер мен кестелерді талдау оқушыларға ақпаратты визуалды түрде көріп, оны салыстыру, талдау және интерпретациялау қабілетін береді. Бұл тәжірибелер аналитикалық ойлауды дамытып, оқушылардың ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауына ықпал етеді. Сонымен қатар, проблемалық тапсырмалар мен жобалық жұмыстар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, «оқу барысында нақты өмірлік есептерді модельдеу» немесе «статистикалық мәліметтерді талдау» сияқты жобалар оқушыларға математикалық ақпаратты сыни түрде қарастыруды үйретеді.

Үшіншіден, дифференциалды тәсілдер мен жеке оқу траекториясы арқылы оқушының жеке қабілеттерін ескеру маңызды. Сыныптағы әр оқушының логикалық ойлау деңгейі әртүрлі болғандықтан, мұғалім түрлі тапсырмалар, адаптивті есептер және интерактивті жаттығулар қолдану арқылы әр оқушының сыни ойлауын дамытуға

мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың жеке жетістіктерін арттырып, олардың білімге деген қызығушылығын күшейтеді.

Сонымен қатар, математика сабақтарында сыни ойлауды дамыту үшін **педагогикалық әдістерді** тиімді қолдану қажет. Мысалы, сұрақ-жауап әдісі, пікірталас, «ойлан – жұпта талқыла – бөліс» (Think-Pair-Share) әдісі, проблемалық жағдайларды талдау әдісі, шығармашылық есептер мен зерттеу жобалары оқушының ойлау қабілетін белсенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдістер оқушыларға өз пікірін қорғай білу, аргументті дәлелдеу және логикалық шешім қабылдау машықтарын береді.

Зерттеулер көрсеткендей, математика пәнінің оқушының сыни ойлауына әсері тек сабақ барысында ғана емес, мектептен тыс дағдылар мен өмірлік тәжірибе арқылы да көрінеді. Мысалы, олимпиадалық тапсырмалар, математика клубтары, логикалық және стратегиялық ойындар оқушыларды жүйелі ойлауға, тез шешім қабылдауға, болжам жасауға үйретеді. Бұл дағдылар өмірдің әртүрлі салаларында, әсіресе ғылыми зерттеулер мен техникалық жобаларда маңызды.

Қазақстандық мектеп практикасында сыни ойлауды дамыту мақсатында «Математика апталығы», «Логикалық ойлау байқаулары», «Математикалық жобалар көрмесі» сияқты іс-шаралар өткізіледі. Мұндай іс-шаралар оқушылардың командалық жұмыс істеуін, зерттеу дағдыларын, ақпаратты талдау қабілетін және логикалық ойлауын дамытуға септігін тигізеді. Математика пәні оқушылардың сыни ойлауын дамытудың кешенді құралдарының бірі болып табылады. Есептерді шешу, логикалық талдау, графиктерді және диаграммаларды интерпретациялау оқушылардың ойлау мәдениетін арттырады, әр қадамда аргументтерді дәлелдеуге және қорытынды жасауға үйретеді.

Проблемалық және жобалық тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, нақты өмірлік жағдайларды математикалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар сыни ойлау процесінің негізгі элементтерін қалыптастырады: ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және шешім қабылдау.

Сыныптағы дифференциация, интерактивті жаттығулар және зерттеу жобалары оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оның сыни ойлауын белсенді дамытуды қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл оқушылардың өз бетімен ойлау, мәселелерді шешу және ақпаратты талдау қабілетін нығайтады.

Математика сабағында сыни ойлауды дамытуда диалогтық әдістердің маңызы зор. Сұрақ-жауап, пікірталас, топтық талқылау арқылы оқушылар өз ойларын айқындап, әртүрлі пікірлерді салыстыра алады. Бұл тәсіл олардың аргументті дәлелдеу қабілетін жетілдіреді, өз шешімін негіздеуді үйретеді және сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік береді. Мұғалімнің нұсқаушы рөлінен гөрі фасилитатор рөлін атқаруы оқушылардың өз бетімен ойлауына, тәжірибе жасауына ықпал етеді.

Проектік және проблемалық тапсырмалар оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді математикалық тұрғыдан шешуге баулиды. Мысалы, статистикалық мәліметтерді жинау және талдау, бюджеттік есептеулер, ғылыми жобаларды модельдеу сыни ойлау дағдыларын белсенді түрде дамытады. Бұл оқушылардың логикалық пайымдауын, болжам жасау қабілетін, әрі шешім қабылдаудағы жауапкершілігін арттырады.

Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану математика сабақтарында сыни ойлауды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Цифрлық платформалар, интерактивті есептер, виртуалды модельдеу оқушыларға деректерді талдап, шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Онлайн-викториналар, симуляциялық тапсырмалар және математикалық ойындар сыни ойлау процесін белсендіреді, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Оқушылардың сыни ойлауын бағалау да маңызды компонент болып табылады. Бұл тек дұрыс немесе қате жауапты тексерумен шектелмей, олардың логикалық жолын, дәлелдемесін және қорытынды жасау қабілетін қарастыруды талап етеді. Бағалау критерийлері сыни ойлаудың негізгі аспектілерін қамтуы тиіс: талдау, салыстыру, интерпретация, аргументті дәлелдеу және проблеманы шешу дағдылары. Мұндай бағалау

оқушылардың дамуын бақылауға, жеке оқу траекториясын түзетуге және оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, математика пәні мектеп оқушыларының сыни ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады. Есептерді шешу, логикалық талдау жасау, проблемалық тапсырмаларды орындау және жобалық жұмыстар сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырады. Мұғалімнің тиімді педагогикалық әдістерді қолдануы, интерактивті және дифференциалды тәсілдер, мектептен тыс іс-шаралар мен олимпиадалық тапсырмалар оқушының ойлау мәдениетін байытады, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытады. Осылайша, математика сабағы тек сандық және есептеу дағдыларын емес, сонымен бірге оқушының сыни ойлауын, логикалық пайымдауын және өмірлік шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіретін кешенді білім беру құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Paul, R., Elder, L. Critical Thinking: Tools for Taking Charge of Your Learning and Your Life. – Pearson, 2014.
2. Facione, P. Critical Thinking: What It Is and Why It Counts. – Insight Assessment, 2011.
3. Halpern, D.F. Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking. – Psychology Press, 2013.
4. Lubienski, S.T., Lubienski, C. Mathematics and Critical Thinking in Schools. – Educational Studies in Mathematics, 2006.
5. OECD. The Future of Education and Skills 2030: Learning Compass. – Paris, 2020.
6. Paul, R., Binker, A.J. The Miniature Guide to Critical Thinking Concepts and Tools. – Foundation for Critical Thinking, 2015.
7. Shayer, M., Adey, P. Accelerating the Development of Formal Thinking in Middle and High School Students. – Journal of Cognitive Education and Psychology, 2002.
8. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Математика пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2020.
9. Ennis, R.H. Critical Thinking Across the Curriculum: A Vision. – Topoi, 2011.
10. Polya, G. How to Solve It: A New Aspect of Mathematical Method. – Princeton University Press, 2004.

Резюме

В статье рассматривается влияние предмета «Математика» на развитие критического мышления у школьников. Критическое мышление включает в себя умение анализировать, оценивать, сравнивать информацию, принимать решения и аргументировать свою точку зрения. Анализируются пути формирования критического мышления через математическое обучение, стратегии решения задач, развитие логических и аналитических навыков, роль проблемных и проектных заданий. Также рассматриваются педагогические методы, способствующие развитию критического мышления на уроках математики, а также опыт стимулирования творческих и интеллектуальных способностей учащихся.

Ключевые слова: математика, критическое мышление, школьники, проблемное задание, логические навыки.

Summary

This article explores the impact of mathematics on the development of critical thinking in school students. Critical thinking involves the ability to analyze, evaluate, compare information, make decisions, and justify one's viewpoint. The study examines how mathematical education contributes to critical thinking, including problem-solving strategies, the development of logical and analytical skills, and the role of problem-based and project-based tasks. Pedagogical

methods for fostering critical thinking in mathematics lessons, as well as practices to enhance students' creativity and intellectual abilities, are discussed.

Keywords: *mathematics, critical thinking, school students, problem-based task, logical skills.*

ОӘК: 51-77

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЛАУДЫҢ ЛОГИКА-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шанбаева Майра

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аннотация. Бұл мақалада математика сабағында оқушылардың ойлау қабілетінің логика-психологиялық негіздері қарастырылады. Автор математикалық ойлаудың ерекшеліктерін, логикалық операциялардың (салыстыру, талдау, жалпылау, дәлелдеу) қалыптасуын және олардың оқушылардың танымдық дамуына әсерін сипаттайды. Сондай-ақ, ойлау процестерін жетілдіруде мұғалімнің рөлі мен психологиялық қолдаудың маңызы айқындалады. Мақалада логикалық және психологиялық тәсілдерді ұштастыра қолданудың тиімді жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: *математика, ойлау, логикалық операциялар, психологиялық даму, танымдық процесс, логика-психологиялық негіздер.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше ақын қызметін орындайды. Бұл нақты қызмет талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жасөспірім үшін негізгі әрекет болып табылады. Оның психикалық дамуы қалай оқитынына байланысты. Жасөспірімдік кезеңде оқу процесінде оқушылардың ойлау әрекетінің дамуында нақты алға жылжулар жүзеге асады. Жасөспірімдер өз білімдерін кеңейтуге, байытуға, игерілетін құбылыстардың мәнін ашуға, себеп-салдар байланыстарын орнатуға тырысады. Оларға өз бетімен ойлау, жаңалық ашу ұнайды. Жасөспірім үшін білімнің өмірлік мәнін түсіну тұлға ретінде дамуы үшін маңызды. Көптеген пәндер жасөспірімге тек қана білімді емес, жан-жақты етіп дамытатыны үшін де ұнайды. Егер жасөспірім білімнің өмірлік мәнін ұғынбаса, пәндерге салғырттық қалыптасуы мүмкін. Эмоционалдық қалыптылық оқушының оқу әрекетіне объективті баға беруіне де байланысты.

Жасөспірімдік шақта оқушы үшін оқудың жаңа мотивтері пайда болады. Мұғалім сол мотивтерді, олардың қалыптасуын білуі керек, баланың білімге көзқарасы мұғалім жұмысының сапасы мен оның оқушымен қарым-қатынасына тәуелді. Қоршаған ортамен байланыстың, құрбылармен қарым-қатынастың кеңеюі, жеке қызығушылықтардың пайда болуы жасөспірімнің оқуға құлшынысын әлсіретеді. Оқу процесі оқушының қажеттілігіне жауап бергенде ғана оның оң көзқарасын тудыртады. Кейде білуге құштарлық мектептегі оқу процесіне кереғар көзқараспен қатар жүруі мүмкін. Бұл жағдай оқу процесінде туындаған сәтсіздік пен мұғаліммен қақтығыс қарсы жауап болуы мүмкін. Жасөспірім өзімшілдіктен сабақтағы сәтсіздіктерге қатты налиды немесе оқуға тіпті қиналмайтындай

түр танытады. Жасөспірімнің оқуға, әсіресе математикаға оң көзқарасына пәннің ғылыми мазмұны, теорияның өмірмен тығыз байланысының ашылуы ықпал етеді. Математикаға үйретудің маңызды міндеті – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту. Ойлау – жоғары танымдық процесс.

Адамның ойлауы – жадыдағы құбылыстар мен бейнелердің шығармашыл тұрғыда көрініс беруі. Ойлау үнемі белгілі бір міндетті шешуге бағытталады. Ойлау – психикалық әрекеттің күрделі формасы. Ойлау процесінде адам ақылой операцияларының көмегімен қоршаған әлемді таниды. Бұл операциялар әртүрлі бірбірімен тығыз байланысты, бір-біріне өтетін ойлардан тұрады. Негізгі ойлау операциялары – анализ, синтез, салыстыру, абстракция, нақтылау, жалпылау. Анализ – Бүтінді ойша бөліктерге бөлу немесе бүтіннен ойша түрлі әрекеттерді, қатынастарды бөліп алу. Анализ практикалық және теориялық болады. Егер анализ басқа операциялардан бөлініп кетсе, онда ол механикалық түрде болады. Мұндай анализ элементтері сәбидің ойлау қабілетінің алғашқы қадамдарында болады: бала ойыншықтарды сындырады, оны әрі қарай пайдаланбайды.

Синтез – бөліктерді, қасиеттерді, әрекеттерді бүтінге біріктіреді. Синтез анализге қарама-қарсы. Әріптер мен дыбыстардан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем шығады. Салыстыру – заттар мен құбылыстардың ұқсастықтарын немесе айырмашылықтарын табу. Салыстыру біржақты және көпжақты; үстірт және терең; жанама және тура болады. Абстракция зерттелетін объектінің қандай да бір қасиеттерін даралап ерекшелейді. Мысалы белгілі бір затты айтпай-ақ, жасыл түстің өзі адамның көруіне пайдалы екенін жеткізуге болады. Ұзындық, ен, сан, теңдік, құн – абстракт ұғымдар. Нақтылық – мазмұнды ашу мақсатында жалпылық пен абстрактіден нақтылыққа ойды қайтару. Егер айтылған ой түсініксіз болса, нақтылыққа жүгінеді.

Жалпылау – заттар мен құбылыстарды жалпы немесе айқын сипаттары бойынша ойша біріктіру. Ой үнемі нәтижеге бағытталады. Әртүрлі негіздегі объектілерді жалпылау күрделірек келеді. Аталған операциялар бір-бірінен оқшау күйінде көрініс таппайды. Олардың негізінде классификация, систематизация секілді күрделі операциялар туындайды. Әрқайсысы ақылой әрекеті ретінде қарастырылады. Осы операциялар негізінде адам ойының белсенділігі, шығармашылдық мүмкіндігі ашылады. Ойлаудың міндеті – ой әрекеті, әрбір ой жалпылау арқылы жүзеге асады.

Психологияда ойлаудың бірнеше шартты классификациясы таралған: даму генезисі;

2) шешілетін міндеттердің сипаттамасы;

3) таралудеңгейі;

4) жаңашылдық және сонылық деңгейі;

5) ойлау құралдары;

6) ойлау функциялары т.б.

1. Даму генезисі бойынша: көрнекілік-әрекеттік; көрнекілік-бейнелік; сөздік-логикалық; абстрактілік-логикалық. Көрнекілік-әрекеттік ойлау – заттарды тура түйсінуге сүйенетін қарапайым ойлау түрі. Көрнекілік-бейнелік ойлау – заттарды және көріністерді бейнелеу арқылы жүзеге асатын ойлау түрі. Сөздік-логикалық – ұғымдармен логикалық операциялар жүргізу. Субъект зерттелетін шындықтың байқалмайтын тұстарының заңдылықтарын ашады. Абстрактілік-логикалық – заттардың көзге көрінбейтін немесе дерексіз жақтарын айыру.

2. Шешілетін міндеттердің сипаттамасына қарай ойлау теориялық, практикалық болып бөлінеді. Теориялық ойлау – теориялық тұжырымдардың негізінде ойлау. Практикалық ойлау – практикалық тапсырмаларды шешуге арналған тұжырымдар негізінде ойлау. Теориялық ойлау – заңдар мен ережелерді үйрену. Практикалық ойлаудың негізгі міндеті – шындықты практикада жүзеге асыруды жүргізу: мақсат қою, жоспар, жоба, сызба жасақтау.

3. Таралу деңгейі бойынша: дискурсивті, интуитивті. Дискурсивті ойлау – түйсінуге емес, логикалық талқылауға негізделген ойлау. Интуитивтік ойлау – сезімге негізделген ойлау.

4. Жаңашылдық және сонылық деңгейдің ойлауы репродуктивті және продуктивті болып бөлінеді. Репродуктивті ойлау – белгілі бір қайнар көздерден алынған бейнелер мен көріністер негізінде ойлау. Продуктивті ойлау – шығармашылдық қиялдау негізіндегі ойлау.

5. Ойлау құралдары бойынша вербалды және көрнекі болып бөлінеді. Көрнекі ойлау – заттардың көрінісі мен бейнелер негізіндегі ойлау. Вербалды ойлау – дерексіз, белгілер құрылымына негізделген ойлау.

6. Функциялар бойынша сыни және шығармашыл болып бөлінеді. Сыни ойлау басқа адамдардың пікірінің кемшіліктерін көрсетуге арналған. Шығармашыл ойлау өзіндік тың пікірлерді, идеяларды, жаңа білімдерді жарыққа шығарады.

Ойлаудың барлық түрлері бір-бірімен тығыз байланысты. Сөздік-логикалық ойлауға ұғымдарды, логикалық конструкцияларды қолдану тән. Жалпы ойлаудың бұл түрі тарихи және онтогенездік дамудың кейінгі этапына жатады. Аталған ойлау түрінің арқасында адам жалпы заңдылықтар орната алады, табиғат пен қоғамдағы құбылыстарды болжай алады. Ең дерексіз ойлаудың өзі ешқашан сезімнен ажыратылмайды. Математиканы оқытуда логиканы дамытатын есептермен қатар логикалық сауаттылыққа жетелейтін тапсырмалар да болуы керек. Логикалық сауаттылық дегеніміз әрі қарай өз бетімен білім алуға бағыттайтын, тәжірибеде іске асыруға септігін тигізетін білімдер мен біліктер. Бұл білімдер мен біліктер логикалық ойлаудың алғышарттары болып табылады.

Логикалық сауаттылық қалыптастыруға барлық пән мұғалімдері жауапты. Бірақ математика пәнінің мұғалімі көбірек жауапты, себебі, математика сабақтарында логика нақтырақ және ашық көрініс табады. Мектеп кезеңіндегі оқу сатылары арасындағы сабақтастықтың қажеттілігі оқушылардың логикалық ойлауының үздіксіз қалыптасуына, дамуына ықпалын айта отырып, бастауыш мектептен бастап бала бойында көрініс беруге тиісті білімдер мен біліктерге басымдық беру керек.

Жалпы оқу процесінде жасөспірімнің математикалық ойлауы байқаларлықтай жетіледі. Сабақта математика пәнінің мұғалімі оқушыға тым жоғары талап қояды. Оқушы тақта алдында да, дәптермен де өз бетімен көбірек жұмыс істейді. Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды, өз бетімен қорытынды жасай алады. Жасөспірімнің ойлау қабілетінің ерекшелігі – жыл сайын өсіп келе жатқан абсолюттік ойлауы, деректілік пен дерексіздік қатынасына көзқарасының өзгеруі. Бұл кезеңге тән нәрсе – тәжірибеге бейімділік. Түйсік жоспарлы, жүйелі, жан-жақты сипат алады. Жасөспірім аналитикалық-синтетикалық түйсікке бой алдырады, оның теориялық рефлексивтік ойлауы дамиды. Ол болжамдар құрып, өзі тексереді. Есеп шығарғанда тек шығарып қана қоймай, оны логикалық тұрғыда негіздейді.

Оқушы шешімдерді кешенді іздеуге ұмтылады. Жаңа есепті шешу үшін әртүрлі жолдар қарастырады, осылайша есептерді шығаруда логикалық тиімділігін қарастыра отырып, түрлі жол табады. Жасөспірімдік шақта есте сақтау мен зейін де біраз өзгерістерге ұшырайды, бірте-бірте жүйелі, басқарылатын сипатқа ие болады. Сонымен математика сабағы логикалық дамуға жанды негіз болады, ал мұғалім осы мүмкіндікті молынан пайдаланып білуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Липина И. Развитие логического мышления на уроках математики // Начальная школа. – 1999. - № 8. С. 37-39.
2. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – СПб: Изд-во «Питер», 1999.
3. Гайштут, А. Г. Математика в логических упражнениях / А. Г. Гайштут. – Киев: Рад. шк., 1985. – 193 с.

Резюме

В статье рассматриваются логико-психологические основы развития мышления учащихся на уроках математики. Автор описывает особенности математического

мышления, формирование логических операций (сравнение, анализ, обобщение, доказательство) и их влияние на познавательное развитие школьников. Особое внимание уделяется роли учителя и значению психологической поддержки в процессе обучения. В статье представлены эффективные способы сочетания логических и психологических подходов для развития мышления учащихся.

Ключевые слова: математика, мышление, логические операции, психологическое развитие, познавательный процесс, логико-психологические основы.

Summary

The article examines the logical and psychological foundations of developing students' thinking in mathematics lessons. The author describes the characteristics of mathematical thinking, the formation of logical operations (comparison, analysis, generalization, proof), and their impact on students' cognitive development. Special attention is given to the teacher's role and the importance of psychological support in the learning process. The article presents effective methods of integrating logical and psychological approaches to enhance students' thinking abilities.

Keywords: mathematics, thinking, logical operations, psychological development, cognitive process, logical and psychological foundations.

ОӘК: 51-77

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫ

Кенжегулова Лаззат Сакеновна

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аннотация. Мақалада мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту және математика сабақтарын жаңа форматта ұйымдастырудың өзектілігі қарастырылады. Автор заманауи білім беру технологиялары мен инновациялық әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және функционалдық сауаттылығын арттыру жолдарын сипаттайды. Жаңа форматтағы сабақ мұғалімнен педагогикалық шеберлікті, ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды және оқушылармен өзара серіктестік қарым-қатынас орнатуды талап етеді.

Түйін сөздер: кәсіби құзыреттілік, математика, инновациялық әдістер, заманауи сабақ, педагогикалық шеберлік, білім беру технологиялары.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім мазмұнын жаңарту – педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруды, оқу бағдарламасын жетілдіруді және критериялды бағалау жүйесін енгізуді мақсат етеді. Жаңа білім стандартымен бірге мұғалімнің рөлі де өзгереді: енді ол оқушының оқу-танымдық және зерттеу әрекеттерін ынталандыратын, бағыттайтын, кеңес беретін тұлғаға айналады. Мұғалімдер заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып, оқушылардың білім алу процесін белсенді ұйымдастырушы қызметін атқарады.

Қазақстандық оқушылардың дамуы белсенді оқыту формалары арқылы жүзеге аспақ. Бұл тәсілде оқушылар өз бетімен функционалдық сауаттылықты қалыптастырып, білімді өздігінен іздеп табуға, сыныптастарымен еркін қарым-қатынас орнатып,

шығармашылық тұрғыдан мәселелерді шешуге дағдыланады. Жаңартылған бағдарлама аясында мұғалімдердің басты міндеті – оқушыларға адамгершілік құндылықтарды сіңіру, толеранттылық пен өзге мәдениеттерге құрмет сезімін қалыптастыру, жауапкершілігі жоғары және рухани бай, дені сау тұлға тәрбиелеу.

Жаңартылған бағдарламаның маңызды мақсаттарының бірі – **«оқуға үйрету»**, яғни өмір бойы білім алуға дайын, жан-жақты дамыған, функционалды сауатты және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Қоғамдық өмірде математикалық ойлау стилін дамыту аса маңызды болғандықтан, әр сабақта мұғалім оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін, білім нәтижесіне қызығушылығын арттыруды, өзіндік бақылау мен өзара тексеру дағдыларын дамытуды көздейді. Ол үшін жеке, топтық және деңгейлік оқыту әдістері қолданылады. Оқушыларды ойлануға, мақсат қоюға, өз іс-әрекетін дәлелдеуге және мәселені өз бетімен шешуге үйрету – әрбір педагогтың негізгі міндеті.

Сонымен, **қазіргі оқушыны қалай оқыту керек? Қазіргі сабақ қандай болуы тиіс?** Қазіргі сабақ мазмұнды, нақты мақсатқа бағытталған және проблемалық сұрақтармен толыққан болуы қажет. Мұндай сабақта «күшті» және «әлсіз» оқушылардың, сондай-ақ оқушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастығы ұйымдастырылады. Мұғалім оқу процесін шебер басқарып, оқушылардың бұрынғы білімін белсендіреді, жаңа тақырыпты өздігінен ашуға бағыттайды. Жаңа материалды түсіндіру барысында мұғалім оқушылардың ойларына сүйеніп, оларды ізденіс пен қателік арқылы дұрыс шешімге жетелейді. Себебі, **ізденіс арқылы табылған білім – ең тұрақты және берік білім.**

Соңғы жылдары оқушылардың өзіндік іс-әрекетін дамытудың маңызды түрлерінің бірі – **оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрден тыс (нестандартты) формалары** болып отыр. Мұндай сабақтар білім беру мен тәрбиелеу процесін ұйымдастырудағы жаңа тәсілдерге деген қоғамның сұранысын қанағаттандыруға, сонымен қатар тұлғаны әлеуметтендірудің негізін құрайтын дәстүрлі оқыту мен тәрбиелеу әдістерін сақтауға мүмкіндік береді.

Бейстандартты сабақ – бұл қатаң құрылымы жоқ, импровизациялық сипаттағы сабақ. Мұндай сабақтарда мұғалім оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу ортасын құрады. Осы әдістерді меңгеру тек білімді тереңдетіп қана қоймай, оқушылардың интеллектуалдық дамуына да айтарлықтай әсер етеді.

Мектептегі математиканы оқытудың жаңа мазмұнындағы дәстүрден тыс сабақ – бұл оқу материалын эксперименттік түрде жеткізудің заманауи тәсілі. Мұғалім өз аудиториясын жақсы білетіндіктен, әр оқушыға жеке тәсіл қолдануға мүмкіндік алады. Мұндай сабақтардың әдістемелік нұсқаулары көбіне дайын болмайды, сондықтан оларды жүргізу мұғалімнен жоғары әдістемелік дайындық пен шығармашылық көзқарасты талап етеді. Мұғалім сабақтың әр кезеңін, уақыттық құрылымын және оқушылардың жаңа сценарийге қаншалықты жылдам бейімделетінін алдын ала жоспарлауы керек.

Дәстүрлі оқу процесіне оқушылардың жеке мотивациялық, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі дамытушы тапсырмаларды енгізу – педагогикалық ұжымның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мұндай жұмыстар есте сақтау, зейін, кеңістіктік елестету және басқа да психикалық функцияларды дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін жаңғыртуға ұмтылған әрбір педагог **инновациялық ойлау қабілетіне** ие болуы тиіс. Мектепті жаңарту – бұл терең интеллектуалдық еңбекті, жаңашылдықты және прогрессивті көзқарасты қажет ететін процесс.

Инновация – бұл табысқа жетудің тиімді тәсілдері мен құралдарын қолдана отырып, зияткерлік мәселелерді шешуге бағытталған қызмет.

Мен үшін **жаңа форматтағы математика сабақтарын өткізу** – оқытудың жаңа әдістерін, формаларын, тәсілдері мен құралдарын меңгеру болып табылады, бұл өз кезегінде **жүйелік-әрекеттік тәсілді** жүзеге асыруға жол ашады.

Өзімнің алдыма төмендегідей мақсаттар мен міндеттер қойдым:

- заманауи сабақтың мәнін оқу-тәрбие процесінің негізі ретінде зерттеу;
- бейстандартты оқыту формаларының ерекшеліктерін айқындау;
- бейстандартты сабақтардың түрлерін қарастыру;
- педагогтардың бейстандартты және модификацияланған сабақтарды ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу (өз сабағым негізінде);

- заманауи модификацияланған сабақтарды өткізу бойынша ұсыныстар жасау.

Тәжірибе көрсеткендей, **дәстүрден тыс оқыту формалары** келесі бағыттарды қамтиды:

- ұжымдық жұмыс түрлерін қолдану;
- пәнге деген қызығушылықты арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- оқу белсенділігін арттыру;
- есту және көру арқылы қабылдау құралдарын пайдалану;
- оқу материалының мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне бейімдеу;
- сабаққа дайындық кезінде оқушылардың өздері қызықты материал іздеуі;
- оқыту процесінің практикалық, тәрбиелік, білім беру және дамытушылық

мақсаттарын толық жүзеге асыру.

Осылайша, **бейстандартты сабақтар** — оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын, шығармашылықты дамытатын және оқу процесін қызықты әрі нәтижелі ететін тиімді педагогикалық құрал болып табылады.

- Психикалық процестерді белсендіру: зейін, есте сақтау, қабылдау, ойлау;
- Мұғалім мен оқушылар арасындағы жаңа қарым-қатынастарды қалыптастыру.

Жаңа форматтағы сабақтарда сабақты дәл белгілі бір тәсілмен өткізуге қойылатын қатаң талаптар болмайды. Мұндай сабақтар — шығармашылыққа негізделген, еркін, барлық қатысушылардың тікелей белсенді қатысуын талап ететін, сонымен қатар пәнге, сабаққа және қатысушыларға эмоциялық қатынасты қалыптастыратын үрдіс болып табылады. Көп жағдайда жаңа форматтағы сабақтардың ерекшелігі — мұғалім сабақтың оқу мақсаттарын ашық түрде жарияламайды; олар оқушыларға сабақ соңында өздігінен айқындалады, яғни оқушылар өз тәжірибесі арқылы сабақтың мәнін түсінеді.

Жаңа форматтағы сабақтар оқушыларға тағылған «ярлыктардан» (қалыптасқан көзқарастардан) арылуға мүмкіндік береді: әрбір оқушы бейстандартты жағдайға тап болып, өз қабілеттерін жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік алады. Мұндай сабақтар пәнге деген қызығушылықты арттырып, ойлау мен логикалық қабілетті дамытады, балаларды пікір айтуға, шешім қабылдауға және өз әрекеттері үшін жауап беруге үйретеді. Сонымен қатар, бұл сабақтар оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, топта жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Безрукова В. С. Заманауи сабақ туралы: мәселелер мен шешімдер. – Мәскеу: «Сентябрь», 2004. – 160 бет.
2. Ксензова Г. Ю. Мектептік технологиялар: оқу-әдістемелік құрал. – Мәскеу: Ресей Педагогикалық Қоғамы, 2000. – 224 бет.

Резюме

В статье рассматривается актуальность развития профессиональной компетентности учителя и организация уроков математики в новом формате. Автор описывает пути повышения познавательной активности, творческих способностей и функциональной грамотности учащихся с использованием современных образовательных технологий и инновационных методов. Новый формат урока требует от педагога

высокого уровня профессионального мастерства, эффективного применения информационных технологий и построения партнерских отношений с учениками.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, математика, инновационные методы, современный урок, педагогическое мастерство, образовательные технологии.

Summary

The article discusses the relevance of developing teachers' professional competence and organizing mathematics lessons in a new format. The author explores ways to enhance students' cognitive activity, creativity, and functional literacy through the use of modern educational technologies and innovative teaching methods. The new lesson format requires teachers to demonstrate high pedagogical skills, effectively integrate digital tools, and establish collaborative relationships with students.

Keywords: professional competence, mathematics, innovative methods, modern lesson, pedagogical skills, educational technologies.

ОӘК: 159.99

ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕМЕНІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абумансур Құралай Ержанқызы,
математика пәні мұғалімі, kuralay.a@icloud.com

Түйін. Интерактивті әдістеме - өзара әрекеттесу, әрекет арқылы үйрену немесе үйрету. Басқаша айтқанда, «интерактивті» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интерактивті оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Түйін сөздер: Интерактив, әдістеме, оқыту процесі, педагогика.

Оқыту процесі – педагогикалық күрделі құбылыс, оның көптеген айырмашылықтары мен ерекше белгілері бар.

Қазақтың көрнекі психологы, профессор С.М. Жакыпов оқу- тәрбие процесінің тиімділігі мәселесін нақтылау үшін негізгі деңгейге бөліп қарастыра отырып, психологиялық мазмұнын талдап көрсетті. Оның біріншісі оқыту процесін талдаудың жоғарғы деңгейі, бұл жерде біз оқушы туралы айтамыз; оқытудың субъективті мазмұны, оқыту әдістері, оқытудың құралдары. Ал, екінші ортаңғы деңгейге оқытушының жеке бас ерекшелігі; оған мотивтік –қажеттілік жүйесі, өзін бағалау және талаптану деңгейі, ғылыми (гносеологиялық) дүние тану негізінің қалыптасуы және құнды хабардар ету; төменгі деңгейде оқытушы жүйесі коммуникативтік қалыптастыру, ұйымдастырушылық іс-әрекетін жүргізеді. Білімберудің нақты мазмұны, әдістер мен құралдары осы төменгі деңгейде вербалдық және коммуникациялық, танымдық процестермен өзін бағалау, бірін-бірі бақылау және көңіл бөлуден тұрады/1/.

Мұнда педагогикалық қарым-қатынас біріккен диалогтық іс-әрекет арқылы жүзеге асырыла отырып, студенттердің жаңа білімді меңгеруі мен оның жетістікке жетуі оқыту процесінде толығымен қаралады.

Интерактивті әдістеме - өзара әрекеттесу, әрекет арқылы үйрену немесе үйрету.

Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттігін 2024-2026 жылдарда дамыту тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың «ақылға сыймайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу/оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғары деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Бұл талап білім саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың және оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнанкелесідей құзырлықтарды талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- мәселелерді шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрен білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Сол себепті де тұлғалық даму ұстанымы білім игеру процесінде қатысушылардың (үйренуші мен үйретуші) бұрнағы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертуді талап етеді. Бұл ұстаным таным процесінің «білім беру», «оқыту», «үйрету» деген кешегі күнгі түсініктерін енді екі жақты процесс ретінде қарастырып, оларды «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгертеді, бұл процесте үйренуші негізгі рөл атқарып, білімді өздігімен құрастырады деп түсінеді.

Егерде дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер, тақырыптар мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектесе, тұлғалық даму мен өздігімен білім құрастыруды негізгі идея деп ұстанған инновациялық көзқарас оқу/үйренудің негізін тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интерактивті әдістер құрауы керек деп түсінеді. Ал интерактивті әдістер мен тәсілдер үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интерактивті оқу/оқыту білім игеру процесінде қатысушылардың (үйренуші мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «interaktiv» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt»- «әрекет жасау» дегенді білдіреді, яғни интерактивті әдістер – үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқу/оқытудың негізі деп танитын және психологиялық жағдай жасайтын әдістер.

Басқаша айтқанда, «интерактивті» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интерактивті оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интерактивті оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- 1) Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.

2) Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар ой толғауына мүмкіндік жасау.

3) Үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру (кесте)

Интерактивті оқу/оқыту - әрекетпен және әрекет арқылы оқу/оқыту, алмұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) былай деген екен: « Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!»

Қазіргі таңда қарым-қатынасты кеңес психологтарының еңбектерінен /Б.Г. Ананьев, Г.М. Андреева, А.Б. Добрович, А.А. Бодалев, М.И. Лисина, Б.Ф. Ломов және тб./ психикалық жаңа білімді қалыптастыру тәсілі және тұлғаның әлеуметтік әрекеттену факторы екендігін көреміз.

Қарым-қатынас мәселесінің мән-мағынасын, тұлға дамуында маңыздылығын, қолданылу аясы туралы қазақстандық психолог ғалымдардың (Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, Ә.Ж. Алдамұратов, С.Қ. Бердібаева, Қ.Т. Шерьязданова) да еңбектері кем түспейді.

Сол себепті де интерактивті оқу/оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интерактивті оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Интерактивті оқу/оқыту студенттердің өз тәжірибесі және өзге де студенттердің тәжірибесі тұрғысынан жасаған белсенді қарым-қатынасқа негізделеді. Ал үйренушілердің тәжірибесі дегеніміз олардың өзіндік пікірлері мен көзқарастары, ойлары мен идеялары, тұжырымдары мен қорытындылары, дәлелдері мен уәждері деп айтуға тұрарлық. Студенттер таным процесінде бір-бірімен осы тәжірибесімен бөліседі, міне осындай байланыста, қарым-қатынаста жаңа білім құрастырылып, саналы түрде игеріледі.

Интерактивті оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, өлшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- ақпаратты жан-жақты талдау;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

Дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда оқушының сабаққа «таза парак» (tabula rasa) күйінде келіп (немесе іші қуыс ыдыс секілді), мұғалімнің оны сабақта біліммен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсініледі. Шәкірт сабақта ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысты/2/.

Ал интерактивті оқу/оқыту басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, оқушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігімен білім игеруінде, оны ізденуінде, құрастыруында. Мұндай сабақтарға шәкірттер «таза парак» күйінде келмей, алдын ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі.

Сол себепті де интерактивті оқу/оқытуда үйренушілер келесідей әрекеттерді атқаруға дайын болуы керек:

- бірлескен жұмыс;

- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту;
- бастамашылдық;
- кері байланыс жасау;
- проблема шешу, шешім қабылдау.

Интерактивті оқу/оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену процесінің өзі болып табылады.

Интерактивті оқу/оқыту жоғары оқу орындарында келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның);
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- рөлдік және іскерлік ойындар;
- пікірталастар;
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, т.б.);
- шығармашылық жұмыстар; презентациялар;
- компьютерлік оқыту бағдарламалары;
- тренингтер; интервью; сауалнама, т.б.

Сонымен қорыта айтқанда, интерактивті оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанғандықтан, бұл жерде әсіресе бірлескен топтық жұмыс әдістерінің маңызын баса айту керек: олар өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың тиімді құралы болып табылады, дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды. Топтық жұмыстар барлық үйренушілердің жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жұмыста шәкірттер өздерінің коммуникативтік дағдыларын (тыңдай білу, ортақ шешім қабылдау, жанжалдарды болдырмау) іс жүзінде қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. –Алматы.: «Қазақ университеті», 2004. -312 с.
- 2.Брудный А.А. Понимание как философско-психологическая проблема// Вопросы философии,1975- 10.

Резюме

Интерактивная методика — обучение или преподавание через взаимодействие, действие. Другими словами, «интерактивный» означает взаимодействие с кем-то, совместную с ним деятельность, создание диалога. А «интерактивное обучение» означает обучение/преподавание, основанное на взаимодействии, обучение/преподавание через диалог, то есть общение в форматах «учитель — обучающийся», «обучающийся — обучающийся», «обучающийся — сам» («беседа», «интервью», «обсуждение», «совместные действия»).

Ключевые слова: *Интерактивный, методика, процесс обучения, педагогика.*

Summary

Interactive methodology is learning or teaching through interaction and action. In other words, "interactive" means interacting with someone, engaging in a shared activity, and creating a dialogue. "Interactive learning" refers to learning/teaching based on interaction, learning/teaching through dialogue, that is, communication in the formats of "teacher-student,"

"student-student," and "student-themselves" (conversation, interview, discussion, and collaborative activities).

Keywords: Interactive, methodology, learning process, pedagogy.

ОӘК: 51-77

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Шаймерден Нұрсұлтан Маратұлы

математика пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Бұл мақалада математика сабағында мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті тиімді ұйымдастырудың психологиялық және педагогикалық негіздері қарастырылады. Автор оқыту процесінде ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырудың, диалогтық оқытудың және кері байланыстың маңыздылығын көрсетеді. Мұғалім мен оқушының серіктестік қарым-қатынасы білім сапасын арттырумен қатар, оқушылардың танымдық белсенділігі мен мотивациясын дамытуға ықпал етеді. Мақалада тиімді қарым-қатынас орнату тәсілдері мен сабақта қолдануға болатын практикалық әдістер ұсынылған.

Түйін сөздер: математика сабағы, өзара әрекеттестік, мұғалім, оқушы, ынтымақтастық, диалогтық оқыту, мотивация.

Кіріспе. Мектеп – бұл білім ордасы, онда оқушылар тек білім ғана емес, дағдылар мен көзқарастарды да меңгереді. Ғылым мен техниканың дамуы білім беру жүйесіне жоғары талаптар қояды. Білім берудің басты мақсаты – оқушылардың белгілі бір көлемде білім алуы ғана емес, сонымен қатар алынған білімді **практикада қолдану**, жаңа жағдайларда пайдалану, **дербес қорытынды мен жалпылау жасау**, **стандарттан тыс жағдайларда шешім қабылдай білу** қабілетін дамыту. Ғылым мен техникада жаңа бағыттардың пайда болуы, экономикадағы белгісіз салалардың дамуы жағдайында оқушылардың **жаңа білімді өз бетімен игеруі мен ғылыми-техникалық әдебиетті зерттей алуы** аса маңызды [1].

Бұл үдерісте **математиканың рөлі ерекше**. Математиканы оқу оқушылардың **логикалық ойлау қабілетін дамытады**, **дедуктивті ой қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады**, дәлдік пен қысқалыққа үйретеді. Алайда, бұл нәтижелердің табысты болуы ең алдымен **оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуына** байланысты. Сондықтан оқушыларды шығармашылық жұмысқа, білімін өз бетінше кеңейтіп тереңдетуге дайындаудың маңызды шарты – олардың **интеллектуалдық қабілеттерін жүйелі түрде қалыптастыру және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру** болып табылады [2].

Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың **өздігінен әрекет ету қабілеттерін дамытуға** ерекше назар аударылады. Оқушылар сабақ барысында берілген ақпаратты талдап, мұғалім қойған сұрақтар арқылы оны қайта жаңғыртады. Бұл кезеңде олар әлі де ақпараттың күрделілігі мен маңыздылығын өздігінен анықтай алмайды, сондықтан мұғалімнің басты міндеті – **оқушыларды негізгі ойларды ажыратуға үйрету**. Осы кезеңде теориялық материалды меңгеру деңгейін тексеретін **сұрақтар жүйесі** мазмұнның барлық маңызды тұстарын қамтуы керек және **мағынасы таяз немесе сабақ тақырыбына қатысы жоқ сұрақтардан тұрамауы** қажет [3].

Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестік – бұл педагогикалық процестің басты бөлігі. Ол екі жақты қарым-қатынасқа негізделеді: мұғалім білім береді, бағыттайды, ал оқушы қабылдайды, талдайды және өз ойын білдіреді. Осындай өзара серіктестік қатынас оқушының дербестігін, жауапкершілігін арттырып, оқу процесін жандандырады.

Педагогикалық өзара әрекеттестік үш негізгі бағытта жүзеге асады:

1. **Ақпараттық бағыт** – мұғалімнің жаңа білім беруі мен оқушының оны меңгеруі;
2. **Коммуникативтік бағыт** – сабақ үстінде пікір алмасу, сұрақ-жауап, кері байланыс орнату;
3. **Эмоциялық бағыт** – сенімді, қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру.

Мектептегі математиканы оқытудың жаңа мазмұнындағы дәстүрден тыс сабақ – бұл оқу материалын эксперименттік түрде жеткізудің заманауи тәсілі. Мұғалім өз аудиториясын жақсы білетіндіктен, әр оқушыға жеке тәсіл қолдануға мүмкіндік алады. Мұндай сабақтардың әдістемелік нұсқаулары көбіне дайын болмайды, сондықтан оларды жүргізу мұғалімнен **жоғары әдістемелік дайындық пен шығармашылық көзқарасты** талап етеді. Мұғалім сабақтың әр кезеңін, уақыттық құрылымын және оқушылардың жаңа сценарийге қаншалықты жылдам бейімделетінін алдын ала жоспарлауы керек.

Математика сабағында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін мұғалімнің қолданатын әдістері мен тәсілдері ерекше маңызға ие. Тиімді әдістердің қатарына мыналар жатады:

- **Диалогтік оқыту.** Бұл әдіс арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, сұрақ қою мен дәлелдеуді үйренеді.
- **Топтық жұмыс.** Бірлесе талқылау барысында оқушылар арасында сенім мен өзара көмек атмосферасы қалыптасады.
- **Проблемалық оқыту.** Оқушыларға өмірмен байланысты логикалық есептер ұсыну арқылы олардың шығармашылық ойлау қабілеті дамиды.
- **Кері байланыс әдісі.** Мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз пікір алмасу оқу сапасын арттырады.

Мұндай әдістер оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, қызығушылығын арттыруға және пәнге деген жағымды эмоционалды қатынас қалыптастыруға ықпал етеді.

Тиімді өзара әрекеттестіктің маңызды бөлігі – мұғалімнің **эмоционалды интеллектісі** мен кәсіби құзыреттілігі. Мұғалім тек білім көзі емес, сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуын бағыттаушы ментор, кеңесші, серіктес болуы тиіс. Эмоционалды интеллект мұғалімге әр оқушының ішкі жағдайын түсінуге, эмоциялық қолдау көрсетуге және сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай атмосферада оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, қателесуден қорықпайды.

Жаңа форматтағы сабақтарда сабақты дәл белгілі бір тәсілмен өткізуге қойылатын қатаң талаптар болмайды. Мұндай сабақтар — шығармашылыққа негізделген, еркін, барлық қатысушылардың тікелей белсенді қатысуын талап ететін, сонымен қатар пәнге, сабаққа және қатысушыларға эмоциялық қатынасты қалыптастыратын үрдіс болып табылады. Көп жағдайда жаңа форматтағы сабақтардың ерекшелігі — мұғалім сабақтың оқу мақсаттарын ашық түрде жарияламайды; олар оқушыларға сабақ соңында өздігінен айқындалады, яғни оқушылар өз тәжірибесі арқылы сабақтың мәнін түсінеді.

Жаңа форматтағы сабақтар оқушыларға тағылған «ярлыктардан» (қалыптасқан көзқарастардан) арылуға мүмкіндік береді: әрбір оқушы бейстандартты жағдайға тап болып, өз қабілеттерін жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік алады. Мұндай сабақтар пәнге деген қызығушылықты арттырып, ойлау мен логикалық қабілетті дамытады, балаларды пікір айтуға, шешім қабылдауға және өз әрекеттері үшін жауап беруге үйретеді. Сонымен қатар, бұл сабақтар оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, топта жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Математика сабағында оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Орта және жоғары сыныптарда оқушылардың өзіндік пікір айтуға, дәлелдеуге деген қажеттілігі жоғары болады. Мұғалім осы қажеттілікті қолдап, ынталандыру арқылы тұлғалық дамуға жағдай жасайды. Мысалы, сабақ басында мотивациялық сұрақ қою, пікірталас ұйымдастыру, логикалық ойындар мен жобалық тапсырмалар қолдану оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін және танымдық белсенділігін арттырады.

Математика сабағында мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестік – білім беру процесінің негізі. Ол сабақтың сапасына, оқушының тұлғалық дамуына және пәнге деген көзқарасына тікелей әсер етеді. Тиімді педагогикалық қарым-қатынас сенімге, ынтымақтастыққа және өзара құрметке негізделуі тиіс. Мұғалімнің міндеті – оқушыны тек біліммен қамтамасыз ету емес, сонымен қатар **танымдық белсенділікті, логикалық ойлауды, жауапкершілікті және өз-өзіне сенімділікті дамыту**.

Осылайша, серіктестікке құрылған сабақтар – оқушыны өмір бойы білім алуға ынталандыратын негізгі факторлардың бірі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі терең өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Мектептің басты міндеті – тек білім беру емес, оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестік – оқу процесінің өзегі болып табылады.

Математика сабағы оқушылардың логикалық ойлауын, зейінін, табандылығын дамытатын ең маңызды пәндердің бірі. Дегенмен, математика көп жағдайда оқушылар үшін күрделі, кейде қорқынышты пәнге айналып жатады. Мұндай жағдайларда мұғалімнің қарым-қатынас стилі мен оқыту тәсілі шешуші рөл атқарады. Сабақтағы жылы атмосфера, өзара түсіністік пен серіктестік оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, өз қабілетіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы сабақтарда мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы тек аудиторияда ғана емес, сонымен бірге **онлайн платформалар** арқылы да жүзеге асады. Google Classroom, Moodle, BilimLand, Quizizz сияқты ресурстар оқушылармен интерактивті байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мұндай цифрлық құралдар оқу процесін қызықты етеді және оқушылардың өз бетінше білім алу қабілетін дамытады. Бірақ мұғалімнің рөлі әлі де маңызды – ол бағыт беруші, кеңесші және оқушының эмоционалды қолдаушысы болып қалады.

Математика сабағында мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестік – бұл оқыту процесінің негізі. Сабақтағы жағымды психологиялық ахуал, серіктестік және сенім атмосферасы оқушылардың логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушының жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін жетекші тұлға болып табылады. Тиімді өзара әрекеттестік нәтижесінде оқушылар жауапкершілікке, шығармашылыққа, өзіндік ойлауға және өмір бойы білім алуға дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Безрукова В. С. О современном уроке в школе: проблемы и решения. – Мәскеу: Сентябрь, 2004. – 160 б.
2. Ксензова Г. Ю. Школьные технологии: учебно-методическое пособие. – Мәскеу: Педагогическое общество России, 2000. – 224 б.
3. Сухомлинский В. А. Сердце отдаю детям. – Киев: Радянська школа, 1977. – 302 б.
4. Мишина В. Ю., Эрентраут Е. Н. Формирование познавательного интереса посредством профессиональной направленности предмета математики. – Челябинск, 2017. – С. 112–115.
5. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2010. – 384 б.

6. Выготский Л. С. Психология обучения и развития. – Мәскеу: Педагогика, 1991. – 320 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические основы эффективной организации взаимодействия учителя и ученика на уроках математики. Автор подчеркивает важность формирования атмосферы сотрудничества, диалогического обучения и обратной связи в процессе обучения. Партнерские отношения учителя и ученика, помимо повышения качества образования, способствуют развитию познавательной активности и мотивации учащихся. В статье представлены способы построения эффективных отношений и практические приемы, которые можно использовать на уроке.

Ключевые слова: урок математики, взаимодействие, учитель, ученик, сотрудничество, диалогическое обучение, мотивация.

Summary

This article discusses the psychological and pedagogical foundations of the effective organization of interaction between teacher and student in mathematics lessons. The author emphasizes the importance of creating an atmosphere of cooperation in the learning process, dialogue learning and feedback. The teacher-student partnership, in addition to improving the quality of education, contributes to the development of cognitive activity and motivation of students. The article presents ways to build effective communication and practical methods that can be used in the classroom.

Keywords: mathematics lesson, interaction, teacher, student, collaboration, dialogue learning, motivation.

ОӘК: 37.04.053

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

Абай Нурдин Дауренұл

Жамбыл облысы Қордай ауданы білім бөлімінің №1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Түйін. Қазіргі таңда мектеп оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Білім берудің қазіргі мақсаты – тек білім мен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке қол жеткізу, оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, проблемалық оқытуды жетілдіру, шығармашылық еңбегімен өздігінен ізденіп білім алу, дайын материалды ғана қанағат тұтпай, ақпаратты өзі іздеп табу, ой қорытындысын жасауға үйрету.

Білім нәтижелерін бағалау жүйесі – оқушылардың білімді қаншалықты жетік меңгергенін анықтау механизмі. Оның технологиясын әр кезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру - оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі.

Түйін сөздер: білім беру, мазмұн мен құрылым, топтық жұмыс, бағалау жүйесі, өзекті мәселе, өмір талабы.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық

танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, оқушының өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек [2].

Жоғары білім - маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Жоғары мектептегі білім берудің басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері - кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үрдісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үрдісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады.

Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттырудағы қызметі ерекше. Оның технологиясын әр кезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру - оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында оқыту үдерісіндегі оқу-таным әрекетінің сапасын анықтайтын рейтингтік түрі өмірге келді. Білім нәтижелерін бағалау жүйесі – оқушылардың білімді қаншалықты жетік меңгергенін анықтау механизмі.

Қазіргі заманғы бағалау икемді, көп құралды (құрылғылы), түсінікті, психологиялық жайлы, көп құрамды: диагностикалық, суммативті, формативті болып келеді. Білімді бақылау және бағалау ғылыми дәлелденген, тәжірибеде қолданылған принциптер негізінде жүргізіледі: әділдік, жан-жақтылық, жүйелілік, жеке-даралық, дифференциалдық және тәрбиелік. Әділдік, шындық (білім сапасының нақтылығы, баға өлшемі мен ережесі нормасына қатысты) – бұл субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

Оқыту үдерісінде оқытушының бағалауынан бөлек оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзара бағалауы да өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған білімдеріне деген сенімі артады, орындаған жаттығуы мен жүргізген жұмыстарының нәтижесін бағалайды. Баға – білімді есепке алу ғана емес, тәрбие құралы да. Сондықтан білім нәтижелерін бағалауда немқұрайдылыққа салынуға болмайды. Әрбір жұмыс түрін бағалауда бағалау критерийлерін ұсыну маңызды.

Топтық жұмыс түрлерін бағалауда оқытушылардың жиі қоятын сұрақтары:

- Топтық жұмыс түрлерін қолдану арқылы білімгерлердің оқу жетістіктерін қалай бағалауға болады?

- Топтық жұмыс түрлерін бағалауда формативті бағалауға нені жатқызуға болады?

Оқытудың топтық түрін қолдануда жұмыс соңында алынған өнім ғана маңызды емес, сондай-ақ оның қалай алынғаны, жасалғаны да маңызды. Бұл – бағалауға жұмыс нәтижесі ғана емес, үдерістің өзінің де қатысты екендігін білдіреді, өйткені топпен жұмыс жасай

білу – білімгерде қалыптастырылуы, оның қалыптасуы үшін жағдай жасалуы тиіс маңызды құзырет. Мұндай жағдайда формативті бағалау оқыту үдерісінің бөлігіне ай- налады, өйткені топтық жұмыс талқылау, сұрақ қою, кері байланыс орнатуға құрылады. Топтық жұмысты бағалаудың міндетті түрде баға қоюмен шектелмейтіндігін оқытушының есте сақтағаны маңызды.

Топтың жұмысын бірнеше бағытта бағалауға болады:

- Оқытушының әр топтың қызметін бағалауы;
- Оқытушының кейбір білімгерлердің қызметін бағалауы;
- Өзіндік бағалау (өзара бағалау, оқытушы мен білімгерлердің топ жұмысын бірге бағалауы).

Топтық жұмысты ұйымдастыру үшін оқытушының білімгерлерге басынан бастап түсіндіріп қоюы тиіс бірқатар шарттың орындалуы талап етіледі:

- Топтық жұмыс мақсатының өтіліп отырған тақырыптың оқыту мақсатына сәйкестігін хабарлау.
- Тапсырманы бағалау критерийлерін анықтау (топтағы жұмыс үдерісін бағалау және топ жұмысының нәтижесін бағалау).
- Бағалауды кім жүзеге асыратынын хабарлау (оқытушының өзі; білімгерлермен бірге; тек білімгерлер; арнайы қазылар алқасы).
- Топ жұмысын тапсырудың түрі мен мерзімін анықтау.
- Бағалау ұстанымдары туралы хабарлау: Топ жұмысына қосқан жеке үлесінің міндетті бағалануы; Топ жұмысын тұтастай бағалау.

Егер оқытушы топ жұмысына баға қоюды жоспарласа, топ мүшелеріне әр түрлі баға қоймағаны жөн, өйткені ол – топтық жұмыстың концепциясына қайшы келеді. Бірдей баға қойған жағдайда да оқытушы топтың жақсы жұмысын мадақтап, топтық жұмысқа онша қатыспай отырғандарды талқылауы керек. Бұл – әсіресе, топ мүшелерінің әрқайсысының жауапкершіліктері нақты белгіленген жағдайда қолайлы.

Оқытушы бақылау түрлерін белгілеп, білімгерлермен бірлесе отырып «Топ жұмысын бағалау критерийлерін» талқылап және бекітіп алады да, семестр бойы топ жұмысын бағалауда қолданып отырады (1-кесте).

1-кесте – Топ жұмысын бағалау

Топ №	Топтағы ынтымақтастық (міндеттердің бөлінуімен орындалуы)	Тәртіп(басқа топтарға кедергі жасамау, тапсырмадан тыс қалмау, шуламау)	Тақырыпты, тапсырманы, материалды ашу	Өзге топ презентацияларын тыңдай алуы, сұрақ қоюы, толықтыруы	Жалпы балл
	30	10	30	30	100
I					
II					
III					

Топ жұмысын белгіленген талаптар деңгейінде әділ бағалау топтың белсенділігін, өздеріне деген сенімін арттырады. Осылайша өзара бірін-бірі бағалауға, өзін-өзі бағалау түрлеріне де қол жеткізуге болады.

Топтық жұмыс түрінде оқытушы әр білімгерді жеке бағалағысы келсе, жұмыс топ болып жүргізілгенімен, сол топтық жұмысқа әр білімгердің қатысуын анықтайтын бағалау критерийлерін жасап алу керек. Оқытушы сабақ басталмас бұрын кімдерді жеке бағалағысы келетінін белгілеп алады (2-4 білімгер).

Кейбір білімгерлердің қызметі мен оқу нәтижелерін бағалауда оқытушы өзара бағалау түрін де қолдануына болады. Ол үшін оқытушы олардың топтық жұмыс жасау барысындағы қосқан үлестерін бағалау қажеттігін ескертеді. Ол үшін бағалау критерийлерін нақтылап белгілеп алу маңызды (2-кесте).

Оқытудың топтық жұмыс түрін қолдану барысындағы қорытынды бағада білімгерлердің жеке оқу жетістіктерінің көрініс табатынын оқытушының ең әуелі түсіндіріп қойғаны жөн.

2- кесте – Білімгердің топтық жұмысқа қосқан үлесін бағалау критерийлері

	1.	2.	3.	4.
Міндеттерді бөліседі және орындайды				
Ұсыныс айтады				
Талқылауға белсенді қатысады				
Топ мүшелеріне көмектеседі				
Ықыласпен тыңдайды				
Өз пікірін дәлелдей алады				
Жалпы балл				

Білімгерді бағалау үдерісіне қатыстыру жағдайы білімгерге өзін оқытушымен тең дәрежеде сезінуіне, соған сәйкес өзінің білім алуына деген жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеді. Оқытудың топтық жұмыс түрінде өзін-өзі бағалаудың да өзіндік орны бар. Кейбір жағдайларда білімгерге өзін-өзі бағалауға да мүмкіндік берген жөн. Ол үшін топтық жұмыс аяқталғаннан кейін білімгерге өзін-өзі бағалау формасын өзіндік толтыру қолданылады (3-кесте).

3- кесте – Өзін-өзі бағалау және білімгерді оқытушының бағалауы

Білімгердің аты-жөні, тобы	Мүмкін болатын балл	Алынған балл	
		Өзінің бағасы	Оқытушы бағасы
Топтағы өз міндеттерін толық, уақытында, сапалы орындады			
Берілген оқу тапсырмаларын негізге ала отырып топта жұмыс атқарды			
Берілген оқу тапсырмаларын орындауда топ мүшелеріне көмектесіп, ынталандырып отырды			
Өзгелерді ықыласпен тыңдады			
Аргументті идеялар ұсынды			
Талқылауларға қатысты (қарсылығын сыпайы білдіріп, даулы мәселелерде келісімге жетіп отырды)			
Топтағы басқа білімгерлердің жауаптарын толықтырып, пікір қосып отырды			

Барлығы:			
----------	--	--	--

Бұл жағдай топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту деңгейіне, оқу материалдарын меңгеру сапасына талдау жасауға, білімгерлердің оқу жетістіктерінің сапасын жақсартудың келесі қадамдарын жоспарлауға мүмкіндік туғызады. Топтық жұмыс түрлерін бағалаудың әр түрлі формаларын қолдану нәтижесінде оқытушы білімгерлерге топтағы жұмыс үдерісін бағалауды, өзіндік бағалау механизмдерін қолдану арқылы дайындалған жұмыстың мықты және әлсіз тұстарын анықтауды үйретеді.

Бақылаудың ең негізгі мақсаты – студенттерді өз білімдеріндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтап, оны жойып отыруға ынталандыру болып табылады. Біздің байқауымызша, білімгерлер жұмысының қарқындылығы бақылау өткізудің жиілігімен және тұрақтылығымен реттеледі. Оқытушы жұмысының маңызды аспектісі білімгерлердің білім, білік, дағдыны меңгеруін бақылау, білімгерлердің өзін-өзі тексеру және өз жұмысын бағалау мақсатында пайдалануы болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1 Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство/Сост. Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012.
- 2 Білім туралы заң. // Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2003. -180 б.
- 3 Ахмет Ясауи университетінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша нормативті құжаттар жинағы. – Түркістан. ХҚТУ баспаханасы, 2014. - 264 б.

Резюме

В настоящее время школа требует не только изменения содержания и структуры, но и радикального улучшения всей своей направленности. Целью образования в настоящее время является не только приобретение знаний и навыков, но и достижение на их основе самостоятельной социальной и профессиональной квалификации, уделение внимания всестороннему развитию студента как личности, совершенствование проблемного обучения, приобретение знаний через самостоятельные исследовательские и творческие работы, обучение студентов самостоятельному поиску информации, а не довольствуясь готовым материалом, делать выводы.

Система оценки образовательных результатов – это механизм определения уровня усвоения знаний учащимися. Постоянное совершенствование её технологий в соответствии с потребностями жизни – одна из актуальных задач образования.

Ключевые слова: образование, содержание и структура, командная работа, система оценки, актуальная проблема, жизненные потребности.

Summary

School today requires not only changes in content and structure, but also a radical improvement in its overall focus. The goal of education today is not only the acquisition of knowledge and skills, but also the achievement of independent social and professional qualifications based on these. It emphasizes the comprehensive development of students as individuals, improves problem-based learning, promotes knowledge acquisition through independent research and creative work, and teaches students to independently search for information rather than rely on ready-made materials and draw conclusions.

The educational assessment system is a mechanism for determining the level of student learning. Continuous improvement of its technologies in line with real-life needs is one of the pressing tasks of education.

Keywords: education, content and structure, teamwork, assessment system, current problem, real-life needs.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Альпеисова Дамет Шулгаубаевна

ағылшын пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңартылған білім мазмұнының мәні мен қазіргі заман талаптарына сәйкестігі қарастырылады. Автор білім беру жүйесіндегі өзгерістердің негізгі бағыттарын сипаттап, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдірудің, оқыту әдістерін жаңғыртудың және оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудың маңыздылығын атап өтеді. Жаңартылған білім мазмұны оқушылардың шығармашылық ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мақалада оқу процесіне жаңа технологиялар мен инновациялық тәсілдерді енгізудің тиімділігі талданған.

Түйін сөздер: білім мазмұнын жаңарту, инновациялық оқыту, құзыреттілік, заманауи педагогика, функционалдық сауаттылық, білім сапасы.

Кіріспе. Білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу - Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда Президентіміз Н.Ә.Назарбаев болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білімнің қажеттілігі еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндетін шешуде негізгі баса назар аударылып қаралған мәселе еді.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деуі әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор[1].

XVIII-XX ғасырдағы білім мен тәрбие берудің басты қағидаларын біз қазіргі таңға дейін қолданып келеміз. Қай мемлекеттің болмасын дамуы, өсіп-өркендеуі үшін ең алдымен қарастырылуы тиіс басты мәселе,ол-білім беру болып табылатыны бәрімізге белгілі.Әсіресе тәрбиемен қатар берілген білімнің адамзат болашағына тигізер пайдасы ұшан теңіз. Өткенімізге қарап бас иеміз, болашағымызға қарап білек сыбанамыз өсіп келе жатқан жас ұрпақ біздің болашағымыз,ертеңіміз.Қазіргі жас ұрпақ үшін тозығы жеткендігін ескере отырып осы орайда жаңа жүйені оқушыларға ұғындыра отырып үлкен қадам жасаймыз!

Оқыту үдерісі бойынша Я.А.Коменский бұдан 400 жыл бұрын өзінің жеке көзқарасын білдірген: «Не үйретсе де, нені оқытса да оқу үдерісі табыссыз болмауы керек!» Иә,әрине әрбір жасаған іс-әрекетімізден белгілі бір тәжірибе жинап, ой түйеміз. Ең алдымен дұрыс мақсат қоя білу,ол-шеберлік[2,31-366]. Мақсатқа жетудің құралдарын іздеу және қолдану өнер деп ойлаймын!

XX ғасырда Ресейде жаңашыл педагогтардың топтары қалыптасты. Олардың баланы тәрбиелеп, оқытуда өзіндік ерекшеліктері болды.Олардың жалпы ортақ белгісіжаңашылдығы.Сабақты оңай әрі түрлі әдістермен (ойын) жүргізуінде болды.Бұл тәжірибе К.Д.Ушинскийдің «Сабақ үйрету барысында ойын элементтерін орынды қолдану

оқушылардың білім алу процесін жеңілдетеді» деген көзқарасына негізделген. Бұл жүйені В.А.

Сухомлинский терең әрі жан-жақты зерттеді. Бала ойын үстінде оқумен жаттығады, сонымен қатар ойын оқушыларды ізденуге жетелейді. Бұдан оқушылар тез ойлауға тез шешім қабылдауға және тапсырманы нақты орындауға әдеттенеді. Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып ойландырып балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқитын оқушы дамып нашар оқитын оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқитын оқушы мүмкіндігінше дамып, нашар оқитын оқушы мүмкіндігінше іс-шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады [2,94-98б]. Қазіргі кезде Қазақстан жаңа білім беру жүйесіне еніп әлемдік білім беру кеңістігіне көтерілуде. Себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім беру мазмұны, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Сол себепті, қай пәнді оқыту барысында тек кітаппен ғана шектелмей, оқушының қызығушылығын арттыра білу керек.

Ұстаздың ең басты міндеті- сабақта өтілген тақырыпқа сай әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау. Дұрыс ұйымдастырылған оқу үдерісі ғана баланың жеке басының дамуына әсер ете алады.

Мысалы: бастауыш сыныптарда сабақты сайыс сабақ, қайталау сабағы, топтық, жұптық т.б. бағыттарда жүргізуге болады. Білім берудің жаңартылған жүйесін қолдану жаһандану кезеңіндегі бастапқы талап. Мемлекеттік білім беру жүйесінің қазіргі таңдағы ең басты мәселесі баланың білім алуға деген ынтасын арттыру, қызығушылығын туғызу. 2017-2018 жылынан бастап бастауыш сыныптар жаңартылған білім мазмұнымен сабақ өте бастады.

Бағдарламаның басты ерекшелігі мен артықшылығын жинақтасақ:

-Біріншіден баланы ширақтыққа үйрету, сонымен қоса оңайдан күрделіге қарай сабақ жүргізу. Қазіргі таңда бұл әдісті спиральді жүйе деп атайды.

-Блум таксономиясы бойынша дағдыларыларды түсіну, талдау, қолдану.

-Әрбір оқушының деңгейімен санасу және пәнаралық байланыстарды ескеру.

-Белгіленген тақырыптар уақытқа сай етіп жасалуы шарт.

-ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ талапқа сай жасалуы шарт. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериялды бағалау жүйесі қолданылады. Критериялды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау.

Жиынтық бағалау оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериялды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін – сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін – табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін – оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу ұстаздың қолында.

Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық[3].

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар баланың қызығушылығын арттыру үшін сабақты индуктивті, дедуктивті, көрнекілік әдістермен оқыту тиімдірек. Мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысының негізгі көзі - сабақ. Сабақ бұл жәрдем. Әлдекімге жедел жәрдем, әлдекімге шұғыл жәрдем қажет. Сол себепті мұғалімдерге де, дәрігерлер секілді сабақ барысында үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Сабақты өткізу барысында оқушылардың ой-өрісі, дүниетанымы, біліктілігін жан-жақты дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру яғни түпкі нәтижеге мақсатқа жете білу. Жалпы айтқанда, сабақ құрылымы, жүргізілуі қандай болса да, оқушыға білім мен дағдыны беруді көздейді. Ал, енді осының бәрін балаға беріп үйрететін мұғалім. Мұғалім сабақтағы басты тұлға. А.Байтұрсыновтың айтқан сөзін тілге тиек етсек, мектепке бірінші керегі мұғалім, екінші оқыту ісіне керек құралдар, үшінші оқу бағдарламасы мен оқулықтар». Олай болса оқу-тәрбие ісінің табысты болуы мұғалімнің сабаққа мұқият дайындығына байланысты [2, 233- 239б].

«Бала жүрегі кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кез сол кілт тұру керек» - деген М.Шахановтың сөзі бұлтартпас дәлел болады. Мұғалім тек білім алушылардың оқу танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет атқаруы керек. Н.Назарбаевтың білім реформасының басты көрсеткіші- біздің еліміздің белгілі бір бағытта білім алған және біліктілігін дамытқан әрбір азаматтың әлемнің кез-келген елінде қажет маман ретінде танылатын деңгейге жету керек деген талаптары, білім беру нәтижелерін анықтауға тікелей қатысады. Білім беру жүйесін жетілдіру ең алдымен оның сапасын арттыру, мемлекеттің таяу онжылдықтағы басты басымдықтарының бірі болып табылады[4].

Ұлы классик педагогтар Я.А.Коменский, В.А.Сухомлинский. К.Д.Ушинский және қазақ халқының ағартушы педагогы А.Байтұрсыновтың ойын қорытындылай айта кетсем «Баланы оқытуда ойын үдерісін қосу мұқияттылыққа, еңбекке, ынтымаққа жетелейді». Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні жаңа кезеңге бірден үйренуіміз әрине оңай емес. Бірақ та, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін бүкіл елге дәлелдеді. Енді басты міндет - еліміздің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағынан өркендеуінің түп қазығы-білім-ғылым екендігі сөзсіз. Бүкіл білім саласына соның ішінде білім саласының мамандарын даярлауға үлкен жауапкершілік жүктейтіні айдан анық. Еліміздің болашағы жастар десек, жастардың болашағы олардың саналы тәрбиесі мен сапалы білімінде. Ұстаздың қолында адам өмірінің келешегі, тұтас тағдыры тұр!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар.

2 Сейталиев Қ. Педагогика тарихы: оқулық - Алматы: Білім, 2008. - 415 б. 19

3 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Мұғалімге арналған нұсқаулық Екінші басылым 2015. 4 Бітібаева Қ.Ой толғаныс.Bilimger.kz.

Резюме

В данной статье рассматривается сущность и соответствие содержания обновленного образования современным требованиям. Автор описывает основные направления изменений в системе образования и подчеркивает важность совершенствования профессионального мастерства учителя, модернизации методов обучения и развития функциональной грамотности учащихся. Обновленное содержание образования направлено на формирование у учащихся творческого мышления, исследовательских способностей и жизненных навыков. В статье проанализирована эффективность внедрения новых технологий и инновационных подходов в учебный процесс.

Ключевые слова: обновление содержания образования, инновационное обучение, компетентность, современная педагогика, функциональная грамотность, качество образования.

Summary

This article discusses the essence and compliance of the updated content of education with modern requirements. The author describes the main directions of changes in the education system and emphasizes the importance of improving the professional skills of a teacher, modernizing teaching methods and developing functional literacy of a student. The updated content of education is aimed at the formation of creative thinking, research abilities and life skills of students. The article analyzes the effectiveness of introducing new technologies and innovative approaches to the educational process.

Keywords: updating the content of education, innovative training, competence, modern pedagogy, functional literacy, quality of Education.

ОӘК: 371

ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Садыкова Маржан Жанатовна

тарих пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Бұл мақалада мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің оқу үдерісінің тиімділігін арттырудағы рөлі қарастырылады. Қазіргі заман мұғалімі білім берудің жаңа мазмұны мен инновациялық әдістерін тиімді қолдана отырып, оқушының тұлғалық және шығармашылық дамуына ықпал етуі қажет. Автор педагогтің кәсіби құзыреттілігіне әдістемелік, психологиялық, коммуникативтік және ақпараттық қабілеттердің кіріктірілуінің маңыздылығын атап өтеді. Мақалада заманауи мұғалімнің кәсіби шеберлігі – оқыту сапасы мен білім нәтижелерінің басты көрсеткіші екені дәлелденеді.

***Түйін сөздер:** кәсіби құзыреттілік, педагогикалық шеберлік, инновациялық әдістер, білім сапасы, оқыту тиімділігі, мұғалімнің рөлі.*

Кіріспе. Білім беру мен ғылымның кадрлық әлеуетін қолдау және қайта жаңғырту білім беру сапасын арттырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Білім беруде болып жатқан өзгерістер мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту проблемасын, кәсіби өсу мен ұтқырлыққа қабілетті теориялық дайындық, практикалық шеберліктің жеткілікті деңгейі бар мұғалімдердің қажеттілігін өзекті етіп отыр.

Қазіргі жағдайда мектепте білім беру үдерісін құрудың негізгі принципі - оқушы тұлғасын дамытуға бағдар беру, өнімді оқуға, өзінің білім алу қажеттіліктерін, танымдық қызығушылықтары мен болашақта іске асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекет тәсілдерімен қаруландыру болып табылады. Қойылған міндетті шешу педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты. Ұстазға тез өзгеретін ашық әлемде оқушыларына үнемі сапалы, олардың тұлғалық мәнін дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын ұйымдастыру міндеті ұсынылады.

Мұғалімнің педагогикалық қызметтің өзгермелі жағдайларына бейімделу, дидактикалық жағдайға және оқыту мазмұнына, нақты мектеп пен сыныптың мақсаттарына, оқушылар құрамына, оқу-әдістемелік жинақтарға сәйкес өз пәнін құрастыру құзыреттілігі табысты нәтижеге жетелейді. Базалық ғылым саласында жеткілікті дайындық деңгейі болмаса, мұғалім әдістемелік міндеттерді тиімді шеше алмайды. Өйткені, оқу процесін құрастыру - оқу мазмұнын талдаудан, оқу процесін ұйымдастыру кезінде меңгерілуі тиіс материалдың көлемі мен деңгейін анықтаудан басталады.

Ғылыми-теориялық құзыреттілігі жоғары деңгейдегі мұғалім оқылатын мазмұнның теориялық құрылымындағы орнын түсінеді, осыған сүйене отырып, тақырып құрамындағы сабақтың орнын, сабақ түрін анықтайды, себеп-салдарлық байланыстарды бөледі, заттың логикасын, оның жеке бөліктерінің өзара байланыстарын ашады. Сондай-ақ, оқушылардың танымдық іс-әрекетіне сай әр оқушыға, әр топқа дербестік деңгейде оқыту әдістерін (қол жетімділік, күрделілік принциптері) таңдап, оқылатын материалды бағалайды.

Осының барлығы мұғалімге оқушының материалмен жұмыс істеуге бейімділігін анықтауға ғана емес, сонымен қатар материалды меңгеру кезінде оның ақыл-ой қызметі қалай ұйымдастырылатынын анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы педагогтің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты - жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкестігі, қоғамда әлеуметтік бейімделуге, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті жан-жақты дамыған өз елінің азаматын дайындау.

Ал еркін ойлайтын, өз қызметінің нәтижелерін болжайтын және білім беру процесін модельдейтін педагог қойылған мақсаттарға жетудің кепілі болып табылады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық шеберлігінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады, ол мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығының бірлігі ретінде әрекет етеді.

Мұндай педагогикалық іскерлік төрт топқа біріктіріледі:

1. Оқушылардың жаңа білімді белсенді меңгеруге дайындық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу, жекелеген оқушылардың дамуын жобалау, білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерінің кешенін нақтылау және басым міндеттерді анықтау.

2. Логикалық аяқталған педагогикалық жүйені құру: білім беру мен тәрбие міндеттерін кешенді жоспарлау, білім беру процесінің мазмұнын іріктеу; оны ұйымдастырудың формаларын, әдістері мен құралдарын оңтайлы таңдау.

3. Тәрбие компоненттері мен факторлары арасындағы өзара байланысты бөлу және белгілеу, оларды іске қосу білігі: қажетті жағдайлар жасау (материалдық,

моральдықпсихологиялық, ұйымдастырушылық, гигиеналық және т.б.), оқушы тұлғасын жандандыру, бірлескен қызметті ұйымдастыру және дамыту; мектептің ортамен байланысын қамтамасыз ету.

4. Педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін бағалау және есепке алу іскерліктері: талдау және өзіндік талдау.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту-бұл шығармашылық даралықты дамыту, педагогикалық инновацияларға сезімталдықты қалыптастыру, өзгермелі педагогикалық ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру.

Педагогқа қойылатын заманауи талаптардың бірі:

* Біліктілікті арттыру жүйесі.

* Педагогикалық қызметкерлерді атқаратын лауазымына және біліктілік санатына сәйкестігін аттестаттау.

* Педагогтардың өздігінен білім алуы.

* Әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық кеңестердің, семинарлардың, конференциялардың, мастер-класстардың жұмысына белсенді қатысуы.

* Заманауи білім беру технологияларын, әдістемелік тәсілдерді, педагогикалық құралдарды меңгеруі және оларды үнемі жетілдіруі.

* Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруі.

* Түрлі конкурстарға, зерттеу жұмыстарына қатысуы.

* Өзінің педагогикалық тәжірибесімен бөлісу, тарату, жарияланымдар жасауы.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту - бұл үздіксіз даму, өзін-өзі жетілдіруді болжайтын жеке кәсіби қасиеттерді дамыту, кәсіби тәжірибені жинақтау, меңгеру мен жаңғыртудың серпінді процесі.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру-циклдік процесс, өйткені педагогикалық қызметте үнемі құзыреттілікті арттыру қажет және ол әр жолы жаңа сапада қайталануы тиіс. Мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дамуына байланысты мәселелер, педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық процесс ретінде жүзеге асыру заңдылықтары, мұғалімнің шығармашылығын дамытуға ықпал ететін жағдайлар ғылыми әдебиеттерде негізделген. Мұғалім құзыреттілігі конструктивті даму деңгейінде болғанда ғана, оқушыларын барынша мүмкін болатын оқу жетістіктерінің деңгейіне шығара алады.

Мұғалім жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларына көшуді жүзеге асыруы, деңгейлік саралау, жобалық және зерттеу қызметі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті әдістер мен оқытудың белсенді түрлері негізінде оқыту технологияларын пайдалануы тиіс. Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай педагог кадрлар үшін білім берудің өзекті мәселелері бойынша педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізудің жаңа нысандары, оқу-әдістемелік кешендерді жаңарту, дидактикалық материалдарды, құралдарды, ұсыныстарды дайындау және игеру, сабақтарды өткізудің белсенді әдістері, білімді бақылау жүйесін жақсарту жолдары назарға қойылған. Бұл мұғалімнің дамуын ынталандыратыны сөзсіз.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды сапалы жаңарту мүмкіндігі мен қажеттілігі пайда болды. Атап айтсақ:

• инновациялық тақырып бойынша жұмыс істейтін педагогтар тобына арналған өзекті тақырыптық курстар;

• проблемалық курстар;

• қашықтықтан оқыту;

• Интернет-форумдар, конкурстар, чаттар;

• ашық сабақтар фестивалі;

• әдістемелік семинарлар, семинар-практикумдар;

• педагогтардың кәсіби шеберлік байқаулары. Жаңа жағдайда осы формалардың барлығы жаңа мазмұнмен толықтырылып, мұғалімге қойылатын заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Бүгінгі күні әрбір педагог өз шеберлігін жетілдірудің ең маңызды аспектілерін

өзі анықтайды. Заманның ағымы қашанда ізденіс үстінде болуға жетелейді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі.

Оқушының дүниетанымын - қоршаған орта, оқушының әлеуметтік жағдайы, ол оқитын мектеп, әрине, мұғалім қалыптастырады. Қазіргі мұғалім кәсіби білікті мұғалім болуы және арнайы, әдістемелік, психологиялықпедагогикалық даярлыққа ие болуы, оқыту үдерісіне шығармашылықпен қарауы, оқыту тәсілдерін, әдістерін, құралдарын оңтайлы пайдалана білуі, оқушылармен өзара қарымқатынас жасай білуі, актерлік және шешендік өнерін меңгеруі тиіс.

Педагогтың кәсіби құзіреттілігі күрделі және көп қырлы құбылыс. Ол педагогтың кәсіби базалық білімі және іскерлігімен қатар, қызметінің мотивімен, өзін және қоршаған ортаны түсінуімен, өзі жұмыс істейтін адамдармен қарым-қатынас стилімен, оның жалпы мәдениетімен және өзінің шығармашылық әлеуетін дамытуға қабілеттілігімен анықталады. Осылайша, педагог қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыштап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология: -2-е изд. М.: Логос, 2005. с.12
2. Иванов Д. Компетентности и компетентностный подход в современном образовании М.: Чистые пруды, 2007. – 32 с. 7.
3. Құдайбергенова Қ.С. «Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми- теориялық негізінде» монографиялық еңбек, Алматы. 2008.- 177,178 бб.
4. Маркова А.К. Кәсіби құзіреттіліктің даму деңгейі: М.: 2009. 25-27 бб.
5. Симоненко В. Д. Общая и профессиональная педагогика: учебное пособие для студентов педагогических вузов -М.: Вентана-Граф, 2005. – 368 с.
6. Скаткин М.И. Зерттеу мәдениеті – педагогикалық қабілет: М.: 2008. 17 б

Резюме

В данной статье рассматривается роль профессиональной компетентности учителя в повышении эффективности учебного процесса. Современному учителю необходимо способствовать личностному и творческому развитию учащегося, эффективно используя новое содержание и инновационные методы обучения. Автор подчеркивает важность интеграции методических, психологических, коммуникативных и информационных способностей в профессиональную компетентность педагога. В статье доказано, что профессиональное мастерство современного учителя – главный показатель качества преподавания и результатов обучения.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, педагогическое мастерство, инновационные методы, качество знаний, эффективность обучения, роль учителя.

Summary

This article discusses the role of professional competence of a teacher in improving the effectiveness of the educational process. A modern teacher needs to contribute to the personal and creative development of the student, effectively using new content and innovative methods of Education. The author emphasizes the importance of integrating methodological, psychological, communicative and informational abilities into the professional competence of a teacher. The article proves that the professionalism of a modern teacher is the main indicator of the quality of teaching and the results of Education.

Keywords: professional competence, pedagogical skills, innovative methods, quality of education, effectiveness of training, the role of a teacher.

ОӘК: 37.032

ӘДЕБИЕТ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘНЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Саттеркулова Гульмира Рахмановна

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Бұл мақалада әдебиет сабақтарында оқушылардың қабілеттерін дамытуда сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың рөлі қарастырылады. Әдеби шығармаларды талдау, көркем мәтінді түсіну және өз ойын жүйелі жеткізу арқылы оқушылардың тіл байлығы, ойлау дағдылары мен шығармашылық қабілеттері жетіледі. Сөйлеу әрекетінің дамуы тұлғаның өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, эстетикалық талғамын арттыруға және әдебиетке деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: әдебиет, сөйлеу мәдениеті, қабілет, шығармашылық ойлау, тіл дамыту.

Кіріспе. Қазіргі мектептерде оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға көмек көрсету әрқашан ең өзекті мәселе. Осы міндеттердің шешімі барлық елдердің болашағын қамтамасыз ететінін ел басымыз халыққа жолдауында: «өзіміздің назарымызды өскелең жас ұрпаққа аударуымыз» қажет екендігін баса айтқан.

Тіл – құрал ретінде қарым-қатынас пен іс-әрекетте сөйлеу арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу түсінігі сөйлеу әрекетімен қатар, өнім немесе нәтиже сияқты сөйлеу әрекетінің (сөйлесу және жазу) өнімді процестерінің нәтижесінде пайда болатын нақты материалды болжайды, яғни жиынтығы мәтін немесе контекст деп аталатын, қабылдау мен түсіну объектісі ретінде қызмет ететін, сөйлеу әрекетінің рецептивті процесстері жасалатын белгілі сөйлеу мен пікірлер. Осы сипаттаманы Б.В.Беляев «Ойлау, тіл және сөйлеудің өзара қатынасы туралы» еңбегінде қарастырып, қабылдау мен сөйлеуді түсіну процестерін немесе сөйлеудің мазмұндылығы, түсініктілігі, айқындылығы және әсерсіздігін зерттеу барысында, сөйлеу мен ойлау арасындағы өзара қарым-қатынасты анықтау жағдайларында сөйлеу әрекетінің өнімді болып табылатындығын талдайды [1, 12-6].

А.Н.Леонтьев адам санасының қоғамдық қатынаста қалыптасатынын айтып өткен. Оның пікірінше, қазіргі таңда субъект қоғамдық субъект ретінде қарастырылады, субъекті мен табиғаттың қатынасы қатынас ретінде, бірақ, ал оның табиғатқа деген қатынасы тікелей қатынас емес, жанама түрдегі материалдық және қоғамдық қатынас болып табылады. Адамның психикасының тарихы мен адам санасының басталуына адамның еңбек әрекетінің пайда болуы немесе адамның қоғамдық еңбегін жатқызуға болады. Еңбектің даму процесімен тілдің даму сәті де мәнді орын алады. Тек қана тіл, сананың адами формасының пайда болуы мен дамуын анықтауға мүмкіндік туғызады [2, 141-6].

Қарым-қатынастың ойлауға әсер етуіне себепшінің негізгі детерминанты ретінде ақпараттардың жалпы қоры, индивидуалды танымдық процестердің динамикасын реттеудің өзіне тән ерекше механизмі, міндеттерді шешудің бірлескен стратегиялары мен іс-әрекеттің топ үшін ортақ стилі қарастырылады. Ойлау мен қарым-қатынастың өзара күрделі байланысы субъектінің жалпы қорытындыдағы ақпараттардың жинақталу процесі. Ойлау мен қарым-қатынастың өзара байланыс мәселесі бірлескен ойлау әрекетіндегі мақсаттық құрылым мен мағыналардың жалпы қорының өзара байланыс мәселесінде нақтылануын С.М.Жақыпов айтып өткен.

К.К.Байчинскаяның теориялық талдауы бойынша ойлау психологиясы туралы жинақталған тұжырымдар, ойлау процесінің шығуына қатысты, онда жаңа психологиялық детерминанттардың пайда болуы, бізді келесі қорытындыға әкелді: бұл екі мәселе ойлау психологиясында өз бетінше дербес қарастырылады. Оның көзқарасынша бұл ойлаудың іс-әрекеттік, бірізді таралуына кедергі болады [3, 6-6].

Адамның ойлау әрекетінің болмысы мен шынайылығы дыбысты анық сөз арқылы жеткізеді. Сөйлеу күрделі психикалық құбылыс ретінде адамның ойының шындығын, болмысын білдіреді. Біз басқа адамзатпен тіл арқылы өзара қарым-қатынас жасаймыз.

Естіртіп сөйлеу өзгелермен қатынас жасаудың /коммуникацияның/ құралы болып есептелінсе, үнсіз сөйлеу ойланып-толғанудың құралы болып саналады. Ниеттің үнсіз алабына бұрылып, оралуы шет тілін үйрену кезінде, не есеп шығаруда т.б. жиі кездеседі. Себебі мәселені шешерде ойлану үнсіз сөйлеуді қажет етіп, кейін осының өзі соның шешілуіне түрткі бола алады. Ал, мәселе өзінен-өзі жеңіл келіп, ойланбаған жағдайда ниет, яғни ішкі жоспар бірден тіл сөздеріне айналып, коммуникацияға жіберіледі. Соңғы жағдайда ниеттің сөз «қабығына» енуін текст деп атайды. Ой мен тіл тығыз байланысты дегенде бұлардың бір бірінсіз қызмет ете алмайтынын ғана айтпай, ой сөйлеу арқылы түзеліп, жөнделіп тұратынын да айтады.

Кәсіби өзіндік бағалауда педагог әрекеті, кім алдына жоғары міндеттер қойса, онда қиындықтар болатынын көрсетті. Қиындықтармен күресу педагогикалық – психологиялық жағдайды реттеп, түзетіп, дамуға әкеледі. Бұл әрине шығармашыл педагогтарда кездесетін жағдай. Егер педагог өз алдына жоғары міндеттер қоймай жеткен жетістіктерімен шектеліп қана қойса, олардың кәсіби дамуы төмендей берері сөзсіз. Сондықтан да педагогикалық кәсіпті таңдаған әрбір адам өз санасында педагог бейнесін қалыптастыра алуы қажет. Егер өзіндік дамуды мақсатқа бағытталған әрекет деп қарасақ, онда оның негізгі міндетті бөлігі – өзіндік талдау болуы шарт.

Педагогикалық әрекет танымдық психикалық үрдістерді дамытуға ерекше талаптар қояды: ойлау, қиял, ес. Әр педагог өз психикалық үрдістернің дамуын талдап, реттеп отырса, өзіндік дамуын байқай алады. Кәсіби өзіндік дамудың құрамдас бөлігі – педагогтың өзіндік білім алу жұмысы. Кәсіби өзіндік білім алудың тиімді жолы – педагогикалық ұжымның шығармашылық ізденіс жұмысына қатысу, білім беру мекемесін дамытуда жаңашыл жобалар, авторлық курстар мен педагогикалық технологияларды жасақтау. Өзіндік дамудың екі педагогикалық нәтижесі бар.

Бірінші жағынан – тұлғалық даму мен кәсіби өсуде болатын өзгерістер, екінші жағынан – өзіндік дамумен айналысуға қабілеттілікті игеру.

Аталған нәтижелердің жүзеге асқандығын төмендегі әрекеттерден көруге болады:

- Мақсат қоя білу; өз алдына кәсіби мәнді мақсат пен өзіндік даму міндеттерін қою;
- Жоспарлау: өзіндік даму құралдары мен әдістерін, әрекеттері мен тәсілдерін таңдау;

- Өзіндік бақылау: өзіндік дамудағы қадамдар мен нәтижелерді салыстыру;
- Түзету: өзімен жүргізілген жұмыс нәтижелеріне қажетті түзетулер енгізу.

Мұндай әрекеттерді меңгеру және жүзеге асыру белгілі іскерліктер мен уақытты талап етеді. Сондықтан зерттеушілер кәсіби өзіндік дамудың сатыларын бөліп көрсеткен: Бастапқы сатысында кәсіби өзін – өзі тәрбиелеуді меңгерудің мақсаты мен міндеттері нақты емес, мазмұны толықтыруды қажетсінеді.

Құралдары мен әдістері толық анықталмаған. Екінші сатысында мақсаты нақтылана бастаған. Алға қойылған мақсат пен міндеттер белгілі тұлғалық қасиеттерді керек етеді. Өзіндік талдау жүзеге асады.

Үшінші сатысында педагог мақсат пен міндеттерді өзбетімен және негізделген түрде қояды. Сондықтан өзіндік даму мазмұны жекеленген сапалардан маңызды және жалпы кәсіби мәні бар тұлғаның қасиеттерін қажетсінеді. Жұмысты жоспарлау, құралдарды таңдау, өзіндік әрекет жасау жүзеге асады. Өзіндік дамудың барлық негізгі әрекеттері – мақсат қоюшылық, жоспарлау, өзіндік бақылау, түзету күштеусіз, автоматты түрде жүзеге асады.

Педагогтың кәсіби дамуының психологиялық теориясының басты идеясы мынадай негізгі жағдайларда қалыптасады: егер оқу – танымдық үрдіс орын алса, онда оның даму үрдісі де орын алады. Сондықтан білім мен түрткілер тұлғаның кәсіби дамуының негізі болады. Әр тұлға өзінің білімін жетілдіріп, түрлі түрткілерден қуаттанып, әрекетке көшетіні анық дүние. Кәсіби тұрғыдан үнемі дамып отырған педагог психологиясы айқын сезіліп, жұмыстануға, өзгені де дамытуға оң ықпалын тигізеді сөзсіз.

Психологиялық қызмет мамандары білім беру мекемелерінде оқуды жеңіл және тиімді етіп, жағымды эмоция қалдыруда үлесін тигізеді: өзін – өзі реттеу тәсілдерін үйретеді, хабарлама жасауға, реферат жазуға, конференцияларға қатысуға сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тренингтер өткізеді, мазасызданудың, үрейдің, стресстің алдын алу шараларын ұйымдастырады.

Психологиялық дайындықтан өткен адам өзін еркін және сенімді ұстап, ерекше ықыласпен, талпыныспен жұмыстанады. Мұғалімнің тұлғалық дамуы, оның бойындағы өзін - өзі үнемі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Өз қажеттіктерін сезіну – кәсіби қызметтің негізі болып табылады, өйткені ол өзінің потенциалдық бар мүмкіндікпен дамытудың жолдарын білу деген сөз. Гуманистік философия мен педагогиканың негізін салушылардың көпшілігі өз қажеттігін

тануды жеке тұлғаның кемеліне келуінің, кәсіби жетілуінің басты көрсеткіші ретінде есептеп, бұл ұғымның философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектілерін әр кезеңде әр түрліне қарастырған. Мысалы, Сократ өз оқушыларының санасын әңгімелесу, сұрақ қою арқылы оятып, өзін - өзі тануға шақырса,

Я.А.Коменский оқушының өз бойындағы рухани күшін өзі дамытуға мұғалім көмектесе алатыны атап айтқан. Ж.Ж.Руссо «Балаға мұғалім өз көзқарасын байлап беруге емес, қайта оның өзіндік дүниетанымын дамытуға» ұмтылуын, И.Песталлоци және оның шәкірті Ф.Фребель бүгінгі педагогикадағы «тұлғалық бағдарлы оқытудың» негізін салып, өзін - өзі дамыту түсінігін енгізді.

Адам бойындағы адами қасиеттерді іздеу, табу, олардың әрі қарай дамуына барынша қолдау көрсету. Оның өзін -өзі жүзеге асыру, ретке келтіру, дамыту, өзінің тұлға ретіндегі болмысын жасаудың механизмдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Адольф Дистервергтің «Нашар мұғалім шындықты оқушыға өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оған өз бетімен ізденуге жол көрсетеді» деген пікірі және Джон Дьюдің жеке тұлғаның өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене, оны реттей отырып білім алуына, еркін дамуына мүмкіндік жасау арқылы қоғамды демократиялық даму жолына әкелуді көздейтін философиясы бүгінгі білім берудегі өзекті мәселе болып отыр. Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздегі Назарбаев зияткерлік мектептерінің және «Педагогикалық шеберлік» орталығының жұмыстарында айтарлықтай онды істер жүзеге асырылуда. Әрбір маманды танымал оқу орындарына біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, конференцияларға, жобалық жұмыстарға жіберіп, кәсіби жағынан шыңдалуға әсер етуде.

Сыни тұрғыдан ойлап, жаңа технологияларда жұмыстана алатын, құзыретті, артына ере білген баланы да жан – жақты дамытуға бағытталған біздің педагогтар нәтижелі жұмыстануда. «Сенің қолыңнан келеді», «Біз саған сенеміз», «Саған үміт артамыз» деген түрткі сөздердің өзі – ақ психологиялық ахуал қалыптастырудың бастамасы. Педагогикалық қауымға мектебімізде ұйымдастырылып отырған шетелдік

әріптестер семинары, үштілділік саясаты, әлеуметтік жобаларға қатысуды бастама еткен келелі істер нәтижесін беруде. Осыған байланысты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Педагогика және психология» мамандығының магистратурасында «Педагогтың кәсіби имиджісі» курсы өтеді (2 кредит). Курстың мақсаты мен міндеттері: Білім алушыларға мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі компоненті болып есептелінетін имиджелогияның өзекті мәселелерін оқыту және имиджелогияның заңдылықтарымен қалыптасу тенденциясы туралы білімдерін қалыптастыру, жеке педагогикалық имиджді қалыптастыру негізінде базалық кәсіби құзіреттіліктің пайда болуына әсер ету, білім алушыларды корпоративті мәдениетті ұйымдастыруға дайындау және мекеменің имиджісін құру тәсілдерімен басшылық етуді меңгерту. Өзін-өзі дамыту жоспарын іске асыруда жас мамандарға мектеп әкімшілігі, жетекшілер, бірінші және жоғары біліктілік дәрежесі бар ұстаздар, мектептің психологиялық қызметі тиімді және жан-жақты көмек көрсетеді. Өз жетекшілерінің басшылығымен жас педагогтер оқу-әдістемелік кешендер жасайды, ашық сабақтар даярлайды, педагогикалық оқуларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, семинарларға қатысу үшін тезистер жазады, ғылыми-әдістемелік журналдар беттеріне өз еңбектерін жариялайды, жобалар жасайды, өз жетістіктерінің нәтижелерін көрсете отыра, конкурстарға қатысады. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың басты формалары жас педагогтің профессионалды компетенттілігін, интеллектуалды мәдениеті мен өзін-өзі дамыту мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Әдістемелік көмек көрсетудің маңызды формаларының бірі болып ашық сабақтар және мастер-класс есептеледі. Оларды өткізу барысында тәжірибелі ұстаз өз алдына жас мұғалімдерге ұстаздық шеберлікті меңгеруге әдістемелік көмек көрсету міндетін қояды. Мұндай тәжірибе алмасу, серіктестік жас педагогтер бойында жағымды мотивацияның, өзінөзі дамытуға деген қажеттіліктің қалыптасуына септігін тигізеді.

Бүгінде жас мұғалімнің өзін-өзі дамытуының маңызды критеріі болып келесілер табылады: білім беру, талдау, өзге ұстаздармен тәжірибе алмасу технологиялары мен әдістерін меңгеру, оны шығармашылық өңдеп, өз жұмысында қолдана білу, педагогикалық үдерісті бақылап, зерттеу, ғылыми педагогикалық әдебиетпен жұмыс жасау. Бұл үшін университетте ғылыми-зерттеу лабораториясы жұмыс істеп келеді, мұнда жас педагогтер өз зерттеулеін одан әрі шынайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті – Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қараша Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319 -III ҚРЗ. – Астана: Ақорда, 2007, шілде - 27.
2. Ортаева К.Ә. Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мұғалім тұлғасын дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. диссерт. -13.00.01- Атырау, 2010.-18 б.
3. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы, 1998. - 320 с.
4. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. - Алматы: Полиграфия-сервис К°, 2012. – 316 б
5. Кудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми- теориялық негіздері. - Алматы, 2008. - 328 б.
6. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ...: дис. 13.00.08.- Қарағанды, 2005. - 267 б.
7. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Қарасай баспасы. - Алматы, 2013. - 384б.
8. Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док.... автореф. - Астана, 2003. - 50 б.

- 9.Фридман Т.Педагогический опыт глазами психолога. - М.: Педагогика, 1997.- 224 с.
- 10.Таубаева Ш.Т. Иманбаева А.С. Берикханова А.Е. оқулық «Педагогика» Алматы : ОНОН -2017, 340 б

Аннотация

В статье рассматриваются значение, основные компоненты и эффективные пути профессионального развития личности учителя. В современных условиях образования непрерывный профессиональный рост педагога является важным условием повышения качества обучения, совершенствования учебного процесса и внедрения инновационных методик. В статье анализируются профессиональные компетенции учителя, рефлексия, стратегии саморазвития, а также социально-психологические факторы, влияющие на профессиональный рост.

Ключевые слова: *Профессиональное развитие, личность учителя, педагогическая компетентность, рефлексия, саморазвитие, образование.*

Abstract

The article explores the importance, key components, and effective approaches to the professional development of a teacher's personality. In modern education, continuous professional growth is a crucial factor in improving teaching quality, enhancing the learning process, and implementing innovative pedagogical practices. The article analyzes teachers' professional competencies, reflection, self-improvement strategies, and the socio-psychological factors that influence professional development.

Keywords: *Professional development, teacher's personality, pedagogical competence, reflection, self-improvement, education.*

ОӘК: 37.011

ТИІМДІ БАСҚАРУ ДАҒДЫЛАРЫ – НӘТИЖЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ БЕЛСЕНДІ ҚҰРАЛЫ

Оңласынова Назерке Сағындыққызы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. *Мақалада тиімді басқару дағдыларының ұйымдағы нәтижелі еңбекті қамтамасыз етудегі маңызы талданады. Басқару дағдылары қызметкерлердің жұмыс мотивациясын көтеруге, ұйымішілік коммуникацияны жақсартуға, мақсат қою мен оны жүзеге асыру тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада көшбасшылық, шешім қабылдау, уақытты басқару, командамен жұмыс істеу және қақтығыстарды реттеу сияқты негізгі басқарушылық дағдылардың еңбек өнімділігіне әсері қарастырылады. Сонымен қатар тиімді басқаруды қалыптастыру жолдары мен кәсіби дамудың маңызы сипатталады.*

Түйін сөздер: *Басқару дағдылары, тиімділік, нәтижелі еңбек, көшбасшылық, коммуникация, шешім қабылдау, уақыт менеджменті.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 11 ақпандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...өркениетке қол созған еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, әлемдік үрдіске бағытталған даму кезеңінде

құзыреттілікпен басқару ісі жан-жақты білім мен шебер біліктілікті талап етеді. Ондағы басты мақсат-қызметті заманауи ағымға сай икемдей отырып тың идеяларды туғызатын шығармашылық ізденістер арқылы табысты нәтижелерге қол жеткізу» - деп атап көрсетті. Басқару құзыреттілігі - реттеуге, қорғауға, қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін жұмыс істетуге бағытталған әрекет ету процесі.

Ол адам іс-әрекетінің түрі ретінде адамдардың бірлесіп қызмет етуінен пайда болған. «Басқару» термині қазіргі қолданыста шетелден енген «Менеджмент» сөзімен алмастырылып қолданылып келеді. Ал басқару жүйесін жүзеге асырушы «менеджер» сөзімен алмастырылып жүр. Менеджмент (басқару, меңгеру, ұйымдастыру) ұйымда жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы екені белгілі.

Ендеше, бұл жүйеде жұмысты сапалы іске асыру үшін басшылыққа алатын белгілі бір ережелердың, нұсқаулықтардың, іс-әрекеттердің және дағдылар жиынтығының болуы шарт.

Дағды-ол икемділік, әдет. Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Мәселен, алғаш жазып үйрене бастаған бала бастапқы кезде өзінің барлық қозғалыстарын санасымен бақылап, көптеген артық қимылдар жасайды (оның бет әлпеті, бүкіл денесі, аяққолы бір мақсатқа бағытталады), терлеп-тепшіп қиналады. Ал жазуға төселген адам өз қозғалыстарын байқамайды, оның орнына жазған нәрсенің мазмұнына ерекше көңіл бөледі. Өйткені онда жазу дағдысы автоматталған, дағдыланған. Дағды қалыптасқаннан кейін зорланып, қиналып істеу сияқты, мәселен, балада жазуға төселмей тұрғандағы байқалатын ебедейсіздік жойылады, жаттыға келе бала кібіртіктеп отырмай, сөйлемдерді шапшаң оқитын болады.

Дағды – еңбек және басқада іс – әрекет барысында белгіленген дәлдікпен және шапшаңдықпен міндеттерді орындауда, қайталау нәтижесінде алған білік негізінде қалыптасатын әрекет. Сондықтанда дағды біліктілікпен тығыз байланысты. Егер адам қандай да бір нәрсені істей білсе және ол әрекеті жиі қайталаса, ол автоматтандырылады, орындау жеңілдейді, оған кететін энергия шығыны да азаяды.

Десекте, мұның бәрі мақсаттылық пен саналылық бақылауы арқылы жүзеге асып отырады. Мысалы, тапсырманы уақытылы орындау, уақытты үнемдей білу, жұмысының жүйесін қалыптастыру, тапсырманы беру және қадағалау дағдыларын үйрету. Ұйымдастырушылық жұмыстарында жағдайды жылдам бағалай алу, соған байланысты мүмкіндіктер шеңберінде әрекеттерді жоспарлау, атқаратын жұмыстарды бөлу, бақылау, жұмыс барысында жәрдем беру, соңында іс – әрекеттерге баға беруге қатысты дағдалар практикалық іс – тәжірибелер негізінде қалыптасады.

Дағдының өзіндік даму заңдары үнемі назарда тұрғанда ғана еңбек нәтижесін бағыттауға болады. Олар:

*Дағдыны дамыту үшін әрбір пысықтаудың нәтижесін білу қажет, сонда ғана келесі пысықтауда оны жетілдіруге деген ниет туады.

*Дағды дамуындағы жылдамдықтың өзгеру заңы – алғашқы пысықтаудағы дағды өнімділігін жетілдіру қарқыны көп кешікпей өз қарқындылығын баяулатады.

*Дағды дамуындағы біркелкі еместік заңы – дағдының ілгерілеуі олардың өнімділігіне әсер ететін субъективті және объективті себептер қатары әсерінен уақытша дағдының төмендеуімен алмасады.

*Дағды дамуындағы плато (үстірттік) заңы – уақытша дағды өнімінің жақсаруы немесе төмендеуінің байқалмауы олардың психологиялық құрылымының қайта құрылуы туралы түсінік береді. Демек, дағдылану процесі табандап бір орында тұрып қалады немесе тіпті бастапқы кезінен төмендеп кетуі мүмкін. Осыны психологияда плато (француз сөзінен «plateau» - бірыңғай) деп атайды.

*Дағды дамуының шексіздігі заңы – дағды дамуындағы соңғы плато дағды құрылымын қайта құру есебінде жүріп, оның нәтижелілігін аз да болса жақсарты алады.

*Дағдының сөну заңы – пысықтау жоқ жерде дағды кері қарай дамуға ұшырайды, бірақ пысықтаудың қайтадан қалпына келуі, дағдыны алғашқы пысықтауға қарағанда жылдамырақ қалпына келтіреді.

*Дағдыны тасымалдау заңы – қалыптасқан дағдылар психологиялық құрылымы бойынша ұқсас дағдылардың дамуын жеңілдетеді (оң тасымал) және құрылымы әр түрлі дағдылардың дамуын қиындатады (теріс тасымал). Өз ісін басқара білу жүйесінің құрылымы - жеке тұлғаның қайталанбас даралығының дамуына, шығармашылық бастама алуына бағыт беріп, жағымды орта қалыптастырудан тұрады.

Ұжымның әрбір мүшесі өз-өзіне баға бере білуі және жұмыстың барлық түрін коррекциялық жағдайда ұйымдастыруы дәрежесін анықтай отырып жеке тұлғаға адамдық, азаматтық түрткі жасай білуі қажет. Бұл жерде менеджер мына қағидаларды назарда ұстауы тиіс.

- белсенділік;
- ізгі қарым-қатынас орната білу;
- жұмысты ұйымдастырудағы жаңашылдық;
- белсенді әрекетке кәсіби даярлығы.
- белсенді болуды қажет етеді.

Олар үнемі оқиғаның мән-жайы туралы хабардар болады, әртүрлі ақпаратты жинайды, сондықтан өзгерістердің бағытын алдын ала анықтай алады. Қиындықтар және қателіктер қайда, неліктен кеткенін, оларды қалай жеңуге болатынын талдау - даму үрдісінің ажырамас бөлігі.

• Ізгі қарым-қатынас орната білу «Адам өміріндегі ең тамаша бір қасиеті-оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деп А.Линкольн айтқандай, жетістікке жеткен, әдепті жақсы сақтайтын әр адам ұжымның мүшелерінің сенімді адамына айналады: сенімділік пен ілтипат көрсету қасиеті өзара түсінісбестіктен туындайтын дөрекі қарым-қатынасты болдырмауға мүмкіндік береді. Төзім мен сабыр сақтау сияқты қасиеттер көп жағдайда ұстамдық пен сабырлық, іскерлік дағдыға ұқсас болады. Сондықтан бұл қасиеттер бірден-бір белсенді құрал болуы керек.

• Жұмысты ұйымдастырудағы жаңашылдық «Инновация» түсінігі «жаңаны енгізу», «жаңалық», түсініктерімен бірге айтылады. Шындығында, «инновация» сөзі латынша «жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі заман талабында инноватор болудың маңыздылығы басым. Оған жету терең білімді, жоғары біліктілікті, қажымай-талмайтын еңбекті, үлкен ізденісті қажет етеді.

Мысалы:

- қашықтан оқытуға әр түрлі шаралар дайындап, ұйымдастыру;
- интерактивті оқыту мен ықшамдалған (виртуальный) әдістерді қолдану мүмкіндігін қарастыру;
- инновациялық технология мен интерактивтік оқыту әдістеріне байланысты семинарларға қатысу, тәжірибе бөлісу;
- оқыту әдісін қолдану барысында ақпараттық технологияны енгізу (бейнеәдістер, мультимедиа, электрондық пошта, телеконференция, бейнеконференциялар және т.б.)

• Белсенді әрекетке кәсіби даярлығы Өз саласы бойынша білімі мен тәрбиесі жеткілікті маман ретінде қызметіне мақсатты дұрыс қоя білуі, оның жүзеге асыру барысын жан-жақты талдау және бақылауы, білікті нұсқау бере білуі тиіс. Өз мамандығын сүйетін, нағыз маман иесі болу керек. Сонымен қатар, заманауи кәсіби даярлығын көтеріп, тәжірибемен толықтырып отыру басты назарда болуы маңызды. Қазіргі уақытта кәсіби басқару қызметінің дағдыларын меңгерген, мұғалім-әдіскер және мұғалім-басқарушы қажеттігі өткір сезіледі. Білім берудің қолжетімділігі, сапасы, сондай-ақ тиімділігі "жаңа сапалы" ұстаздан басталады. Білім алушының шығармашылығын дамытуда мұғалім

психофизиология, этнопсихология, басқару теориясы мен практикасы саласында өз білімдерін кеңейте түсуі тиісті, өйткені тек жоғары деңгейдегі басқару дағдысы бар мұғалім әр оқушының қызметін талдау, жоспарлау, ұйымдастыру және тұрақты бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Басқару құзыреттілігі білім беру процесінің әлеуметтік және жеке мақсаттарының біріктіруші буыны болып табылатындықтан, сондықтан әрбір мұғалімге басқарушылық құзыреттілік саласында өзінің кәсіби өсу жүйесін құру қажет.

Мұғалімнің практикалық қызметі - орындау өнері қабылдайтын конструктивті шешімдерді жүзеге асыру өнері. Мұғалімнің білім алушылардың оқу жұмысын дифференциациялаудың жалпы қағидатын білуі, ол дифференциалды тәсілдің "технологиясын" (әртүрлі деңгейдегі оқу тапсырмаларын әзірлеу, әр түрлі дайындықпен оқушыларға көмек көрсету шараларын анықтау, оқушылардың барлық күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай білуін кезең-кезеңмен пысықтау және т.б.) беретін кейбір конструктивті жобаға кіргенде ғана іске асырылатын болады.

Педагогикалық идеяларды жүзеге асыратын осындай конструктивтік схемалар қандай да бір пәнді оқыту әдістемесінде, тәрбие жұмысының әдістемесінде әзірленеді және сынақтан өткізіледі; алайда оларды іске асыру мұғалімнің нақты жұмыс жағдайларына байланысты.

Заманауи мұғалім-бұл қалыптасқан позитивті дүниетанымы бар, тұрақты өзін-өзі дамытуға және кәсіби өсуге бағытталған, төзімді, жоғары адамгершілік беделге ие тұлға. Кез келген қызмет, егер оның нәтижесінде өнім құрылмаса немесе жетістіктер болмаса, мағынасыз болады.

Қазіргі білім беру адамның үш базалық құзыреттілігін меңгеруіне байланысты:

- коммуникативтік құзыреттілік ("өзін басқару"; коммуникациялық белсенділіктің нәтижелерін кәсіби жүзеге асыра білу және бағалай білу, әлеуметтік өзара іс-қимылға дайындық, қоғамдық даму үрдістерін бағалау қабілеті, жоғары коммуникабельділік және қарым-қатынасқа дайын болу). ақпараттық құзыреттілік (аналитикалық жұмысқа қабілеттілік, анық және стратегиялық бағытталған ойлау, ақпараттық ресурстарды меңгеру, өмірлік үдеріске жаңа ақпараттық технологияларды енгізу (шет тілдерін білу). және т. б.);

– мәселелерді шешу құзыреттілігі-өзін-өзі басқару, қиял, кәсіпорынның мақсаттары мен коммуникациялық бағдарламалар арасында байланыс орнату қабілеті. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту оның өз қызметін басқару арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім оқушыларға өзіне тән құндылықты бағдарларды ғана бере алады.

Педагогтің кәсіби қалыптасуы жалпы қоғамның дамуында аса маңызды болып саналады: педагогтің жеке тұлғасы, оның кәсіби білімі қоғамның құнды капиталы.

ҚОРЫТЫНДЫ Дана Абай: «Табиғаттағы барлық құбылыс белгілі бір заңдылыққа бағынатынын, адам баласы сол заңдылықтарды мүлтіксіз орындағанда ғана өмір мақсатына жете алатынын айтқан. Бүгінде тиімді басқару дағдыларын жетік меңгеру жаңа, сапалы нәтижеге қол жеткізуге жол ашады, сонда ғана басқару әрекеті табысты болады. Әр азамат өзінің елін, мемлекетін қорғап, тілін, тарихын, салты мен дәстүрін, байлығын келешегі үшін сақтап, жалғастыру керек деген үлкен жауапкершіліктің мәні де осында.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» 2018 жылы 11 ақпан.
2. Журнал «Қазақстан мектебі» 2012 жыл, тамыз, №8. 10-12, 38, 45 беттер
3. Журнал «Қазақстан мектебі» 2008 жыл, қазан айы, №10. 45 бет
4. Журнал «Қазақстан мектебі» 2011 жыл, №2, ақпан айы, 54-58, 61 беттер
5. Журнал «Қазақстан мектебі» 2008 жыл, маусым айы, №6. 6, 25 беттер

Аннотация

В статье анализируется значение эффективных управленческих навыков в обеспечении результативного труда в организации. Управленческие навыки способствуют повышению мотивации сотрудников, улучшению внутриорганизационной коммуникации, более эффективной постановке и достижению целей. В статье рассматривается влияние ключевых управленческих навыков, таких как лидерство, принятие решений, тайм-менеджмент, работа в команде и управление конфликтами, на производительность труда. Также описываются пути развития эффективного управления и профессионального роста.

Ключевые слова: Управленческие навыки, эффективность, результативность труда, лидерство, коммуникация, принятие решений, тайм-менеджмент.

Abstract

The article examines the importance of effective management skills as a key tool for ensuring productive work within an organization. Management skills enhance employee motivation, improve internal communication, and support the efficient setting and achievement of goals. The article discusses the impact of essential managerial skills such as leadership, decision-making, time management, teamwork, and conflict resolution on work productivity. It also highlights approaches to developing effective management and the significance of continuous professional growth.

Keywords: Management skills, effectiveness, productivity, leadership, communication, decision-making, time management.

ОӘК: 37.012

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛІ

Нуршанова Индирва Советовна

орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Мақалада орыс тілі мен әдебиетін оқытуда саралап оқыту тәсілінің мәні мен тиімділігі қарастырылады. Саралап оқыту оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқу материалын меңгеру қарқынын реттеуге және білім деңгейіне сай тапсырмалар беруге мүмкіндік береді. Мақалада саралап оқытудың түрлері, оны жүзеге асырудың әдістемелік жолдары және оның оқушылардың тілдік құзыреттілігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады.

Түйін сөздер: Саралап оқыту, орыс тілі, әдебиет, жеке ерекшеліктер, тілдік құзыреттілік, әдістеме.

Из всего многообразия технологий, претендующих на реализацию личностно – ориентированного подхода, разноуровневое обучение доказывает свою эффективность на протяжении многих лет. Надо признаться, что в педагогике, пожалуй, как ни в какой другой науке, одни и те же термины трактуются у разных авторов по-разному. Личностноориентированный подход к обучению - суть дифференциации в разных ее проявлениях. В дидактике обучение принято считать дифференцированным, если в его процессе учитываются индивидуальные различия основные свойства личности обучаемого. В педагогической литературе различают понятия «внутренней» и «внешней» дифференциации.

Под внутренней дифференциацией понимается такая организация учебного процесса, при которой индивидуальные способности учитываются в условиях организации учебной деятельности. При внешней дифференциации студенты разного уровня обученности специально объединяются в учебные группы.

Таким образом, при внутренней дифференциации личностно-ориентированное обучение достигается за счет разноуровневой технологии, за счет разнообразия ее приемов и элементов. Одним из наиболее признанных инновационных педагогических технологий является дифференцированное обучение, которое, прежде всего, проявляется в применении разноуровневых заданий. Основная задача дифференцированного обучения – вовлечение в работу каждого студента, помощь «слабому», развитие способностей «сильных». Дифференцированная работа требует предварительного деления обучающихся на группы (варианты) по уровню обучаемости.

В этом помогает входная диагностика. Структура дифференцированного урока:

1. Совместная постановка задачи
 2. Дифференцированное повторение необходимого материала
 3. Совместное изучение нового материала
 4. Дифференцированное закрепление
 5. Проверка работы каждой группы с участием остальных студентов
 6. Общая проверка усвоения материала
 7. Дифференцированное домашнее задание
- Рассмотрим некоторые этапы урока.

Итак, второй этап – дифференцированное повторение.

Здесь уместнее всего использовать уплотненный опрос. Некоторым обучающимся (6 ребятам) дается задание на дифференцированных карточках. Один из сильных обучающихся из группы делает сообщение по теме. Следует вызвать к доске студента послабее, который будет пользоваться планом при ответах на вопросы. Остальные обучающиеся оценивают их ответы. Ребята задают отвечающим дополнительные вопросы. Работу студентов по карточкам проверяют консультанты из группы А.

Таким образом, в ходе уплотненного опроса оценивается работа 10-15 студентов. Четвертый этап – дифференцированное закрепление. Можно организовать работу в группах. Часто мы видим в ходе такой работы, как в группе проявляют инициативу мотивированные обучающиеся, а инертные так и остаются без дела. Это большой недостаток в организации групповой работы. Как же изменить эту ситуацию? Можно формировать группы по уровням усвоения материала, когда каждая группа получает посильное задание. Но в таком случае есть опасность того, что группа слабых учащихся будет чувствовать себя ущемленной. Чтобы избежать этого, можно все-таки попытаться организовать работу в разноуровневой группе.

Студент, имеющий хорошие знания, становится экспертом на уроке, организует, оценивает работу. Студенты группы Б подают идеи, а обучающиеся из группы В выполняют воспроизводящие задания, отбирают или оформляют материал. Чаще ребятам предлагаются практические задания. При изучении темы «Фразеологизмы» проведены практические задания, ребята были разделены на разноуровневые группы, каждая из них получила задание. В течение 15 минут студенты работают над заданием; эксперт наблюдает за работой каждого члена команды. Во второй части урока группы сообщают о результатах своей работы, целесообразнее, чтобы защиту работы выполняли ребята из групп Б и В. На этом этапе урока есть опасность, что остальные группы не будут слушать выступления, а будут продолжать готовиться к своему заданию.

Поэтому важно остановить работу, нацелить на оценку работы других групп, сообщив, что в конце урока будет небольшая работа по проверке усвоения материала. Также можно предложить оценить работу группы, задать дополнительные вопросы, поощряя самые интересные из них. Перейдем к дифференцированному домашнему заданию. Есть несколько способов предложения домашнего задания. Первый

– это задание на выбор, о чем уже говорилось выше. Для воспроизводящего уровня предлагается работа по образцу, по алгоритму.

Для конструктивного уровня – собрать материал, обобщить, составить таблицу, опорный конспект. Например, выбрать из произведения примеры на правило, составить диктант, дополнить таблицу примерами. Для творческого уровня задания проблемного характера, мини-проект, предлагается изложить содержание параграфа в виде лингвистической сказки, сценария телепередачи, мультфильма.

Второй способ – работа с дифференцированными карточками. Преподаватель каждому студенту предлагает конкретную карточку с заданием. Такие карточки готовятся для анализа произведений по литературе (Л.Н.Толстой «Война и мир», Ф.М.Достоевский «Преступление и наказание», М.А.Шолохов «Тихий Дон»). Затем на уроке ведется работа по этим заданиям. Карточки категории В рассчитаны на ребят, воспроизводящих знания. Такой студент самостоятельно выразительно читает текст, пересказывает эпизоды, но ему трудно сопоставлять, делать выводы, отвечать на проблемные вопросы. Карточки категории Б рассчитаны на ребят, умеющих делать небольшие выводы, подбирать в тексте ключевые слова.

Карточки категории А для обучающихся, которые могут отвечать на проблемные вопросы, создавать свой текст, анализировать эпизод, явления, героев. Каждый студент заранее знает, о чем его спросят; нет момента неожиданности, все готовы и получают положительные оценки. Ведь в нашей работе немаловажную роль играет ситуация успеха. Еще один способ – работа с одаренными обучающимися при помощи индивидуальных заданий. После раздачи этих заданий учитель проверяет, оценивает, дает образцовый ответ.

Для таких ребят заводится журнал, где учитывается уровень выполненной их работы. В заключении отметим, что предлагаемые нами способы работы способствует развитию интереса к урокам, повышению мотивации обучающихся, формированию глубоких лингвистических знаний.

Список литературы:

- 1.Арапов А.И. Дифференциация обучения в истории отечественной педагогики и школы. – Новосибирск: НГПУ.
- 2.Осмоловская И.М. Организация дифференцированного обучения в современной общеобразовательной школе. М: Изд ,НПО «МОДЭК»,1998г.
- 3.Богданова Г.А. «Опрос на уроках русского языка» М. 1999г.

Аннотация

В статье рассматривается значение и эффективность дифференцированного подхода в обучении русскому языку и литературе. Дифференциация позволяет учитывать индивидуальные особенности учащихся, регулировать темп усвоения материала и подбирать задания в соответствии с их уровнем подготовки. В статье анализируются виды дифференцированного обучения, методические приемы его реализации, а также влияние данного подхода на развитие языковой компетентности и творческих способностей учащихся.

Ключевые слова: Дифференцированный подход, русский язык, литература, индивидуальные особенности, языковая компетентность, методика обучения.

Abstract

The article discusses the significance and effectiveness of a differentiated approach in teaching Russian language and literature. Differentiation allows educators to consider students' individual characteristics, adapt the pace of learning, and provide tasks appropriate to learners' proficiency levels. The article examines the types of differentiation, methodological strategies for

its implementation, and its impact on developing students' linguistic competence and creative abilities.

Keywords: *Differentiated approach, Russian language, literature, individual differences, linguistic competence, teaching methodology.*

ОӘК: 37.011

САПАЛЫ ОҚУЛЫҚТАР – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Момынжанова Жаркынай Аязбаевна

орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Мақалада сапалы оқулықтардың ұлттың рухани дамуы мен білім беру жүйесіндегі басты құндылық ретінде қарастырылуы талданады. Сапалы оқулық – оқушының дүниетанымын қалыптастыратын, ұлттық мәдениетті, тілдік құндылықтарды және тарихи сананы дамытатын маңызды білім көзі. Мақалада оқулық сапасының негізгі өлшемдері, ғылыми-әдістемелік талаптар, мазмұнның құндылықтық маңызы және оның жас ұрпақтың білім сапасына әсері қарастырылады. Сонымен бірге ұлттық болмысты дәріптейтін оқулықтардың қоғамдағы рөлі баса көрсетіледі.

Түйін сөздер: *Сапалы оқулық, рухани құндылық, білім беру, ұлттық мәдениет, оқу материалы, тарихи сана.*

Кіріспе. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламасында: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» /1/ дегендей, ғылым мен технологияның қарқынды дамуы жеке тұлғаның дамуына ықпалы зор, сол себепті білім берудің оқу бағдарламалары мен оқулық мазмұны баланың бүгінгі даму сұранысына сәйкес келуі тиісті. Елбасы «Білім негізі мектепте қаланады. Қай елдің білімі, ғылымы күшті, сол ел озады» дей келе, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде оқулыққа баса назар аударған болатын. Ғалым А.Байтұрсынов сөзімен айтсақ, білім берудің басты құралы – оқулық мазмұны оқушылардың өздері оңай ұғынып, орындай алатындай талаптарға сай құрылғаны абзал. Сондай-ақ, оқулықтар оқушылардың бойына біліммен бірге, ұлттық рухани құндылықтармен тәлім-тәрбие беретіндей, ғылыми дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, өздігінен ойлау, іздену, зерттеу қабілеттерін шыңдай алуы қажет /1/.

Тәуелсіздік алғаннан бері оқулықтар жазу, олардың сапасын жақсарту бағытында біршама жұмыстар атқарылды, жетістіктеріміз бар. Сонымен қатар, біраз олқылықтар мен проблемалар әлі де алдан шығуда. Жалпы сапалы жазылған оқулықтар – білім мен ғылымның қайнар көзі, ұлтымыздың рухани құндылығы. Сондықтан дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған еліміздің жаңа буыны үшін мектеп оқулықтарының сапасына айрықша көңіл бөлуіміз қажет.

Мемлекеттік тілді оқыту да сапалы оқулықтан басталады /2/. Оқулықтар, оларға қойылатын талаптарды ескеру жөнінде әдіскер педагогтардың да назарынан тыс қалған емес. Мәселен, мына мақалада оқулыққа анықтама бере отырып, төмендегідей талаптарды береді: «Қазіргі заманда дүниежүзі бойынша оқу мазмұны адамдандыру, компьютерлендіру, кіріктіру, тұлғалық даму ережелеріне негізделеді. ... Солардың ішінде басты назар оқулыққа арналады.

Жақсы оқулық оқушыны нәтижелі оқуға жетелейді. Оқулық – оқу бағдарламасына сай оқу пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- оқу бағдарламасына сәйкес болу;
- оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болу;
- көрнекіліктермен жақсы жабдықталу;
- тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек;
- тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен

жаттығулардың болуы. Оқулық оқушылардың оқу материалын саналы, белсенді түрде, толық меңгеруін қамтамасыз етуі керек. Оқулыққа қойылатын талаптар күрделі болғандықтан, соңғы кезде әрбір пәннен бірнеше нұсқада оқулықтар, оқу құралдары жарыққа шығуда. Дәстүрлі кітаптармен қатар, аудио, видеокассеталар және компактдисктерге жазылған оқулықтар пайдаланып жүр» /3/.

Қазіргі бастауыш сыныпқа арналған қазақ тілі оқулықтары мазмұны, көлемі, әдістемелік жағынан жаңартылып, оқушылардың қатысымдық, зерттеушілік, жүйелі әрекеттік, дамытушылық, шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталады. Оқулықта меңгертілетін грамматикалық материалдарға ортақ арнайы лексикалық тақырыптар беріледі: 1-тоқсанда «Өзім туралы», «Менің отбасым және достарым»; 2-тоқсанда «Менің мектебім», «Менің туған өлкем»; 3-тоқсанда «Дені саудың – жаны сау», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»; 4-тоқсанда «Қоршаған орта», «Саяхат» бөлімдері қарастырылады /4/. Мәселен, бастауыш сыныпқа арналған Қазақ тілі оқулығына жасалған талдауға сүйенсек, «Қазіргі заман талабына лайық жаңа бағдарламалар әзірленіп, соған сәйкес жасалған жаңа буын оқулықтары дүниеге келгені белгілі.

Қазақ тілі (2-сынып) бұрынғы оқулықтармен салыстырғанда мүлде жаңа. Оның жаңалығы – біріншіден, бағдарлама талабына орай, оқулықта материалдардың орналасу тәртібі (реті) өзгерді /3/.

Екіншіден, тілден берілетін пәндік білім мазмұны жаңартылып, толықтырылды. Ең бастысы, тілді қоғамдағы қарым-қатынас жасау құралы және қоршаған ортаны танып-білу құралы ретінде үйрету көзделді. Бұрын балалардың орфографиялық білім-дағдысын қалыптастыру грамматикалық ұғымдарды меңгертуге, байланыстырып сөйлеуді дамытуға бағытталған жұмыстармен байланыссыз жүргізілсе немесе грамматикалық ұғымдарды меңгерту тілдің лексикалық және синтаксистік жүйесін оқытумен ұштастырылмаған болса, енді осының бәрі де бір мақсатқа – оқушылардың өз ойларын мазмұнды, грамматикалық тұрғыдан сауатты, стильдік жағынан жатық, дәл бейнелеп айта және жаза білу дағдыларын қалыптастыруға бағындырылды.

Үшіншіден оқушылардың сөздік қорын молайту, сөз мағыналарын дұрыс ұғынып, сөздерді орынды жұмсай білу дағдысын қалыптастыруға айрықша назар аударылды. Басқаша айтқанда, Сөз тарауы жаңа мазмұнда – оқушыларды алғашқы лексикалық ұғымдармен таныстыру мақсатында қарастырылды. Сөз мағынасына қатысты жүргізілген жұмыс оқулықтың өн бойында үздіксіз беріліп отырады /5/.

Төртіншіден, байланыстырып сөйлеуді дамытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған «Мәтін» тарауы оқулыққа жаңадан қосылды. Мәтінмен жұмыс оқушылардың сөйлеу дағдысы мен машығын (біліктілігін) қалыптастырудың негізі бола отырып, өтілген тілдік объектінің лексикалық және грамматикалық жақтарын тереңірек түсіндіріп, талдай, жинақтай білуіне олардың өзара бірлікте болатынын аңғартуға мүмкіндік береді.

Грамматикалық-тілдік жаттығулар оқу тапсырмаларының негізінен жазба түрде орындалуын қажет етеді. Бұл жаттығулар арқылы оқушы тілдің грамматикалық ерекшелігін танудың берік әрі сенімді баспалдағын қалайды және оқушы үшін маңызды болып табылатын жазу, орфография ережелерін меңгереді /5/. Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға байланысты берілген жаттығулар жүйесі мұғалімнің бағыт-бағдар беріп отыруы арқылы оқушының өз бетімен орындайтын танымдық қызметіне негізделеді.

Оқушылардың түйсіну, қабылдау, ес, қиял және зейінін теориялық білім алу барысында дамытуда, жеке басының эмоциялық ерік сапаларын – ерік, сезім, психикалық қасиеттерін – темперамент, мінез ерекшеліктерін адамгершілік, гуманистік бағытта

дамытуда ойын-жаттығулары, грамматикалық ребустар, танымдық викториналар және графикалық модельдер жасатуға үйрету жаттығулары ерекше орын алады /5/.

Рефлексиялық жаттығулар оқушыны саналы, мазмұнды ойлау, сөйлеу әрекетіне жетелейді. Оқушы өзінің біліміне сын көзбен қарап, қатесін анықтап, өзіне баға беруге үйренеді. Рефлексиялық жаттығулар проблемалық жағдаятқа ұқсайды да, белгілі бір тапсырмаларды орындауда оқушы ойлану, іздену жолынан өтеді. Рефлексиялық жаттығулар көп жағдайда мәтін арқылы жүзеге асады. Бұл оқулық қазіргі жаңа талапқа сай жазылып, әрбір сабаққа арналған материалдар деңгейлік тапсырмалар негізінде құрылған /6/.

Американдық ғалым Б.Блумның білімді толық меңгерту таксономиясы негізге алынып, оқулықта алты түрлі деңгейлік тапсырмалар берілген. Блум технологиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Блум таксономиясы бойынша қазақ тілінен жүргізілетін іс-әрекет былайша жіктеледі. Мысалы, Білім деңгейінде түрлі мазмұндағы нақты деректерден тұтас теорияға дейінгі оқу материалының есте сақталуы мен қайта жаңғыртылуы көзделеді. Оқушылар терминдерді нақты деректер мен әдістерді, тәсілдерді, негізгі ұғымдар мен түсініктерді, ережелерді ұстанымдарды біледі /6/.

Түсіну деңгейінде оқушылар оқу материалын бір түрден екінші түрге өзгертіп, қысқаша мазмұнын айтуға немесе түсіндіруге (интерпретация), танылып отырған құбылыс пен оқиғаның одан әрі өрбуі туралы пікір туғыза алады. Танылған деректерді ережелерді, ұстанымдарды түсіндіреді; сөзбен берілген материалдарды математикалық көрсеткіштерге өзгертеді; алынған нақты мәліметтер негізінде істің болашақтағы жай-күйін болжап сипаттайды. Қолдану деңгейінде оқушылар меңгерілген оқу материалын өмірдегі нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда қолдануды үйренеді. Заңдарды, теорияларды нақты тәжірибелік жағдайларда қолданады; ұғымдар мен ұстанымдарды жаңа жағдаяттарда пайдаланады /1/.

Талдау деңгейінде оқушылар тілдік бірліктерді тұтастық ретінде тани отырып, оны құраушы компоненттерге бөледі, талдайды; тілдік компоненттер мен соны жасап тұрған өзара байланыстарын анықтайды; тілдік бірліктердің белгілі бір қасиеттері туралы ережелер жасаудағы қателер мен жетістіктерді тани алады; тілді тұтас жүйе етіп тұрған басты заңдылықтарды анықтайды; тіл туралы заңдылықтардың тұтас тіл жүйесі үшін маңыздылығын бағалай алатын болады /2/.

Жинақтау деңгейінде оқушылар рефлексиялық жаттығулар орындайды; мәтінмен түрліше жұмыстар орындап, тілдік материалдарды сөйлеу тілінде қолдануды үйренсе, Бағалауда мәтіннің құрылу желісін бағалайды; тілдік бірліктер туралы белгілі бір ереже жасауда оның нақты фактілермен сәйкестігін бағалайды; тілдік бірліктерді меңгеруге байланысты ұйымдастырылып отырған оқу-танымдық қызметтің ішкі, сыртқы өлшемдерге қарай іс-әрекет нәтижесінің де маңыздылығын бағалайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <http://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.
2. shakhibbeker.ucoz.kz
3. <http://anatili.kazgazeta.kz/>
4. Жұмабаева Ә.Е., Уәйісова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017.
5. «Бастауыш мектеп» журналы, №8. 2005 ж.
6. Қазақ тілі. Оқу бағдарламасы. Бастауыш білім беру. Астана, 2015.

Аннотация

В статье рассматривается роль качественных учебников как важной духовной ценности народа и ключевого элемента системы образования. Качественный учебник способствует формированию мировоззрения учащихся, развитию национальной

культуры, языковых ценностей и исторического сознания. В статье анализируются основные критерии качества учебников, научно-методические требования, ценностное содержание материала и его влияние на качество знаний обучающихся. Подчеркивается значимость учебников, отражающих национальную идентичность.

Ключевые слова: Качественный учебник, духовная ценность, образование, национальная культура, учебный материал, историческое сознание.

Abstract

The article discusses the importance of high-quality textbooks as a spiritual value of the nation and a fundamental component of the education system. A quality textbook shapes students' worldview, promotes national culture, strengthens linguistic values, and fosters historical consciousness. The article analyzes key criteria for textbook quality, methodological requirements, the value-based content of educational materials, and their impact on students' learning outcomes. The significance of textbooks that reflect national identity is also highlighted.

Keywords: High-quality textbook, spiritual value, education, national culture, learning material, historical awareness.

ОӘК: 37.013

ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жанысбаева Маржан Омирбековна

бастауыш сынып мұғалімі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі

Аңдатпа. Мақалада оқу үдерісінің тиімділігін арттырудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің рөлі мен маңызы қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оқушылардың білім сапасын көтеруде, оқу мотивациясын қалыптастыруда және тұлғалық дамуында шешуші фактор болып табылады. Мақалада педагогтің пәндік, әдістемелік, коммуникативтік, ақпараттық және тұлғалық құзыреттерінің оқу үдерісіне әсері талданады. Сонымен қатар кәсіби құзыреттілікті дамыту жолдары мен тиімді педагогикалық амалдар сипатталады.

Түйін сөздер: Кәсіби құзыреттілік, мұғалім, оқу үдерісі, педагогикалық шеберлік, білім сапасы, әдістемелік құзырет.

Кіріспе. Білім беру мен ғылымның кадрлық әлеуетін қолдау және қайта жаңғырту білім беру сапасын арттырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Білім беруде болып жатқан өзгерістер мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту проблемасын, кәсіби өсу мен ұтқырлыққа қабілетті теориялық дайындық, практикалық шеберліктің жеткілікті деңгейі бар мұғалімдердің қажеттілігін өзекті етіп отыр.

